

**Ерғазы ЖАЗЫҚБАЕВ**

# **ҚАРҚАРАЛЫ – ЖЫР БАҒЫМ**

*(Өлеңдер мен поэма)*



**Ерғазы ЖАЗЫҚБАЕВ**

**ҚАРҚАРАЛЫ –  
ЖЫР  
БАҒЫМ**

*(Өлеңдер мен поэма)*

**Қарағанды , 2022**

**УДК 821.512.122-1**

**ББК 84 (5Каз)-5**

**Ж18**

**«Қарқаралы – жыр бағым».** Өлеңдер мен поэма.  
Қарағанды, «Tengri Ltd» баспасы, 2022 ж. 168 бет.

**ISBN 978-601-7652-48-7**

Мамандығы инженер-механик Ерғазы Жазықбаев жасынан қолынан қаламын тастамай, әлі күнге дейін олең жазумен айналысып келеді. Өлеңдері бірнеше рет жеке кітап болып басылып та шықты. Бұл кітапқа ақынның әр жылдары жазған, бірақ негізінен жарық көрмеген жырлары топтастырылды. Оған қоса өзінің жанына жақын, халқының көнілінен шығады-ау деген өлеңдерін косқанды жөн санауды.


Көпшілік оқырман қауымға арналған бұл кітаптың кейінгі ұрпаққа берер тағылымы мол.

**УДК 821.512.122-1**


**ББК 84 (5Каз)-5**

**ISBN 978-601-7652-48-7**

**С Жазықбаев Е.**



*Saracell*



Мұқабаның бірінші бетінде  
Қарқаралы тауындағы Әулиекөл көлі.  
Мұқабаның соңғы бетінде  
ақын жырға косқан Жамантас.

---

---

## АБАЙҒА ТАБЫНУ

*Абай бабамыздың 150 жылдық тойына  
арналган толғаныстар.*

Абай баба! Откенге кенде үрпакпын,  
Тағдырына казактың мен де ортақпын.  
Айтқаныңда артық жоқ... Сорақылық,  
Әлі де бар, жалғанға не кылмақпын.

Сен сырласқан мәніреу кәрі жартас,  
Қопарса да «атоммен», бір тіл қатпас.  
Іш мерезден сауы жоқ, қалың жұрттың,  
Ү – тозаңның дертіне дәру таппас.

Көбі данғой басшының шекпен киген,  
Жағымпаз көп бір енін ішке түйген.  
Өзді-өзімен жүргенде арыздасып,  
Жер байлығы былайғы «шетке» тиген.

Үлкен іске үлкенше кірісе алмай,  
Ойлы шара көрмедік құшке салмай.  
Шындық айтқан ардақтың алдын бөгеп,  
Күйе жағып күйдірдік тістесе алмай.

Тыраштанған бейбакта терен ой жоқ,  
Тер төгеді істерге керегі-ай жоқ.  
Өзі болған топастың рақымы аздау,  
Көздегені сорлының – дүние боқ...

Сол дәуірдің былайғын көрдің айқын,  
Тілінді алмай қинағы-ау, әттең халқын.

---

Кара сөзбен өлеңді бірдей баптап,  
Фибрат – тілек қалдырын зерделі алтын!

Бір ғасыр және елу жыл өткенмен де,  
Өсиетіңе түскен жоқ сызат мұлде.  
Дәүір өзі, о, тәубе, Нұрын төкті!  
Дербес елміз! Тұсінсе қазақ кенде!

Кара сөзің – пәлсапа, әмбе кие,  
Кара өлеңің – өсиет, әуенге ие.  
Қалай әлем, зерделі табынбасын,  
Адамзаттың зангары, әм, әулие??!

16.01.84 ж.

\*\*\*

Абай арман.

Абай қайғы.

Абай жыр,  
Саналыға азық болмақ талай жыл.  
Ұлгайған шақ, қайғы-уайым ойлантып,  
Ынтық болған жыр құмарым қанбай жүр.

Өсиет жыр оқимын да толғанам,  
Нұсқайды ол ашық, айшық жол маған.  
Ұлағат сөз қам көнілге демеу боп,  
Қысылшаң шақ ақылшым ғой қолдаған.

Санамызға сыналап ең саңылау,  
Көп тобырдың кейі «мылқау, саңырау»...  
Жетесіздер жетекке де жүрмейді,  
Ойы орталау, ісі шала – сан құрау.

Жаның күйген, ескермедік қайғыны,  
«Жаудан да үйрен» – деген сөз деп, жай мұны...  
Екшеп, өлшеп керегінді ал деп ең,  
Тосудамыз жауар деп «шелпек» қай күні?!

\*\*\*

Кәпір көздін\* үлкен болды араны,  
У боратып, шаңға көмді даланы.  
Үш ғасырдай бодан болдық, тіл қалды,  
Салт-дәстүрден жұрдай қылды баланы...

---

\*Абайдан

\*\*\*

Жеміт көздін – білегінде сойылы,  
Қан құмардың – соғыс екен ойыны.  
Жер-жаһанның тен жартысын алса да,  
Жоқ-ау тегі, қорқау жанның тойымы.

Ойып кірді ортамызға арағы,  
Жиын-тойдың ең құрметті тамағы.  
«Достық үшін», «Саулық үшін» – деп ішіп,  
Бүкіл халық пъяншік боп барады.

Бүгін елде «зәмзәм» сусыз ойын жок,  
Ол жок жерде думан да жоқ, тойым жок.  
Біз ішкенде астар болмай қалды орыс,  
«Ұлы халық» кемісітерлік ойым жок.

Бірінші «ұлық» солар болды әрдайым,  
Билеп-тәстеп, аңдып қақты таңдайын.  
Жер-суымды емін-еркін жайлады,  
Бодан күндер... Осы болды жағдайым.

Әулие Абай!  
Дербес елміз, бел шештік,  
Халық аң-таң, болды алғашта сенбестік.  
Егемен ел болу үшін тәубалап,

---

Сен тұғаннан бір жұз елу жыл кештік!!!  
07.02.94 ж.

\*\*\*

Абайым!

Өтті жылдар кіжінүмен,  
Сарыарқа айырылды інжуінен.  
Жайлауды ата қоныс – полигон ғып,  
Болды ғой бұл да ездік – жұнжуімнен...

Кожасы бодан елдің Мәскеу болды,  
Құба жон, сары жайлауға әскер толды.  
Атомның заһар күшін сынамакка,  
Жинады ойлы басты, іскер қолды.

Бәсеке күшке сенген – кісі керен,  
Тойымсыз, құзғын-қырғи ісі де ерен...  
Көрер көз саналы ойға айшық салған,  
Ғәріп жан Кәріпбектің тісі дер ем!!!

Дәуірдің атты арайлы Қыдыр таңы,  
Қүйреді «империя», ыдырады.  
Әлі ан-тан, бодандыктан босанған ел,  
Қырсықсыз ірігендей қымыраны.

Бостанға басын тіккен талай Барыс,  
Ерлерді жүрегі отты қайрап намыс.  
Атты таң азаттықтың «Желтоқсан» боп,  
Құрбандық « жетім тоқты» – Қайрат арыс!!!

\*\*\*

Егемен дүрлігіп жұрт «аттандаган»,  
Секілді бок дүние жаттан қалған.  
Ұмытып тілімізді, ділімізді,  
«Күн көсем» тезистерін жаттап алған...

Тірелді «овм» жолы тығырыққа,  
 Жұмылдық, «ожарық» деген жұдырыққа.  
 «Құмбезді» зермен салған ойран қылышп,  
 Жатырмыз, болмайды оны ұғынып та.

Дағдарыс, жалпы жалтаң он мен солға,  
 Тезге сан түсеміз деп қайсы жолға?  
 Басшы жоқ өрісі кең, іске шебер,  
 Сөйлесе, ағын судай ылғи жорға.

Мойымас, тоң мойындау қайран елің,  
 Намыс қып өзің талай қайрап едің.  
 Бүгінде сақал-мұртты сәндеп қойып,  
 Іліммен қол созу да Айға керім!!!

Межесіз, делдал халық бостан алған,  
 Өндіріс құлдырауда босқа қалған.  
 Жағдайы ауылдың да мәз болмай тұр,  
 Адасып жүргендейміз, жолда жалған.

Айшықты мақсаты жоқ жан адасқақ,  
 Басы жоқ – істің шала, аяғы ақсақ...  
 Қорқамын, өзге олжалап кете ме деп,  
 Қам қылмай, кібіртіктеп аялдастық?!!

1994 ж.

\*\*\*

Абайым, тында сырымды,  
 Көп сөз бар іште тығынды.  
 Өрледік өрге – өзге бол,  
 Көргендей емес бұрынғы.

Болған ел бодан зорменен,  
 Зомбылық бар ма көрмеген?  
 Үш ғасыр тосқан төбесін,

---

Көмбіс-ау қазақ – өлмеген.

Табынған – атым, шақты күн,  
Ел мен жер азат, мықтымын.  
Қыл бұрау мәңгі шешілді,  
Дербестікті – ұлы! Ұқты кім?!

Тоқырап еңбек, жоқ жұмыс,  
Ақылшы батыс, күн шығыс.  
Қиналды халық дағдарыс,  
Біліп те болмас ит жығыс...

Жеңілге жайып желкенін,  
Ойға алмас ешкім ертеңін.  
«Алыпсатар» боп алды,  
Сонғы ілек, жастар – ертеңім!

«Көш жүре – дейді, – тузелер»,  
Тірілген қазақ, жұз өлер...  
Керуен басы кім болды,  
Абылай бар ма – біз ерер!!!

02.03.1994 ж.

## ӨСІРЕР ӨСИЕТ

### 1. Бес дұшпан

Бірінші, дұшпан – өсекті,  
Қылмысы ауыр, кесекті.  
Жай адам түгіл бұл кесел,  
Арам тер қылар «есекті».

Екінші, жауың – өтірік,  
Суайтың келер өте ірік.  
Өтірікшілер құтырса,

---

Қапияда кетер өлтіріп.

Үшінші, сүйер мактанды,  
Айтатын сөзі жаттанды.  
Асыра сілтеп данғойың,  
Салады кику, аттанды.

Төртінші, келер – еріншек,  
«Үй болмас салақ келіншек».  
Ер адам болса ісі өнбес,  
Оңбас жан кесір, жеріншек.

Бесінші, бекер мал шашпак,  
Өзінше толып, тыраштап.  
Орынды болса, оқа емес,  
Дастархан жаю құлаштап!

\*\*\*

Бес қылық ұқсан дұшпаның,  
Ақылға салсан, хош жаның.  
Қылықтан қырсыз қашсаныз,  
Жақсылық болар құшқаның!!!

## 2. Бес асыл

Бірінші асыл – талапты,  
Ғылымға жайсан қанатты.  
Заңғарға биік көтерер,  
Кигізер ішік жанатты.

Екінші асыл – ер еңбек,  
Тер тәксен нәрін ел ембек.  
Қаншама қын болса да,  
Кім қайсар болса, сол жеңбек.

Үшінші асыл – өрелі ой,  
 Маржаны ойдың терең ғой.  
 Сарыла ізде, аптықпа,  
 Әліптең арты – ерен той!

Келесі асыл – қанағат,  
 Білгені жөн ғой жамағат.  
 Құлқының тыссын қомағай,  
 Ермесін десе жаманат.

Жаксының аты, рахым-ды,  
 Игі іске жұмса ақылды.  
 Сыйлас бол көппен, бол дархан,  
 Жатсынба алыс-жақынды!!!

\*\*\*

Кеменгер айтқан басты ғып,  
 Көсем сөз эсте баршылық.  
 Қалғаны кейін боп жатар,  
 Бесеуін осы алшы ұғып!!!  
 02.08.1994 ж.

### **ТЫЛСЫМ СЫР... *(Абайша)***

Көзімнің шырағы-ай,  
 Көңілімнің пырағы-ай,  
 Ақ сезім ұясы,  
 Жүректе тұрағы-ай.

Бұлактай мөлдірсің,  
 Күн туған таң нұрсың.  
 Сен жібек – үкілі,  
 Үлпілдек қауырсың!

Лебізің самалдай,  
Өбеді аймалай.  
Тұла бой елітіп,  
Ой-ессіз қалғандай.

Шын сезім – тірі айғақ,  
Әр сезі тіл байлап,  
Жеткізе алмай тұр,  
Қысылып, абылап.

Гүл дәурен, бал анық,  
Шырайлы шалалық.  
Ғашықтар өткен жол,  
Махаббат – балалық!!!

## ҚАРҚАРАЛЫ

Көрер көз көркіне тоймаған,  
Кім саған сұлулық сыйлаған?  
Көнілім ынтыға құмартып,  
Қоштасып кетуге қимаған.

Кек сенгір мұнартқан жақұт шын,  
Бояуын көктемнің жағыпсын.  
Қайыннан, шыршадан ырғалған,  
Шолпынды, сырғанды тағыпсын.

Ғажайып тас мүсін қарасан,  
Жасалмас қолыннан қаласан.  
Шыннан шын, өрмелеп қарағай,  
Барады жарысып таласа.

«Шайтанкөл», «Жүреккөл» – көре кет,  
Аршасы тасжарған керемет.

Тұнған гүл үлбіреп баурайың,  
Төсөлген өрнекті текемет...

Жас шынар аңсатқан талайды,  
Сыланып биқтен қарайды.  
Айнадай «Самалкөл» мөлдіреп,  
Нәр берер шыршаға шырайлы.

Қарағай шаншылған тастарға,  
Жебе ме, ататын аспанға?  
Уыстап көктемнің гүл түсін,  
Бойына маңайға шашқан ба?

Елгезек балбұлақ сырнайлы,  
Тау мұнын аңыз ғып жырлайды.  
Тал-қайың билейді бұралып,  
Заңғар күз міз бақпай тыңдайды.

Жыр алқап, мол қызық жинаған,  
Ризамын табиғат мың саған.  
Ынтықкан көңілім құмартып,  
Қоштасып кетүтеге қимаған...

1961 ж.

## БІР БЕЙНЕ

Наурыз – көктем гүлдеп жатқан кез еді,  
Қиял-ойым шарықтайды, кезеді,  
Көңіл неге өрекпиді, қобалжып,  
Алғыр жүрек әлде нені сезеді...

Қайда кетті, жүрген шагым, бұлалық,  
Жүрекке – от, сезім жакты, бұл – анық.  
Ойды ойрандал, бойды билеп, бір бейне,

Еркімді алып, салды жанға бұғалық.

Кетпей көркем, көз алдынан бір бейне,  
Махаббат – сын, екі жасқа бірдей ме?  
Онда неге өзім жалғыз курсінем,  
Қызы жүргегі ғашық дертті білмей ме?!

### **АЛҒАШҚЫ «ДАМСКИЙ ВАЛЬС»**

...Қызы келіп шақырды – сәт түсті,  
Билеме «Дамский вальсті»,  
Бозбала елітіп әуенге,  
Іштегі сезіммен алысты.

Алғашкы ырғакты би еді,  
Жан ыссы, мап-майдада білегі.  
Алакан арқада, төмендеу,  
Осы ма жас жүрек тілегі...

Думанды сауық кеш, саз-ғайып,  
Еске алсан, қалғандай сарғайып.  
Нұр күшкән, балдәурен шақтар ғой,  
Жас өркен, әм, көркем, ғажайып!!!

1959-1960 жж.  
Қарағанды қ.

### **ДАЛА ЖАНБЫРЫ**

Жанбырлы күннің ғажабы-ай,  
Жан-жағың жарқыл наизағай.  
Атылып жатқан аспаннан,  
Қып-қызыл отты наизадай.

---

Төгіліп кетті ақ моншак,  
Шөліркеп дала жатқан шақ.  
Тұрленіп сұлу табиғат,  
Шоршиды суда ақ шабақ...

Жапырақ жауып күміс шық,  
Басыла қалды күн ыстық.  
Жерге жұпар құйғандай,  
Алақан жайды қымыздық...

1961 ж.

## БОРАН

Ұнатам даланың боранын,  
Демеймін демінен тоңамын.  
Қанша күш көрсетсөң қаһарлы,  
Қасарып қайсарлы боламын...

Ақ боран, дүлейлі әр ісің,  
Жас жанға арпалыс – бәрі сын.  
Ем тауып самарқау сабазға,  
Бересің сергектік дәрісін...

1961 ж.

\*\*\*

...Балауса қыз, жібек еді.  
Лұпілдеген жүрек еді.  
Сезім тілсіз, мөлдір нәзік,  
Жегідей жеп, жүдеп еді...

...Алғашқы сын – махаббат,  
Нағаз-тылсым, машахат.  
Іштегі өрт, сырлы дерт,

Жыр жазады – мархабат!!!  
–Балалық бал – махаббат!

1962 ж. Алматы.

ӘКЕМЕ

Ардакты әке, арман маған тірліктері қадірін,  
Аралатқан туған жердің таулы өлкесін, адырын.

Асқар тауым, бір төмпешік жер болыпсын үйіліп,  
Мен жылаймын, жылайды ана, қимай іші күйініп.

Қуанышы мол тірліктің қайғысы да «қонды» екен, Кім айтады, жарық дүние неге қысқа болды екен?

Сен өлгемен жалғасың - жалғыз кіндік үл қалды,  
Ұмытпас ол дала іспеттес парасатты тұлғанды,

Өзің еккен тал шыбықтар көкке самғап ыргалды,  
Жан жүректен қайнап шығып, тебірентер жыр  
калды,

Сенен калған әдег-ғұрып, ел дәстүрін қастерлеп,  
Өтү үшін жүргенім жоқ аз қиналып, аз терлең.

Ғұмыр бойы тірнектелген даналық пен салтанат,  
Кейбіреуге болып алды сайқы мазақ, сәнді ермек.

Талап ойлап мың толғанам ұшталсын деп қаламым  
Колда аруақ. Мүсіркеме шаршайсың деп қарағым?

Қайран әке, жолаушымын, өзің салған жолдамын,  
Шындық шынар, сенім серік, әділет, ар-ожданым.

Төбіренсем ауыздықтап мінем дүлдүл күй-атты,  
Кия шауып, жортсам деймін кетілдірмей тұяқты.

Сұлу жыр мен күмбір күйді қолтығына алды ұлын,  
Елге атантып атынды әке, ту көтерем – ант мұным!

1964 ж.

## БАҚЫТЫ БОЛМА БАСҚАНЫҢ

Жағасы ма еді бұлактын,  
Саясы ма еді гүл-бақтын?  
Ләzzаты сондай тәтті еді-ау,  
Кетпеген естен сол шақтын.

Жұлдызы көп пе сол түннің?  
Өрнегі түрлі толқынның.  
Шомылған сұға әсем үн,  
Сыңғыры сәнді күлкіңнің.

Бал ма еді тілден татқаным?  
Әйтеуір менің шат жаным.  
Сырластық ыстық жарасып,  
Сезбедім таңың әтқанын...

Көгілдір ме еді-ау аспаным?  
Таппай жүр тағат жас жаным,  
Өзіңнен асқан сұлу жоқ,  
Бақыты болма басқаның?

1964 ж.

## ТОБЫЛДЫҢ БОЙЫНДА

*Олжас Сулейменовтөн аударылды*

Кездесіп бойында Тобылдың,  
Көп жүрдік тоғайда, сейілде.  
Ақ жанмын, кірі жок көңілдің,  
Тобылдай құйылған Есілге.

Ренжітпен ұқасты бір саған,  
Қайынды тербетем жырменен.  
Көргенде өзінді әр қашан,  
Ақ пейіл жан болмас бір менен.

Ағаштан ұшады сел бейне,  
Төгіліп жапырақ қара қан.  
Ұмытпа, бакытты біздерге,  
Сығалап етікші қараған.

Жас па еken секірген балаша,  
Кәрі ме көп жасап, ел көрген.  
Болған жок кедергі, тамаша!  
Біздерге бақытқа кенелген.

Ол кетті, әндептіп қыр асып,  
Әуендей жақыннан ұзаған.  
Кетті ме өзенге, балыққа,  
Бақылап, салмаққа көз оған.

Тоғайда тыныштық шақ қандай,  
Шөп үсті сәулемен нұрланды.  
Қолыннан даңғыл жол тапқандай,  
Өтті де құмырсқа жоғалды.

Барлық құс шертеді әз әнін,  
Ар жақта, Тобылда жырлаған.

Сен жокта білмеймін не болад,  
Сенімен жақсы ғой бір маган.

Табиғат құпиясын бакылау,  
Осы ғой, мол бақыт елесек.  
Тып-тыныш айнала, біз ғана,  
Фажайып, тұған жер келешек.

Сағыныш, ренішпен нұр толған,  
Көздерінде кимастық мол тұнған.  
Сүй мені сүйіктім әр қашан,  
Соңғы рет көрісіп бір тұрған!!!

1964 ж.

(АШИИ студенттерінің кездесуінде оқылды).

### БАЛАЛЫҚ

Орынсыз жылап кейісе,  
Жұмсаса бармай, ерінсе.  
Асыр сап ойнап күн ұзак,  
Шыбыққа мініп тебінсе —  
Оның аты балалық.

Қызығып бәрін ұмытса,  
Ертегіне құныкса,  
Айтқанына мәз болып,  
Еркелетсе, жымиса —  
Оның аты балалық.

Сұрай берсе төзіп бак,  
Дамыл таптай тіл мен жак.  
Тақпак айтып тақылдап,  
Жаңылмаса сөзі ұнап,  
Ол – өлеңге құштарлық!

## КЕЙ АРУҒА

Боянасын ерте-кеш,  
 Оянасың елден кеш,  
 Көрінесің жерден көш.  
 Артына ерген керуен,  
 Алдында да жүрген көш.  
 Бұлқілдейді – түрлі өнеш,  
 Алайын деп пе едің – ау,  
 Болмай қалған түрден өш?!  
 ...Бояуда емес құдырет,  
 Қарапайым енбекте.  
 Сүйкімді ару сурет,  
 Айнаға қарап тер төкпе!

\*\*\*

Мыңсаққа адам жүгіртіп бір Құдайды,  
 Ойды аздырып, жүректі бүрғылайды.

1967 ж.

## ҚИЫН СӘТ...

...Қөнілдін мөп-мөлдір, ак ары,  
 Көз отты, ұшқынды жанары.  
 Қимас жан, қылықты, өзгеше,  
 Бауратып, жетелеп барады...

Жүректің тынымсыз лұпілі,  
 Тұла бой, тамырдың бұлқілі.  
 Байланып, қызыл тіл құрмеліп,  
 Сал жігіт мылқау ма, бір түрлі.

Ғашық жан көп күткен сәт сағат,  
 Бой балқып, таппайтын дәт-тағат.  
 Тағы да бере алмай қалды ғой,

—  
Қолында жазылған ғашық хат!

Мұндайда қолдайтын дос қайда,  
Табар ма әзілмен бір айла?  
Келер жол сен жалғыз келмегей –  
Досқа да көп сенбе, абайла!

1967 ж.

**ОҚЫРМАН КӨПТІҢ ТІЛЕГІ**  
*(Қапан Сатыбалдин – 50 жаста)*

Ол мүшел ғана жаста еді.  
Тар заман, қын басқа еді.  
Тігерге тұяқ қалдырмай,  
Билікке ойсыз бас келді...

Бар малды жый деп ақырды.  
Сұмырай аштық «кан» кірді.  
Аш-арық көпке ілесіп,  
Кой-күртпен асты сан қырды...

Даланы жансыз кеулеген,  
Шықпаған жан бар кеудеден.  
Көмірлі кеніш жетсек деп,  
Өлмес күн көру әудемнен...

Көмірлі қала өндірісі,  
Асхана маңы ең дұрысы.  
Аш жанға ақыл жүре ме,  
Несібе, қалдық – тиесі...

Жас шаһар жаңа кеңестік,  
Ашқарақтарға өлместік.  
Айтуға қын қас-қорлық,  
Көз көрмей жағдай сенбестік.

Жас қала, жасқа оқу дөп,  
 Техника тілін тоқу деп.  
 Іздеді – тапты шәкірт ол,  
 Десе де бойда толқу көп.

Қосқоңыр жайлау бектерлі,  
 Балауса күндер өткенді.  
 Үкілісай көркем тұған жер,  
 Толтырған жырга дәптерді.

Ашылып шайыр ағыны,  
 Кеудені керді арыны.  
 Алматы – мұза, жыр орда,  
 Аңсатты тума дарыны.

Он жеті жас от-жалын ғой,  
 Оқуға тұсу мақұл ой...  
 Астана – тартып жеткізді,  
 Сенімді бекем, ақын ғой...

Білімге ындын ұстаздық,  
 Ілімді болу сырбаздық.  
 Сәтімен түсті шәкірт нақ,  
 Жүректі жырлы сыр сандық!

Баспамен дуркін табысты,  
 Шок жұлдыздармен танысты.  
 Алатау мұзарт шалқытты,  
 Сарыарқалық дауысты.

Одаққа кіріп бас ұлық,  
 Ақындарға жас қосылып.  
 Бір беткей ақық қайсар жан,  
 Өлең-жыр жазды жосылып.

Алаулап жалын таң нұрмен,  
Толғады ойды жан сырмен.  
Жиырма бір жаста тілмаш боп,  
Мәскеуге барды Жамбылмен.

Көтеріп белге жыр көшін,  
Қалады драма іргесін.  
Келенсіз жайды мысқылдап,  
«Тураби» болды ерге сын.

Дидарлы кино асқар-ды,  
Ұйымдық істі басқарды.  
Мәскеуден алып дәрісті, –  
Оқытты алғыр жастарды.

Менгеріп әлем сан тілді,  
Аударма көркем түрленді.  
Нар қазақ елін дәріптеп  
Абайды әлем білді енді...

Өз елім деді өзегім,  
Болса егер сында кезегім.  
Арымнан жаным – садаға,  
Аламын жұлып өзегін!

Төтенше хабар таң-оқыс,  
Фашистер ашты нақ-соғыс.  
Бейбіт күн қалды адыра –  
«Майданға аттан» – шұғыл іс.

Отанды қорғай – аманат,  
Намысты ерге ардак ат.  
Ажалсыз ғайып, Алладан,  
Өзінде алды жаракат...

Госпиталь тәң «көр-інмен»,  
Ішінде күрес өмірмен.  
Оташи аман қалды алып,  
Ақынды төнген елімнен.

Қайтты елге ақын жаралы,  
Көз көрген шындық тарады –  
Ерлігі батыр Мәліктің,  
Жазылды жырмен саралы.

Қазақтың қызы – Әлия,  
Әлемге болды жария.  
Жазылды асқақ поэма,  
Оқыды жас пен қария...

Соғыс та бітті қан жұтқан,  
Қарғысын алып сан-жұрттан.  
Киылды қыршын қашама ер,  
Ата-ана қалды зар жұтқан!

Майданда сардар атанды,  
Бейбіт күн занғар мақамды.  
Қоғамдық істе басшы жан,  
Жазушы, ақын – Қапан-ды!

\*\*\*

Елу жас – жас па ақынға!  
Әдеби газет\* тақымда,  
Оқырман көптің тілегі –  
Әлі де бір елу алқымда!

1967 ж.  
Бесоба ауылы.

\*«Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы

## МЕДЕУ САЙЫНДА

Шыршалар биік шыңды қиялаған,  
Көркіне табиғаттың тоя ма адам.  
Кілемдей гүлдер жинап адамзатта,  
Еш шебер келістіріп қоя алмаған.

Екпіндеп өрден құлап, төмен қашқан,  
Тау өзені – асай тұлпар көбік шашқан.  
Сый қылышп құдіретті зор дауысты,  
Мұны кім аласұртып төгіп-шашқан.

Шыңдардың қарлы басын бұлт ораған,  
Таңданып, тамсанып мың жүрт қараған.  
Көркіне табиғаттың мейірленіп,  
Жыр жазбай кете ме ақын бұл арадан.

1967 ж.

## СЕН НЕГЕ ЖЫМИЯСЫН

Көзімнің қарағанда қыығымен,  
Еріксіз сәл назданып жымышп ең.  
Кірпікке кірпігінен ұшқын түсіп,  
Жүректі жұлқындырып жыр құйып ең.

Сол сәттен бастадым ән ғашық жайлы,  
Өзіңе айта алмадым ашып жайды.  
Көзімді жұмсам болды-жымиясын,  
Бұл маған жанын неге ашымайды?..

Сен ылғи кездескенде қыласын,  
Бұзардай жүрек тулар жылы ұясын.  
Көкірек сезім толған кілкілдейді,  
Көкейдің сыртқа теуіп құпиясын...

Жолыңа қарауға мен ерінбейін,  
 Келмейді жабысқым да желімдейін.  
 Көзіннің ілінбесем қызына,  
 Қайтейін, армандамын, кейімеймін...

Жүргегім – сезім толған, қымбат маған,  
 Ешкімге сенен басқа тіл қатпаған.  
 Жетпесе тілі – тілсіз... не бір қайран...  
 Сырымды жырыма айтып тағат табам.

1967 ж.

## ЖАМАНТАС

Жамантас – нақ зеренді, мұсінді тау,  
 Жайқалған бақшалы сай, жемісті бау.  
 Арала, жіті қара жан-жағына,  
 Шыңына өрмелеп шық, күшінді сай.

Бейнелі, тастың бірі – аю, бірі – арыстан,  
 Дүрбі сап, суреттерді көр алыстан.  
 Сұнкар кия, ұясында бүркіт отыр,  
 Үрпағын өсіруге баулып басқан.

Тәу еткен – Әулие тас жанға толған, .  
 Жан сауға, адасқанға пана болған.  
 Өлкесі сарымсақты, жуалы жон,  
 Айнала, қаланған тас, жаппай қорған.

Үш қазан – табиғаттың туындысы,  
 Қайнарлы бұлак құйған, нұрлы ыдысы.  
 Келген жан шөлін басқан саумал сусын,  
 Кең пейіл, қонақ жай тау құтты ырысы!

Тастандың көркем бейне жаманы жок,  
Қынжылам ыңғайсыз ат, амалым жок.  
Көрер көз құты болған сұлу тауға,  
Тағы кел, қызықтауға айналып соқ?!

Тастаның көмкерілген аршаменен,  
Әсем боп жаратылдың мұнша неден?!

Құздардың сүйк түсі үрейді алса,  
Самал боп көкірек кере ұшады өлең!

05.08.1967ж

### ҚАСЫМНЫҢ АРМАНЫ...

*Туган ел, бұл дүниеде сен болмасаң,  
Озімді отқа атар ем әлдеқаашан.*

*Касым.*

Барады іште кетіп арман ағым  
Бар күнәм, акын туып бармағаным,  
Сағыныш – қайда жүрсем көкіректе,  
Ұшқан ұя, туган жерім – Қаркаралым!

Мен тудым арқа белі пейішінде,  
Кент тауы, Егіз Қызыл кенішінде.  
Зобалаң ашаршылық тентіретті,  
Болмадым алтын бесік ел ішінде.

Жетімдік, аяқ үсіп, бет домбыға,  
Семейдің әзер жеттік детдомына.  
Арғысы көппен көрген ұлы той боп,  
Түзелді оқу оқып бет те онына....

Ұшырдым алғашқы жыр қарлығашын,  
Сезімді оятты ару карындасым.  
Жалыным Ертіс бойлап алаулады,  
Домалап өрге қарай арман тасым.

Коштасып Ахай – Семей, Орал жеттім  
 Жайықтың жағасын бақ жайлай еттім.  
 Бұлбұл құс қонған сайрап сал кеудеме,  
 Алдынан жарылқады албырт беттің.

Шаған-жай құшақ жайып шалқалатты  
 Махабbat ғашық тілді калқалатты,  
 Жас көніл шаңқай түсте соғыс өрттен,  
 Аспанда күн күркіреп, шаңға батты...

Еуропа – қанды аузы, фашист безбен,  
 Бұзды оқыс шекараны таңғы сызбен.  
 Ойрандал, бейбіт елді дүние жауыз..  
 Қанды көз, хайуан арсыз боғын езген....

Корқау жау, қарулы өктем, ойсыра атты,  
 Дүлей күш камсыз елді кансыратты  
 Майданға мен де аттаным Оралдатып,  
 Елемей бойымдағы жан сырқатты.

Соғыста өлім деген тажал босқан,  
 Адамды жауды аяған ажал тосқан.  
 Қанға – қан, жанға – жан боп арпалыста,  
 Кимайтын айырылдым жан-жолдастан.

Бетпе-бет қарсыласта қайсар намыс,  
 Қыршын жас жер жастанды талай арыс.  
 Абдолла, Төлеген мен Нұркен батыр,  
 Жас қыран әрбір сардар – арлан, барыс.

Ер түрік, Fұн бабасы – Томиристін,  
 Күн мен от Құдіреті Тәнірі істің.  
 Әлия мен Мәншүк қыздың ерліктері,  
 Жалғасы символындай әмір қүштің!

Қан жылап, қыршын жастың өліктерін,  
Тірі жан шыққыр көзбен көніп-көрдім.  
Соғыста талай қимас достарымды,  
Еуропа орманына көміп келдім.

Өлтегмен қоса өлмек жок бұған белін,  
Дүниеде сен болған сон туған елім.  
Оралдым «дариғай-лап» Алматыға,  
Ғажайып көтермекке мұза әлемін.

Құлышына ендім поэзия әлеміне,  
Карамай күйкі тірлік әреніне.  
Қамы үшін отбасының көндім тағы,  
Қалалық шенеуніктің әлегіне...

Он жылда отбасылық пәтер алмай,  
Жыр жаздым қажысам да бекер талмай.  
Көж жөтел көкіректі қатты қысты-ау,  
Саулығым майдан кешкен көтере алмай.

Мендерген іштегі дерт қояр емес,  
Арқалы ақын жүрек салар егес.  
Тұған жер Қарқаралым бармақшымын,  
Жеткізсе қайқаңы көп арман белес.

Жыр дәурен атағына астананың,  
Зарын ғып он жыл жүрдім баспананың.  
Арқаға шақырғанда кетіп қалмай,  
Ақын жан ісін қылдым жас баланың.

Жол сапар ізгі арманым Қарқаралы,  
Күткендей мені ауылдың қалқалары.  
Періштеге Қырық қыздың қарымы бар,  
Көз тоймас сұлу жер ғой Арқа алабы.

Мен бір жан қас сұлуға басын иген,  
Сомдалған сұлу жерде Қасым бейнем.  
Жыр буса құзар шыңға бұлт үйіріп,  
Сағыныш несерлетіп тасын сүйген.

Ансаумен күн асырам мұңлы толқып,  
Саулықта болмай тұр-ау, онды сол ғып.  
Сағынам тұған жерім, елім – керім,  
Риза бол ашық жазған жырымды оқып.

Көш басшы, Орта жүзде Арғын дана,  
Құт мекен Сары арқа Ұлы дала.  
Қас батыр, жауды шапқан Сенкібайы,  
Қарқабат – ұран болған Асыл ана!!!

Ұрпақтын шыққан сойым – Қаракесек,  
Жайлаган Арқа белін, дара десек.  
Қақ жарған қара қылды алмас шешен,  
Қаздауысты Қазыбек би –дана кесек!

Сағыныш сияр ма екен шақ-хатыма,  
Балаймын Әжелерді бак-құтыма.  
Карттарым шежірелі сәлемімді ал,  
Мен сенем – келер үрпак бақытына!

Тас тағдыр, жазымышым осы ма екен,  
Дауылпаз – жыр селдеттім, жостым бекем.  
Тұған ел жер жаннаты – Қарқаралы,  
Ғұмырлы ән мен жырға косып өтем!!!

Қош айттым, Кент тоғайлы, Қызыл кеніш,  
Қасым сал ән мен думан, қызыққа ергіш.  
Арқаның алтын тәжі Қарқаралы,  
Жасасын өсер үрпак, ұзақ тегіс!

1966-1967 жж. Алматы.

## ҚАҒАЗДЫ ЖЫРТТЫМ...

Қағазды талай өртедім,  
Ойға алып жырдың ертеңін.  
Домбыра тартып, ой екшеп,  
Жүректің қылын шертемін.

Құлағын сырдың бұраймын,  
Әр жолын жырдың құраймын.  
Үргағы келсе дауысқа,  
Көрсетем күшті бір айбын!

Жазамын, қайта сыйзамын,  
Сөз таппай кисын, бұзамын.  
Істен де біткен мін тауып,  
Өзіме – өзім ызамын.

Шалықтап кетіп, ұзадым,  
Қайтамын кері – жұз адым.  
Орманын ойдың ұнғылап,  
Аралап сөзді бұзамын.

Жасаймын шабуыл тың күшпен,  
Оянып алып таңғы үштен.  
Жазамын, сыйып түзетем,  
Киын-ақ екен жыр пішken.

Қалаймын бір-бір кірпіштен,  
Шықпайды үйқас – кірпі іштен.  
Іздеген сөздің сарасын,  
Ақындар ғашық – у ішкен!!!

1966-1967 жж.

---

## ШАЛҒАЙДА ЖҮРІП...

Шалғайда жүріп, жоқтадым,  
Беймәлім сенің жоқ-барың.  
Балауса шақтан сөнбейді,  
Жүрекке түсken шоктарың.

Жүректе қалған шоқтарың,  
Ұлғайтын лаулап оттарын.  
Бір дұғай сәлем жазбадың,  
Қайырсыз, әлде, жоқ бағым...

Ойларым түнек қамалым,  
Таусылды тағат амалым.  
Махабbat ғажап, тұңғиық,  
Қолымда жырлы қаламым.

Жазайын сырды айшықтап,  
Тұнерген іштен, ай шықпак.  
Қағазға аппақ жазбасам,  
Өртеніп бойдан жан шықпак.

Махабbat, сезім – тылсым күш,  
Көрер көз, жүрек – нұрын күш.  
Адамға тән тек қуат құнарлы,  
Жария етер – жырлы күс!!!

1967ж.

## ҚОЙ ҚАЙЫРҒАН КҮН (1947)

Астымдағы мінгенім құла құнан,  
Сәл ғана асып көрінем құлағынан.  
Қой қайыр деп жұмсады апам мені,

Алтайбайдың ақ қайнар бұлағынан.

Көкке тірек Сұнқар қия найза басы,  
Құлқараның тас мұсін айналасы.  
Ақбулақтың суы мөлдір, салқын балдай,  
Бұлдіргенді көк майса, сай-саласы.

Өз әлімше әндептіп, болмай алаң,  
Өріске кеп қалыптың қойға таман.  
Әр қойды бір жүлқылап Майлыаяқ жүр,  
Ешбір секем алғам жоқ ойға жаман.

«Кет, Майлы аяқ! Кет, кет!» деп айғайладым,  
Ол да қойды босатты, таяп қалдым.  
Көзіне көзім түсіп арбасқанда,  
Қасқыр деген үрей кеп, аялдадым.

Бұл алғашқы бетпе-бет дауыс шықпай,  
Тұрып қалды құнан да алға баспай.  
Қолымдағы қамшымды сілтеп едім,  
Айбат шегіп сіресті жауыз саспай.

Аттың басын бүрдым да, кері шаптым,  
Терезені қамшылап ұрып-қақтым.  
Қолмен ымдаған ағайға көрсетемін,  
Қой жайылған өрісін бұлақ жақтын.

Алты жаста өрістен қой қайырған,  
Балғын шакты жыр шықты ойға алдырған.  
Сол күнгі үрей жадымда қалды мәнгі,  
Ауыл иттен – қасқырды зорға айырған!

1967 ж.

## КЕҢ ДАЛАДАЙ КЕҢ ПЕЙІЛ

Пай, қазактың даласындағы үйі кең,  
Жомарттыққа ақ пейілді сүйінем.  
Бауырсақтар шашылады шашудай,  
Қарсы алады сүйкімді ән-күйімен.

Күндіз-тұні жиылмайды дастарқан,  
Төріме шық, думан жаңа басталған.  
Бар дәм-тұзын үйіп-төгіп алдыңа,  
Сыр шертеді көңіл аулап жас дарқан.

Кең даладан, кең пейілді жаралған,  
Күн шугы көңіліндей тараған.  
О, қазактың Сарыарқасы, сары жайлау,  
Сая тауып, жас жүрегім нәр алған.

1967 ж.

## МАЗАСЫЗ СӘТ

Жыр дауыл болып соқса бір,  
Жаныма менің жок сабыр,  
Жаямын қолды асығыс,  
Атылып оймен оқша бір.

Төккенше қалмас сабырым,  
Көк нөсер жырдың жаңбырын.  
Домбыра-жүрек сыр шертіп,  
Дауылпаз қағар дабылын.

1967 ж.

## **КЕЙДЕ БІР КЕЙІП, ОЙҒА АЛЫП...**

Күтудің ауыр азабы,  
Емес пе қыздың мазағы,-  
Дейсін де кейде, тұрасың,  
Тоссан тос, қырдың қазагы.

Күтудің көп-ау азабы,  
Дүдемәл ой ап мазаны.  
Тықырға әрбір елендеп,  
Сал-сылкым алар жазаны.

Уәдесі берген бекер ме,  
Деп ойға алар кетерде.  
Көңілдің кошын қол жалғап,  
Откенді естен кетірме.

Беймезгіл тұрган ұрыдай,  
Шытынап шыдам құрыды-ай.  
Тағатсыз жанды осылай,  
Махабbat оты куырды-ай.

Десе де төзім шыныққан,  
Біледі жайды шын ұққан.  
Сәтіне келіп, құшакпен,  
Іштегі ауыр – ой бұққан!!!

1968ж.

## **АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ**

Алғашқы қадам, шат қадам,  
Мектепке сәби аттаған.  
Сол жаққа кетіп барады,  
Анасы ұлын мактаған...

---

Біркелкі әсем киінген,  
Көрер көз, көніл сүйінген.  
Бал тілді бала әдемі,  
Шыққандай менің үйімнен.

Құшақта гұлі даланың...  
«Барлығын таста алаңың»,—  
Ілімнің жолы, шамшырак  
Тілеуі нұр, Ата-апаңың!  
1968 ж.

### ҚОС ШОҚЫ

Қос шоқы түйенің қос өркешіндей,  
Сұлудың көзі тоймас өр төсіндей.  
Гажайып екі тәбе көзді тартқан,  
Жерімнің егіз туған еркесіндей.

Манғаздық құпия бар жатысында,  
Ұқсайды сүйір басы заты шыңға,  
Түйеге мінген қыздай күн тұрады,  
Кия алмай қос шоқының батысында.

Қос шоқы қос армандай көрінесің,  
Жерімнің жайлы қоныс төріндесің.  
Басқаға шоқы болып көрінгенмен,  
Мен үшін асқар тау боп керілесің.  
1968 ж.

### АРҚА БЕЛІ – АЛТЫН БЕЛДІК

Қарқаралы, Ақсораң шың – әулие,  
Нұлы тогай, өзен-көлі әм кие.

Кең пейілді жомарт жұртқа ен жайлау,  
Ата-баба, текті-сойлы, елі ие.

Наршөккен, Сұңқарқия, Кент – құз биік,  
Қайын, терек, қарағайдан тәж киіп.  
Сай-саласы жеміс-жидек, көк майса,  
Ерке өскен арқар, елік, жез киік.

Баянауыл, Далба тауы, Балқантау,  
Семізбұғы, Ботақара – бақша-бау.  
Бектауата, Қоныртебе, Ақсары,  
Ордалы орда, хан тәжі төр – Ұлытау.

Ұлы дала Сарыарқа – бай жазық,  
Құтты қоныс, өлеңті жер малға азық.  
Қойнауы кең, түрлі-түсті қазына,  
Бабалардың аманаты, бақ-ырзық.

Аманат жер, жиделі-байсын мол неткен,  
Асанқайғы – таңдау ғажап, қол жеткен.  
Жер жаһаннан, Алтай, Орал, Қекшетау,  
Ұланғайыр – жомарт елге зор мекен.

Астанамыз – салтанатты Ақорда,  
Желбіреген көкбайрағым бар қолда!  
Ел бірлігін мызғымастай берік қыл –  
Жаратушым, Аруақтарым – әм қорға!

## САҒЫНДЫМ...

Қыла қарап, сыр бүккен,  
Кезінді сенің сағындым.  
Жымия қарап нұр тәккен,  
Кезінді сәулем сағындым...

---

Шырайы бал-бұл албұртқан,  
Жүзінді көркем сағындым.  
Ұдайы жолды аңдытқан,  
Өзінді еркем сағындым...

### **ҚАДАМА КӨЗІНДІ**

Қадама көзінді алартып,  
Басады көнілді қара бұлт.  
Жадыра Құнім боп жердегі,  
Жайна да бәрінен бол артық.  
Тұрайын әрқашан құмартып...

Жүзіннен төгілген нұр шуақ,  
Көрейін осылай әр уақ.  
Жұлдызды тұндегі айым бол,  
Кірлетпе кіршіксіз көнілді ақ.  
Осылай өтсінші жастық шақ.

### **ЖІБЕК ШОҚЫ**

Жібек шоқы төбеннен,  
Төніректі көрем мен.  
Сағынышты білдірем,  
Көкейдегі өлеңмен.

Бүршік жарып бұлдірген.  
Тәттілігін білдірген.  
Әр сайында бір бұлак,  
Тыным таппай жүгерген.

Сенің жібек шөбіннен,

Жазғы сағым өрілген.  
Сенің биқ төріннен,  
Бала күнім көрінген.

Қыздай Жібек шоқысын,  
Көкейге ел тоқысын.  
Нұрлы суга шомылып,  
Өлеңімді оқысын!

1969 ж.

## ЖАПАЛАҚ ҚАР

Ұлпа қар ак жібектей үлбіреген,  
Тоңазып тал шыбықтар дірілдеген.  
Аспанда бұлт жамылып тұнереді,  
Сойқанды салардай-ақ күн бір ерен.

Айнала аспан да аппак, дала да аппақ,  
Жауады көбелек қар қалбалактап.  
Әдейі желде бір сәт тына қапты,  
Дегендей «жайлы орынға ал қонақтап».

Жұлдызы тұнгі аспанның шашылғандай,  
Жана бір ак дүние ашылғандай.  
Қызықтап қыр-сырынды о табиғат,  
Құмарым жыр боп жауып басылғандай...

1969 ж.

## КЕЙ, КЕЙ... ЛЕРГЕ!

Кей танысқа жасаған,  
Жақсылығың үшін де –  
Сый аласың «асаған».

---

Кей доссымақ, ей, бірі,  
Елемейді – тал түсте –  
Осылай өзін дейді «ірі».

Кей ісінген, тойынған,  
Былығы көп, ішінде –  
Жала іздейді, ойын сан.

Кей пысықай «тірілеу»  
Жылмықай, әм жағымпаз –  
Әр шенеунікке ірілеу.

Кей пасық жан, ақылгөй,  
Кездесе қалсаң іш тартып.  
Айтады саған макұлды ой.

Тыңдайсың, тіл қатпайсың,  
Ішиңе терең сақтайсың.  
Кей, кейлерге бәрі бір –  
Тек жүрсөң де жақпайсың,  
Көңілді ақ, сенімді,  
Қалай ғана, актайсың...  
Өте, өте қиын ғой, –  
Бұл – адалдық сыйың ғой!

1967-69 жж.

\*\*\*

Тұғаннан көк күмбезге ілдім уық,  
Ұстазға дәріс берген жүрдім жуық,  
Ертегі, аныз тыңдалап абыздардан,  
Армандалап, қиялға ердім ілім қуып.

Үмітпен жылдар өтіп есейгенде,  
Тағдырлы еңбектерге төсөлгенде,  
Әмірдің өткеліне төзіп, ұқтым,

---

Асқары тосады екен көш ілгерде!!!

## ӨЛЕҢІМ – ЕРТЕҢІМ

Өлеңім ертеңім,  
Откен күн өртөңім.  
Төгілген тер тегін,  
Жұрген жол ертегім.  
Туған жер – өртөрім,  
Туған ел – нұр-керім.  
Қаһарман, жасампаз,  
Әр қазақ – ер бегім.

\*\*\*

Иен дала – қазына,  
Жайлаулы жазына.  
Асқарлы шындарым,  
Құзырлы базына.

Бабалар назына,  
Сын-сымбат сазына.  
Аманат үрпаққа,  
Құмырлы азына.

\*\*\*

Екі дүние – бір ғұмыр,  
Қасиетті жер жұмыр.  
Табиғат сый жалғанға,  
Адамзатпен тірлік нұр!

\*\*\*

Алтайбайдың қайнарлы Ақбұлағы,  
Тас қопарып, қазған соң шапқылады.  
Арқаға кеп алғашқы қоныс тепкен,  
Көшкін жұрты, қоныс жай шат қылады.

Құлқарада үй-жайға шымы майлы,  
 Бұлак бойлай өскен шөп малға жайлы.  
 Ата қоныс осылай құрақ тапты,  
 Арқалы елге, үрпаққа құнды, сыйлы.

1969 ж.

\*\*\*

Аллға аян – ойды қалай жасыра алам,  
 Арман көп іске қалай асыра алам.  
 Қоғамдық жұмыстан қол босамайды,  
 Маза жок жыр жүркекте асыр ғалам!!!

Бүгін бар, ертең жоқ, дүние ғайып,  
 Жазмыш бір, озмыш нөл, әлем айып...  
 Тірі жан, өлікке арнап кешу айтып,  
 Қара жер қарсы алады құшақ жайып.

## **МЕН – ДОМБЫРА**

Тұла бойым – домбыра,  
 Жүргегім титтей – тиегі.  
 Өн мен күйден балбырап,  
 Сай-сүйегім иеді...

Өне бойым жыр тұнған,  
 Қан тамырым – эн бұлақ.  
 Аярым жоқ, жұрттымнан,  
 Көрер – көз, ұгар күй – құлақ.

Көкірегімде – ала бұлт,  
 Жарқыл-жүркыл оты бар.  
 Қеніл толқын – алабұрт,  
 Сыр ашпаса – тотығар.

Өзімді-өзім жұбатам,  
Домбыра шертіп, баз уак.  
Сыр айтуды ұнатам,  
Сөз саралап азырак.

Қалғанда бір оңаша,  
Ойға оралар өткен күн.  
Үкілі ұміт – жол канша,  
Баянды бақыт күткенім...

1970 ж.

### ҚЫЗЫЛ ІҢІР...

Көк аспан мәңгілік шаңырак,  
Кешкүрим туған ай – шамшырак.  
Жұлдыздар мөлдіреп, мөлтілдер,  
Қит етсе кетердей тамшылап.

Күн батты сәулелі, арайлы,  
Жұлдыз боп кешкі нұр тарайды.  
Батыстың бұлттары боянып,  
Асқар тау биқтеп қарайды.

Сәулемен көк жиек алаулы,  
Әр сәттің сәні бар қалаулы.  
Қаздардай тізіліп өрістен,  
Қайтқанда, базарлы – мал аулы.

Жайлаудың гүл майса өңірі,  
Мал менен думанды інірі.  
Арқада ерке өскен қазақты,  
Кең пейіл жаратқан Тәнірі!!!

1970 ж.

## ҚЫСҚЫ БІР ТҮНДЕ

Тыныштық күйі бір сарын,  
Ауылды алған әлдилеп,  
Қыста да ауыл аңсарын,  
Жүректі тұрап ән билеп.

Жылтырап ақ қар мәз бол тұр,  
Сары аяз күміс шашкан ба?  
Ай түсіп кете жаздал тұр,  
Бар жұлдыз ан-танқ аспанда.

Нұрсәуле шашып терезе,  
Пейілі ерек әр үйдің,  
Құмарам қанбай сейілге,  
Сазына кірдім ән-күйдің.

1971 ж.

## САҒЫНУ

Көнілге сініп мұн баяу,  
Көзімді жұмсам – мың бояу.  
Сағыныш тұнған жүргегім,  
Күн ұзын жадау, тұнде ояу...

Өн-бойым дел-сал, бей-жаймын,  
Білмедім неден мән-жайын.  
Жетпей жүр маган осы не,  
Керек пе би-күй, ән дайын?

Мынау бір үлкен сән қала,  
Аралап жүрмін тандана.  
Сарғайып, күтіп сағынтықан,  
Ауылда жүрген сен ғана...

1971 ж.

## АЛТЫН ДЭН

Ақ жонындай Арқанын,  
Жал-жал болып ұласқан.  
Қызыл қырман алқабым,  
Жұмыс қызу жалғасқан.

Жұрт білегін сыйбанған,  
Кімді көрсөң қырманда.  
Еңбегі мен шындалған,  
Үлкен-кіші, ұлан да.

Құн бе, тұн бе белгісіз,  
Қайнап жатқан енбекпен.  
Той-думанға бергісіз,  
Қызығы мол күз жеткен.

Ел ырысы – алтын дән,  
Астығы таудай үйілген.  
Көңіл шалқып, жарқын ән,  
Шырқайды дос сүйінген.

1972 ж.

## МӘДИ

Өсем ән жайлауы Талды ма,  
Құмарың шәрбатқа қанды ма?  
Отырмын толғанып сені ойлап,  
Ер тұлғаң елестеп көз алдыма.

Қолында домбыра үкілі,  
Келмейді ән ішегіне – күлкілі.  
Елестеп ойындан кетпейді,  
Тұрменің қаранды күн-түні...

---

Жауар бұлт түйілген қабағын,  
Бұлкілдеп сыйқырлы тамағын.  
Атылды жанартай эн болып,  
Мың сынық көнілді жамадын.

Аспандап ызалы дауысын,  
Жаңғыртқан орманды тау ішін.  
Дүйім ел құмартқан әніне,  
Өшігіп қайрады жау тісін.

Әніне таңданам, шаттанам,  
Сүйсініп, сүйіп ел жаттаған.  
Садаған кетейін Мәдиім,  
Өлмейтін ән-әуен хаттаған!

1972 ж.

### ЖОСПАРЛЫ ІС...

Жоспарлы іс шектеулі парт нұсқауда,  
Тұстім талай келіспей, тартыс-дауга.  
Парт уставка сәйкеспей өрлік мінез,  
Мені шектеп, тырысты әрі ұстауға.

Ұтымды ой, пайдалы, еселі істі,  
Қын болды жеткізу «зорға» күшті.  
Ер еңбектің жемісі тайталаспен,  
Қазыналы қамбаға – корға түсті.

Көрсеткіштер жүз пайыз – еренді еңбек,  
Тер төккендер бел шешпей ер еленбек.  
Десе де ол, қалыс қап, партком серке,  
Марапатқа кенелді – елден ерек...  
...Болғаны рас, осындай келеңсіздер,  
Шындығы осы айтып-айтпай не керек?

1973ж.

## **МЕН – ИНЖЕНЕРМІН**

Инженер – мұза жанды, саяқ ақын,  
Дүркіндік баспалардан айғақ атым.  
Қоғамдық жұмыстармен біте қайнап,  
Мамандық іске нақты алғыр затым.

Дипломды қызметім инженерлік,  
Қоғамға еңбек ету игі тірлік.  
Атқару бар жұмысты техникамен,  
Азайту адам күшін, іскер бірлік.

Жұмыстан қажымас ер өмір сырлы,  
Өлеңге демалыс жоқ – көніл нұрлы.  
Саялыш күн шуаққа отыра қап,  
Жазады дүние жайын жүрек жырлы.  
Маусым, 1974 ж.

## **ҚАСҚА-НҰСҚА УАЙЫМ ЖЫР**

Таңмен арай атамын,  
Күнмен нарттай батамын.  
Қоғамдық іс, әм, инженер, –  
Болдырып әбден жатамын...

Кеңестік дәуір – жоспарлы,  
Партиялық тәртіп оспарлы.  
Қит етсе дайын бюросы,  
Қисынсыз айып... астарлы...

Сабырға көнбей діл-жүрек,  
Кеудені керер дүркіреп.  
Көмейге көнбей тіл-күрмек,  
Айқайлап шығар күркіреп...

\*\*\*

Сәтіне тап кеп мысқылдал,  
Көркемге көзің үшқыр нак.  
Сал жүрек есер кетеді –  
Бір көрген жанға үшқындал.

Сезімі – сері көз ашық,  
Жүргегі көнбей сөз машық.  
Ішіне сенім айтылар –  
Махаббат – жастық тез ғашық...

1974 ж.

\*\*\*

Арап ішсөң – мас дейді,  
Қабақ түйсөң – қас дейді,  
Қатал болсаң – тас дейді,  
Адал болсан – жас дейді.  
Ғашық болсаң – лас дейді,  
Оңбағаннан – қаш дейді  
Болмағанды – рас дейді  
Тоймағанды – аш дейді.  
Барлығын да жөн дейік,  
Сонда өзін кім дейік?  
Әйтеуір бір жан ыңғайлы,  
Кім көрген бұрын мұндайды.  
Түсінбесөң айтқанын,  
Келтіріп кейпін ымдайды.

1974ж.

## ФӘНИ ЗАҢЫ

Ай-жұлдыз жоқ. Тұнгі аспан қара түнек,  
Тұман басып, тұнжырар жер де жүдеп.  
Тіршіліктің ғаламда мәні кетіп,  
Ғашық оты тұтанбай солар жүрек.

Махаббатсыз өмірін кімге керек,  
Жас жігіттер жалынсыз сөзге өжет.  
Бойжеткендер бұраң бел құр телміріп,  
Манекендей жаутаңдап көзін сүзет.

Бұл фәниде ай керек, жұлдыз керек,  
Жер-Анага құдірет Күн бір ерек.  
Тіршіліктің қожасы, жер егесі,  
Данышпан бол, Адамзат, аскан зерек!  
1974 ж.

## ЖАҢА ЖЫЛ ҚАРСАҢДА

Жаңа жауған ақша қар,  
Аяз сіңген қар күміс.  
Қар жамылды бақшалар,  
Жыл мезгілі қарлы қыс...

Аяз биде барлық іс  
Думанды-ду жыр шашу.  
Ақ шанғылды әрлі тұс,  
Таза аудада сырласу...

Айдай аппак өнірге,  
Із түспеген ак сонар.  
Кірбіңі жоқ көнілге,  
Ақ тілеулі бақ қонар.

Аяз Ата – Қарқыміс\*  
Кол ұстасып, сырласып.  
Тоғай да жоқ – бөгеліс,  
Келе жатыр қырды асып.

Күтуде жұрт жиылған,

Келеді әлі қаншасы.  
 Көз тартады қыырдан,  
 Жыл салтанат – шыршасы!!!  
 25.12.1974 ж.

\*Қаркүміс – Қарша қызы (Ақша қар)

### **ҚАРАЙДЫ, АР-АҒЫМ...**

Пәк жолдан жар тайып,  
 Қарайды ар – ағым...  
 Аңдаушы дардайып,  
 Көз салды... жан – жағым.

Шайнауға аз болды,  
 Он саусақ – бармағым...  
 Ақ көніл саз болды,  
 Былғанды ар – жаным...

Сөткелеп булығып,  
 Тірі өлік жыладым.  
 Өкпе – шөл, булығып,  
 Талықсып құладым.

Аруактан, кешірім –  
 Алладан сұрадым.  
 Сұлде соқ отырмын,  
 Кеудемде күр жаным...

1974 ж.

### **КӨЗДЕРИМ**

Оң көзімде сәулелі күн туыпты,  
 Сол көзімде күлінгір ай тұрыпты.  
 Елу үш жыл көз эйнекті киіппін,

Оқып, жұмыс істеппін тыңғылықты.

Көз жанары құлшынар көрген сайын,  
Елдің қамы толғантар ерен жайын.  
Қос шырақтың десе де жөні бөлек,  
Анық көру ғажап қой Күн мен Айын!!

### **АДАМЗАТТЫҢ ТІРЛІГІ**

Тайталас ғұмыр заманат,  
Адамға ғылым аманат.  
Тойымсыз көздер қанталап,  
Ғарышқа кетпек анталап.  
Жер-Ана нағыз құдірет,  
Табыну керек –Адамзат!!!

### **ӨЗІМЕ ТАЛАП**

Өшпейтүғын от жағып  
Өлмейтүғын сөз жазып,  
Өсиет болар ұрпаққа  
Санасына мол азық.

Қызмет етсем халқыма,  
Жалпақтамай артыма,  
Кір келтірмей арыма,  
Дақ түсірмей салтыма.

Ақ сүтін ақтап анаға,  
Мейрімді боп балаға,  
Болмасам да ұқсайын,  
Абай – көсем данаға!

1974 ж.

## ЖЕЛЕТКЕ (Асыл ана - сыйы)

Ізғарлы қыс сұғында жел өтпе,  
Жылы ұсташа тұла бойды ем-дертке.  
Жоқшылықтың болса-дағы заманы\*,  
Бойтұмар ед анам тіккен желетке.

Уайымдал аш-жалаңаш құнді өтпе,  
Бармен базар, көнілге тоқ, діл сепке.  
Жоқтан барды қыстырып құрактап,  
Жанға жылу анам тіккен желетке.

Жалқы өстім берік сенім шіл-серктеке,  
Жоқшылықты ірен-жүзден көрсетпе, -  
деген оймен журуімде дін-аман,  
Саулық берген анам тіккен желетке.

Қорған болған екі өкпе мен бүйрекке,  
Бауыр бүтін қан тазартып, құй өтке.  
Ерге лайық жотанды да тік ұстар,  
Бойыңа шақ, тігілген нақ желетке!

Бүгін тойға анық киім керек пе,  
Көзге ұратын қарағанда дерекке.  
Костюм алсаң қыры сынған шалбармен,  
Толық «үштік», нағыз сәнді желетке!

Махаббатпен – ақ сүт сіңген жүрекке,  
Ойға терең, бойға біткен жыр-текке.  
Қуат-күшпен, сөнбейтін шоқ, берген сый,  
Бақ тілеулі анам тіккен желетке!

05.06.1975 ж.

---

\*1941-1955ж.

## **АЙЛЫ ТҮН ЖҰЛДЫЗЫ** *(Tilek жыр)*

Ай жарық, тылсым түн жұлдызды,  
Халқыма арнау жыр күндізды.  
Ой салса жүрекке арманды,  
Толғантып нар жігіт мың қызды.

Қыздырса алау жыр жүректі,  
Арманшыл ерлерді білікті.  
Соңынан ерітсе азамат,  
Отаншыл намысты түлекті.

Тілегім жетсе егер жан-жанға,  
Сенер ем бағымның жанғанға.  
Бас ием сара сөз құдірет,  
Қарамай дүние жалғанға!

Жай сөзге түспейді еш пенде,  
Жеткізе алмайсың күшпен де.  
Еріксіз иланар жас ұрпақ,  
Санаға саңылау түскенде.

Өсірер өсиет ар – қанат,  
Абайла, «бес дүшпан» жасқанат.  
Сарала «бес асыл» - өсиет,  
Абай-жыр ұрпаққа аманат!

1975 ж.

## **ӨЗІМ ЖАЙЛЫ** *(Касымга елікten)*

Жазықбай Садуқастың Ерғазысы,  
Жалғасы бір атаның қазынасы.  
Толғанып жыр жүрегі оңашада,

Айтқан бұл өзі жайлы базынасы.

Жасымда ойнап-күліп еркін өстім,  
Еш ойсыз күнделікті өмір кештім.  
Сондықтан болар бәлкім көзге ілмеді,  
Кезінде жыр жүректі елеп ешкім.

Жұпның кара бала, қара сирак,  
Болғаны тақпақ сөзге дара, ширак.  
Жарысып, алысқанда – жанын салып,  
Алатын денесіне жара жинап.

Сұлуға болдым құмар бала жастан,  
Өз түрім, бойыма шақ қарамастан.  
Жоғары кластағы меңді қызға,  
Ұрланып қараушы едім көз алмастан.

Қос қоңыр, Жібек шоқы, сәнді білем,  
Көк майса сай-саласы гүлді кілем.  
Ақдала қызыл шоқтай қызғалдағы,  
Секілді тамған қандай кіндігімнен...

Алматы – шәкірт шағым, нұрлы бағым,  
Алатау – басы занғар, сырлы сағым.  
Жүздескен нар ғұлама, жайсандармен,  
Тез өтті, тәлім алған жылдар ағым.

Ант еткен, ала жіпті аттамауға,  
Бекерге бөгде жанды даттамауға.  
Баратын – шындық үшін үлкендердің,  
Алдында кішілігін сақтамауға...

Шындықтан талай опық болғаны рас,  
Тұсінбей өкпе де артты доста қимас.  
Әүелден көзіне айту, бүкпелемей,

Атадан айнымас боп қалған мирас.

Жақсылық айналаның сейілгені,  
Бұл жайды түсінсе екен кейінгі іні.  
Жақсыны жамандардан айырса екен,  
Құр бекер сөкпеу үшін, кейін мені...

Жаманға айтылған сыр дерпенен тен,  
Айтарсың тілін тістеп «эттегенен»  
Ой салып, кей-кейлерден аластатып,  
Ұқтырар ажыратуды кімді – кімнен...

Еңбекке – инженер боп араластым,  
Тер төктім, жемей қамын қара бастын.  
Табиғи түа біткен жыр жүрекпен,  
Тазалық: қылыш жолдан аулак қаштым.

Инженер – жаңашылдық арманға ердім,  
Ашысы сүйреді өрге мандай тердің.  
Жаратқан еңбекпен тел, мұза – жүрек,  
Тұшындым касиетін қара жердін.

Қоғамдық жұмыста ерек, дара нармын,  
Айтыстым, жыр қайнарлы дараландым.  
Намыспен бойда куат, күшім барда,  
Құрестім, жүлде алып, қара жардым!

Табиғат ойға жидым ғаламатын,  
Болған соң намыс жанды, «адам» атым.  
Егін жай, жусан иісін коса жүттүм,  
Даламдай кең пейілді, ата салтым.

Өзімшіл, қамын жемей қара бастын,  
Көмейден өтпеуі үшін арам астың.  
Шырылдал, шындық үшін майдан ашып,

Шенеунік, партократпен жағаластым...

Ақиқат – жүгі ауыр, қолы қысқа,  
Болса да айтқан ойы, жолы нұсқа.  
Өміршен, өрелі істер, қоғамға нақ,  
Кинады қолдау таппай сол бір тұста.

«Жазмыштан – озмыш жоқ» дейді жалған,  
Жеткізбес, халық қамын жейтін арман.  
Бұрынғы даналар мен ғұламадан,  
Келешек үрпактарға – үміт қалған.

Әкемнің арманы ізгі, түйіні едім,  
Мен оны актай алсам сүйін елім.  
Кей-кейде алшақ кетіп, шалыс бассам,  
Жұрт түгіл, өзіме-өзім күйінемін...

Тектімін, Қарәкесек, Ер Қазыбек,  
Сенкібай – мыңға тұrap бір басы тек.  
Нағашым, қажы болған, ал, мені біл, -  
Коммунизм үрпағы – Ерғазы деп...

7.05.1975 ж.

### АЛҚЫЗЫЛ ТУ

*Рейхстагқа ту тіккен лейтенант  
Рақымжан Қошқарбаев пен  
Григорий Булатовқа арнаймын*

Ақтық шабуыл, қорқау толы «ордаға»,  
Ұшпақ күлі, шашары толып қордаға.  
Айдаһардай шашып соңғы бар уын,  
Қан құйлы жау көнер емес сонда да.

Жұз метр жер,

сол қорғанға – жұз қадам,  
 Жер бауырлап бара жатыр екі адам.  
 Қойынына тығып алған Қызыл ту,  
 Қадамақшы іргесіне тасадан.

Атылған оқ, жауған жаңбыр нөсердей,  
 Толастамай – жерді шұрық тесердей.  
 Жатыр эне,

томар тастай – сәт бағып,  
 Көздерімен сұр қорғанды кесердей.

Сәл үзіліс, кан құйлы жау шатылды,  
 «Алға» — деген Гриша оқтай атылды.  
 Қалған байқап жау тағы да оқ атып,  
 Өлтірмекші кос жасындаи батырды.

Жатты тағы... сәл толасқа зәру-ак,  
 Қозғалмайды секілді өлі «аруак».  
 Алқызыл ту берер емес тыныштық,  
 Дегендей-ак, тас қорғанға қада-так.

— Нар тәуекел, кеттік, — деді Рахымжан,  
 Оқ толастан құдер үзген раҳымнан.  
 Екі тұлға жарық етті де ұмтылып,  
 Дәл қорғанның түбінде отыр... алқынған.

Дәл сәтінде ту тігілді қорғанға,  
 Қаңдай бақыт аман жеткен сол жанға.  
 Қызыл жалау алаулады, «Женіс!» - деп,  
 Осы болар жетті деген арманға!

Қан қызыл Ту жаудың есін тандырар,  
 Өз отына, өзі жанды қанқұмар.  
 Жүректерден бомба болып атылған,  
 Ерлік осы, күллі әлемді таң қылар!

– Ура, Женіс!!!  
 Атты алаулап таң күліп,  
 Жырлар ұрпақ,  
 Ерліктерді ән қылып.  
 Рейхстагтың құмбезіне көтерді,  
 Қызыл туды,  
 Әділетті  
 Мәнгілік!!!

9 май 1975 ж.

## КҮЙІНУ МЕН КІЖІНУ

Үй толмады асылға,  
 Бөленбедім жасылға.  
 Болғаныңмен бастық,  
 Басыңда кем жастық.  
 Кез болдым деп «масылға» -  
 Күйінеді әйелі.

Ғашық болып, жақпадым,  
 Ыбын – қыбын таппадым.  
 Ертелі – кеш тер төккен,  
 Еш түсім жок – еңбектен.  
 Жетімсіз деп тапқаным –  
 Кіжінеді күйеуі.

- Күйінеді әйелі,  
 Еркегі оған кінәлі.  
 - Кіжінеді күйеуі,  
 Оның да жоқ сүйеуі.

Тапқан жалақы – табыс емес,  
 Сонан соң күнде – шабыс, егес.  
 Басқа тартсан – аяқ ашық,

Жок жеткізбес ала қашып!!!

13.01.1976 ж.

## АЛҒАШҚЫ ЖАНБЫР

Себелеп жатқаңдай таң нұрды,  
Жер шөлін тағы бір қандырды.  
Жұтады сіміріп тамшысын,—  
Иен дала сағынған жаңбырды.

Ала бұлт соғардай дабылды,  
Лепірмей жетті жел сабырлы.  
Басталды ақ жауын мәп-мәлдір.  
Күн қандай, сағ ауа жаңбырлы.

Көк аспан тағы да құрсанды,  
Жау жаңбыр. Жер ана сусанды.  
Бұлактар көзі әлсіз алсын күш...  
Ну орман тыныстап, бусанды.

1976 ж.

## ТАУ САЙЫНДА

Келеміз серуендең тау сайында,  
Дос-құрбы, ойын-құлқі жаз айында.  
Тобылғы, арша аралас гүлін шашып,  
Жайқалған кербез шының баурайында.

Тәуілжіп үлбіреген жібек сасыр,  
Жәудіреп гүл құлпырып қызыл-жасыл.  
Ақ бұлак сылдыр-сынғыр күміс бұрым,  
Айтады қайым өлең – көңіл тасыр.

Қара көз моншақ таққан қарақат тал,  
Құшақтан ақ қайынды тұрған қаптал.

---

Шокпар тас құлайтындау үстімізге,  
Үрейлі айналамыз қия шатқал.

Қойтастың бұжыр бетін арша жапқан,  
Бала мәз дөң басынан жуа тапқан.  
Жұпарлы балқарағай арасында,  
Шалқиды шалқар көңіл рақат шақтан.

1976 ж.

### **СЕЛДІҢ АЛДЫ**

Найзағай тіліп өтті қара бұлтты,  
Қобалжып, көңіл шіркін алабұртты.  
Қыршыны бір боздақтың қыылмасын,  
Жатса да жонын тіліп дала мықты.

Найзағай қиғаш-қиғаш оскылайды,  
Дауылдан әзер тұрған қос құлайды.  
Аспанды төңкөрердей күркүрейді,  
Бұлт біткен көздерінен жас бұлайды.

Құйды сел, танытқандай желдің күшін,  
Жөңкілткен аласұртып бұлттың көшін.  
Жаңарып, жасаруға құмартқандай,  
Шомылышп жатыр дала, құтты болсын!

1977 ж.

### **МАХАББАТ – МӘҢГІЛК**

Махаббат – сый, жаратылыс құдірет,  
Періште – сын, жан ішіне діл кіред.  
Көздің отын алауымен сездіріп,  
Жүрек-қанды аласұртып білдіред.

Махаббат – сыр, құпиясы, діл - күштің,

Есейсе кеп шығатұғын дүр ұшқын.  
Ойға салып гүлдей нәзік бейнені,  
Келетүғын құшаққа ап кіл құшқын.

Махаббат – жыр, жазылатын қат-қабат,  
Иман жұзді, мөлдір көзді, ақ тамак.  
Шын ғашыққа кім айтады оңтайлы,  
Теңеу тауып, айтар сөзді кім таппақ?!

Махаббат – ән, әсем әуен, сырлы саз,  
Бойға сініп, ойға қонар сынды наз.  
Әү дегеннен, есінді алыш тыннатқан,  
Құмар қанып, шын ұйыған көңіл мәз.  
Махаббат – шок, мәнгі алау сөнбейтін,  
Қайсар ындын, ожар күшке көнбейтін.  
Жазмыш жетіп, ғайып болса адам тән,  
Жан-баки пір, тәнірлік нұр өлмейтін!

Адамзат жалған менен бақылық,  
Өмір-ғұмыр, өлім менен шаһилық.  
Ата-баба дәстүрімен – Әруақ,  
Жебеп-желеп, жүреді ылғи әр уак!

1977 ж.

### ЖАС ҚАЙЫН...

Наурыз тұған көктемде,  
Бүршігі балған жас қайын.  
Құмарта қарал әу, демде,  
Жаңа бір жырды бастайын.

Көктемнің самал ызғары,  
Өбті ме желпіп, жас қайын.  
Құздарда қалған қыс қары,  
Деді ме сені жасқайын.

Наурызда өткір күн көзі,  
Сәулесі бойға нұр құяр.  
Сай-сала бұлақ, ұнді өзі,  
Сырлы да назды, күй қиял.

Көгілдір сәуір, мамыр ай,  
Жапырақ тағар, жас қайын.  
Көзайым болсын, жамырай,  
Сырымды әзір ашпайын!

14.03.1977 ж.

### **ОЙ. ОЙ. ОЙЛАР...**

Суынып, оқыс жайдан көңіл қалса,  
Жылынбас жаксандагы көмір қанша.  
Ой ойран, тұман басқан, ес бұлыштырт,  
Жүрерсін қаяулы боп, мәнгүрт жанша.

Ардақты азаматтың нардай басын,  
Сертінен досын-дос боп, жар таймасын.  
Бір ғұмыр екі келмес баянды боп,  
Жазмыштың бақ-талайы ортаймасын.

Санаға сәуле беріп, ертеңгі елес,  
Ойлантсын ұрпак жайын ерте мен кеш.  
Қауым жұрт, үлкен - кіші түсінсе екен,  
Отпелі бұл дүние, ертегі емес.

Секемшіл көңіл нәзік, түкке тұрмас,  
Сабырды ашу женсе, өкпе тым мас.  
Қанқу сөз өтіп кетсе ет-сүйектен,  
Макұллас айналаңмен, көппен мұндаст.

Откенді еске алып қой, салауаттық,

Тізілер көз алдыңа, сан ағаттық.  
Өзінің қабырғаңмен кенескен жөн,  
Сонынан ермеу үшін жаманаттық.

Қаяулы көніл кұрак, жүрек пырак,  
Көкейде дүдәмал ой, даусыз сұрақ?  
Адамда үміт оты мәнгі сөнбес,  
Сәулесі адастырmas ақыл-шырак.

Бұл тілек ой салса еken түйсіксізге,  
Қыңыр жак, өзі білмес кисық езге.  
Ескерту мен өтініш артық болмас,  
Болашақ өрісі кең түйсін тезге!?

25.09.1977 ж.

## ЖАС ШЫРША

Жасыл шырша, жас шырша,  
Сенімен сәнді, тас сұрша.  
Аязға да сыр бермес,  
Сол қалпында жаз шыкса.

Көктем өнді, жаз – шыңды,  
Бояуы – нұрлы, қас сынды.  
Кай мезгілде өзгермес,  
Табиғаттан асыл-ды.

Өзі сұлу – тәнімен,  
Салтанатты сәнімен.  
Жылдар түгіл, ғасырды,  
Тербетеді әнімен.

Сынды көздер күмартқан,  
Тілді жанды жырлатқан.  
Суретшіні арбап ап,

Қыл каламға сын артқан.

Бойы балғын жас шырша,  
Тоғай көркем кас арша.  
Той-думанға сән берер,  
Жана жылда – бас шырша!

1977ж.

\*\*\*

...Өз бағым – өзіме жұпар ғой  
Өз балам – өзіме сұлтан ғой.  
Бүреудің байлығы доллары,  
Тер төкпей табылған табысы,  
Береке бермейтін – құлтан ғой....

## ОЙ ҰШҚЫНЫ

Дәуірдің бұл да бір белені,  
Аумалы-төкпелі дегені.  
Өмірдің болар нақ елені,  
Десе де ой салмай желеңі.

Болған-ау бұл албырт жастақ шақ,  
Ойын мен сауыктың селеңі.  
Махаббат – қызған, думан шақ,  
Дәурен-ай күнге сенгені.

Тағдыр мен жазмыш ертеңі,  
Бар ғұмыр өткен ертегі.  
Ғайыпқа ұшсан шок-от бол,  
Үрпағың өскен өртеңі!!!

Бір ғұмыр – өмір, шамшырақ,  
Тағдырға көнсе жан шыдап.

Уміттің шоғы сөнбесін,  
Жатса да тұрмыс жаныштап.  
Қанағат жеміс береді,  
Бітпейтін арман – аbat бак!

## ҚОҢЫР ҚАЗ

Есен-аман келдің бе, қоңыр қазым,  
Сағындың ба, Арқаның көктем-жазын?  
Бізде сенің аңсадық қанқылынды,  
Жылы тисін жүрекке айтар назын.

– Сен кеткелі өтті күз, өтті бір қыс,  
Көлки алмай көл біткен жатты тыныш.  
Ақ шекпенін жамылып сай мен сала,  
Жер-ана да дамылдап алды тыныс.

Жонын беріп таулар да жатып алды,  
Түздің аны дірілдеп қалтырады.  
Сары аязды сіміріп сақылдаған.  
Кардың күміс маңдайы жалтырады.

Сокты боран үскірік демі булы,  
Қаңтар менен акпанда аты шулы.  
Мейірімді күміс күн нұрын шашып,  
Наурыз келіп жалдатты шалшық суды.

Сай мен сала, жырадан ақты бұлақ,  
(Елендеген шығарсың жақта-жырақ?)  
Көктем жырын өзендер дуылдатты,  
Қалт жібермес әншілер «құйма құлак».

Есендікке не жетсін, ал қоңыр қаз,  
Ел құмартқан әніне сал, қоңыр наз,

---

Су біткеннің шомылшы мөлдіріне,  
Болсын жылы, ырысты жаңбырлы жаз!  
1977 ж.

## ЖАС ҚЫРАН – ХАС БАТЫР!

Еркін ойнап, далада ұлан өседі,  
Көктем сайын ел жайлауга көшеді.  
Қырандай биік самғау көк жүзіне,  
Бабалардың ұлы арманы деседі.

Бала қыран, талапты жас құс қанат,  
Темір ұшак тізгіндесе аргымақ.  
Жетеледі үйірмеге ұшқыштық,  
Нұркен сынды бозбалаға арман-ак.

Ойы ұшқыр, бойы мығым жас жанға,  
Құстай ұшу киын бол па аспанға.  
Зіл ұшақты тез менгерді ол ұшқыш,  
Қуанышты арманы іске асқанға.

Жайдарлы жаз, қырық бірде – таң атпай,  
Шекараны алай-түлей, қаратпай,  
Бұзып өтті қан құйлы жау – Одақтық,  
Көк пен жерден оқ боратып, қиратты-ай...

Төтенше жай, кетті соғыс басталып,  
Бейбіт елге аюандық пен қастандық!  
Бала қыран алғы лекте аттанды,  
Отан қорғау ерлік қадам басқан нық!

Кенес құрған, мызғымас тас, Одақтық,  
Жау басынды намысты алды – ол анық.  
Бейбіт елге бірлік, тірлік, ар үшін,  
Қасиетті бір сүйем жер Отандық.

Қан майданда күн-түні жоқ, оқ дауыл,  
 Көзі талып, атқыштарда кол жауыр.  
 Ойран топан, танкі балқып, фашистер,  
 Қанға – қан боп, алды жойқын, соккы ауыр.

Жас қырандар өршіл кекті, айбатты,  
 Жаудың қарсы ұшақтарын жайратты.  
 Қыран құсқа тиді қаңғып, жазмыш оқ –  
 Отқа оранды оқыс-төтен жай қатты.

Оқыс шешім – ыза мен кек, күш ағын,  
 Нысанаға ап, бүрдү ордага ұшағын,  
 Нұркен – ұшқыш, Саша\* - мерген, қос батыр,  
 Жойды, құртты жаудың шоғыр ошағын.

Соғыс өтті, қылды көп жас қыршын,  
 Бүкіл әлем: «Гитлер фашист – антүрсын»,  
 Мәңгі сөнбес от алаулап еске сап,  
 Мәрмәр мұсін, құрыш бейне тас тұрсын!!!.

Бала қыран, атасы оның – Жалаңтөс\*\*,  
 Ел жауынан ойсырата алған еш.  
 Ұлы дала баһадурлар жалғасы,  
 Салтанатты қала орнатқан, сонғы көш.

\*Саша мерген – Александр Комиссаров

\*\*Жалаңтөс – Соқыр батыр (Қарәкесек – Сарым).

## МОНШАҚТЫ АРШАЛАР

Мошакты арша, тас алқа,  
 Жұпар иіс, хош аңқа.  
 Жартас тұр маңғаз, тогайлы,

Шуақты қүнге тос арқа.

Ашылған шақ бұл – көл базар,  
Шыршалар қүнге бой созар.  
Қиялды тербел табиғат,  
Әуендей, назды ой қозар.

Жартастың үңгір қуысы,  
Саялы бақ қой тау іші.  
Құстардың нәзік естілер,  
Жан-жақтан сазды дауысы.

Жұпарлы арша мошақты,  
Көмкерген тасты жан-жақты.  
Ұмыту қын сүйіктім,  
Сенімен тұрған сол шақты!

1977 ж.

\*\*\*

Күн нұры тамғанда,  
Таңшолпан жанғанда.  
Көп жұлдыз самсаған,  
Секілді шаршаған,  
Дем алар, құндізгі –  
Не бар деп, жалғанда!!!

1977 ж.

## ОЙЛАР...

«Бақ» дегенің ырас болса бармақтай,  
Еңбекпен төккен терді көр салмақтай.  
«Бақыт» деген атаусыз бір құс болса,  
Ақыл-ойсыз, аларсың ба, ар-сақтай.

Бақыт құсы, бағаланса ақшага,

Бұлбұлды да сайратады бақшада.  
Ақша еңбекпен, ашы термен табылса,  
Ақыл-жүрек, исінбесін – сауши Аға?!!

Қазактың – тілмен түйген сөзі асыл,  
Жасайды, өтседағы, мың-сан ғасыр.  
Тұшынтар аталы ой ұрпактарды,  
Сындарлы – іліміндей Әбу-насыр!!!

Тағдыр, жазмыш, өмір мен дүние жалған.  
Адам ойлы еңбекпен түрен салған.  
Таңнан туған нұрменен тірлік кешіп,  
Ғұмырға ұзак, керекті жерден алған!!!

1977 ж.

### ДАЛАДА

Қызырып піскен шелпектей,  
Алқызыл нарттай күн бүгін.  
Айқара ашты желдетпей,  
Көк аспан бұлтсыз тұндігін.

Гүл біткен тегіс майысып,  
Кірпігін ашты үлбіреп.  
Сар дала жатқан талықсып,  
Оянды желмен желбіреп.

Қанаты талмай шіркей де,  
Жұмысқа кетті кірісіп.  
Даланы бөлеп ән-күйге,  
Әуеде торғай жүр ұшып.

Кілемдей түкті төбеге,  
Ойнақшып шықты жас құлын.  
Гүл құмар қандай көбелек,

Елестеп өтті жас күнім...

Шат күлкі шықты шатқалдан,  
Бұлдірген терген көп бала.  
Кең пейілді дастарқан,  
Ырысы мол, ток дала...

1978 ж.

## ТАРТ ҚОЛЫНДЫ ШҮРІППЕДЕН

Зор мактан даңғойларға аң-құс атып,  
Тірлікті әжуа ету қансыратып.  
Селт етпес, неткен топас тартынбайды,  
Кетер деп аң киесі – қарғыс атып.

Сезінбес аңсақ аңшы қарғысты да,  
Табиғат тіршілігі қан құсты ма?!  
Шыршаны шырылдатып қиған надан,  
Не қылсын, аяушы ма ед, аң-құсты да.

Куалар көз қанталап құралайды,  
Өкшелеп өші бардай.... туралайды.  
Қарулы ол, колға түссе қара жүрек,  
Тастайды ойланбастан турал айды.

Айдынның акқудай маң, кербезі ме,  
Бәрі-бір, бір шүрегей кез келді ме.  
Дәл көздел атып алса, мақтан болмак,  
Сулулық көрінбейді «кор көзіне».

Болса да, жүрегің тас, шойын бауыр,  
Түйсіксіз қорғасын ми, қолың сауыр.  
Ойнама табиғатпен, құдіретпен,  
Абайла, екі дүние жолы да ауыр!

Ей, аңшы! Тарт қолынды шүріппеден,  
Кім саған шолжындатып, ерік берген?  
Әу баста Жаратушы – жан-жануар,  
Жер-Ана бір-біріне сеніп келген!!!

Мактанба, құр бекерге аң-құс атып,  
Байлығын табиғаттың қансыратып.  
Есің жый, тарт қолынды шүріппеден,  
Кетпесін десең егер, қарғыс атып!!!

1978 ж.

### **АРҚА БАҒЫ**

Мұнар тартып, сағым құшты,  
Сұнқарлы тау, ұялышын.  
Саған қарай самғап ұшты,  
Қанат қағып қиял құсым.

Қиял құсым, буыны қатып,  
Шарықтайды қия-шынға.  
Қайсар шындар буырқантып,  
Кеудеме жыр құясын ба?

Табан тіреп, көкке өрлейін,  
Бір ерлікті қиясын ба?  
Жыр жазайын, текке өлмейін,  
Зангар құздың қиясында.

Күмбез аспан тербеледі,  
«Жүреккөлдің» аясында.  
Дамылдайын эн кернеді,  
Қарағайдың саясында.

Тауысайын қаламымның,

Толтырылған сиясын да.  
Мен тыңдайын ғалам мұнын,  
Күн батқанша ұясына.

Жер шоқтығы Қаркаралы,  
Иен даланың жыр аралы.  
Жер ананың жастық шағы,  
Қарағайлыш - Арқа бағы.

1979 ж.

### ЕГІНЖАЙДА

Дамылсыз қағып тандайын,  
Бастырган дәнді комбайн.  
Толғанда бункер шүпілдеп,  
Машина тұрар дап-дайын.

Тұла бойын шаң басқан,  
Карайды жіті талмасстан.  
Терін төкті – жас диқан,  
Жүрегі дәнмен алғасқан...

Желбіреп ойнап Қызыл Ту,  
Егісті алқап думан-ду.  
Жарықтық нанның иісі-ай,  
Көңілге тоқ, бойға бу...

1979 ж.

### ЖАРҚЫРАЙ ТҮСЕР АҚ АЛМАС! («Коммунизм» таңы газетіне 50 жыл)

Ұшқыннан лаулап бар шындық,  
Заманда қапас таршылық,  
Тиіпті сенің қолыңа,  
Бөлеген нұрға жаршылық.

---

Айғақтап жаңа заманды,  
Көрсөттің нұқып жаманды.  
Тараттың елге сен алғаш,  
Питерден ескен самалды.

Тіл-хаты болдың жалшынын,  
Жеткіздің дәуір ар-шынын.  
Бостандық, теңдік – осы деп,  
Күйрдың байдың апшысын.

Қадасын қақтың колхоздың ,  
Саутасыздарға қол создың.  
Партия ісін үлгі етіп,  
Болашаққа айқын жол сыйзың.

Атандың «Еңбек майданы».  
Жаңалық қазан қайнады.  
Күмарта оқып, халайық,  
Өзгерді өнір жайнады.

Жалынды жаршы, тіл-жүрек,  
Ұялап жанға елжіреп.  
Өсиет айтып, шарладың,  
Ел-елді тудай желбіреп.

Жырладың талай ерлерді,  
Аралап ауыл жерлерді.  
Елу жыл толған шағында,  
Тойлауға халық келді енді!

Елу жыл жарты ғасыр ғой,  
Бетіңен өрсін асыл ой.  
Газетке жаршы, жалынды,  
Жігіттің бұл да жасы ғой.

Жалықпа жарқын қаламdas,  
 Жасай бер алға қадам бас.  
 Қайралған сайын қылшылдап  
 Жарқырай түсер – ак алмас!

28.11.1980 ж.

**АМАНАТ**  
*(Нан қиқымы)*

Өз Анам айтқан еді, ар – аста деп,  
 Құрметте, өмір азақ – нан баспа тек.  
 Нан түгіл, қиқымын да теріп жеп қой,  
 Тоқшылық, нан бар елде – ер асқар бек!

Асығыс, ескермей бір, шалыс кеттім,  
 Байқамай нан қиқымын басып өттім.  
 - Балам-ау, көзің қайда, - деп ұрысты,  
 Тілгілеп, сәби жүрек арын беттін.

Бұлк етті, көңіл бөлек, бүйрек сестен,  
 Айғақ сөз, етті іреп, сүйек тескен.  
 Анамның алдына кеп, нан баспасқа,  
 Ант еттім, арылдым деп, келтек естен.

Нан болса, әлем әлді таңғажайып,  
 Сұрап же, карның ашса болмас айып.  
 Нан көрсөн жерде жатқан көтеріп қой,  
 Құрметті сен боласың шын – машайық.

Тоқтаусыз күн мен айлар, жылдар өтті,  
 Нан – бар жерді, ұранды – ән тербетті.  
 Еңбектің арқасында, ашы тердің,  
 Дәм-тұзды татып жүрміз құдіретті.

Келмеске кетсін мәңгі аранды аштық,  
Озық боп, барша жұртпен араластық.  
Отыздың\* зобаланы көрге кіріп,  
Шықпасын. Ел-жер гүлдеп, алға бастық.

Аштықтың бар зұлматын көрген анам,  
Кім шығып, айтар дейсін, көрден адам –  
Өсиеті – бір тілім нан қасиетін,  
Жазар деп хатка салып, сенген маған!

Аманат – жүгі ауыр, салмак салған,  
Жеткізу ұрпақтарға ардақты арман.  
Ақ сүттің бір тамшысы Асыл Ана, -  
Деп білем, сәби парыз, ар акталған!!!

12.04.1980ж.

\*Отыз – 1930-1938 жылдардағы нәубет.

## ЖАЙЛАУДЫҢ ЖӨНІ БІР БӨЛЕК

Жаз жайлау, түсіндей түрлі алашанын.  
Кек майса, гүл жапқан жер, дала шаңын.  
Акшанқан киіз үйлер қаздай қатар қонған.  
Еске сап ата жұрт бабалар бала шағын.

Нұр бастау, өзен бойы, түйе табан,  
Жағажай, бие емшегі сүтке тұнған.  
Шөлдесең ағын суы, шөгір тасты,  
Сезбейтін ыстық құмды күйген табан.

Нұраның акқайраны, шортан, шабақ,  
Қамыспен салындысы, орман қабақ.  
Ертемен жүруші едік аулап балық,  
Алансыз, тоқ көнілге болған тамақ.

Замана, ел жайлауға көшетін-ді,  
 Көңіл-хош самал желпіп өсетін-ді.  
 Бұлақ пен өзен байлай ауыл қонып,  
 Айлы кеш сән-салтанат кешетін-ді.

Қазакқа жайлау көштің жөні бөлек,  
 Еркіндік, ұлы дала өмірі ерек.  
 Шіркін-ай, дархан жерге не жетеді –  
 Бүгінде, қала шуға көндік әлек.

Қалалық зәулім үйлер тұрмысқа сай,  
 Үнғайлы отбасына үй күйлі жай.  
 Деседе has-сақтардың жайлау көші,  
 Еркіндік, салт-дәстүрдің символы ғой!  
 1981ж.

\*\*\*

Саралап дөп баспадық дәл керегін,  
 Көре алмадық басқаның бәйтерегін.  
 Даурығумен өткіздік талай жылды,  
 Шындық боп тұр, бүгінгі бұл дерегім.

Қазакта мақал-мәтел, өсиет көп,  
 Ұстай білсек асыл сөзді қасиеттеп.  
 Өзімізді өзгедей сыйлап жүрсек,  
 Басқалар да еріксіз бас иед кеп.  
 1981 ж.

### **КҮЗ КЕЛБЕТІ...**

Келдің бе күз, жемістерді пісіріп,  
 Бауырсактай топырлатып түсіріп.  
 Қызу еңбек қырмандарда қайнаған,  
 Алтын дәннің қауыздарын ұшырып.

Келдің бе күз, қыс қамына кіріс деп,  
Қалмасын деп, шала-пұла бір іс тек.  
Қыстың көзі – қырау дейді, халайық,  
Жұмыл шаруа, ал, жұмысты тегістеп.

Кездің бе күз, жапырақты жұлғалы,  
Құнгірт тартты, түрлі түсті гүл – бағы.  
Бұрыннан да сұлу шырша әрленіп,  
Тым ерекше көріктеніп тұр тағы.

Келдің бе күз, мезгілінде кешікпей,  
Тербетілмей айдын көлдер бесіктей,  
Махаббатын күтіп ұзақ жігіт тұр,  
Тұлымды қыз неге қана кешікті, ей.

29.09.1982 ж.

## ҚАЛАДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ОЙ

Көп қабаты осы бір үй қамалдай,  
Тар бөлмелер, балконы бар амалдай.  
Құмырсқаның илеуіндей қалада,  
Сағынасың сайын дала, самалды-ай.

Ұлы дала кеңдігінен не пайда,  
Жұмыс басты, шыға алмайсың неше айда.  
Кеңсе деген кісендеулі есік бар,  
Жаутандатып жібермейтін ешқайда!

Мамандық қам, отбасымен, пенделік,  
Ауыл – жайлай, думан күнге кенде едік.  
Жалан аяқ далада өскен балаға,  
Жүру қыын аулада бос сенделіп.

Көршілер көп, бірін-бірі танымай,

Өзді-өзімен күйкі тірлік қамы жай.  
Көше шықсаң ана тілің қажетсіз,  
Шұлдір есің келгене ше әлін «қалажай».

Қала халқы өзге ұлттар басымы,  
Жұмыстан сон көзге түспеу асылы.  
Бірге ішсен дос табасың оп-оңай,  
Қас табасың ішпесең сен – ашығы.

Қалалықпыз – дәурен басқа, жатақпыз,  
Еркіндік жоқ өз елімде жалтақпыз.  
Аштық жүттү, соғыс құртты не керек,  
Өшімізді енді кімнен алмақпыз!!!

Десе де әлі: бірлік керек аз ұлтка,  
Біз – қазакпыз қайсар, шыдар азапқа.  
«Төртеу түгел болса ғана» жетер ед,  
Ұлы халық асыл арман азатқа!

1982 ж.

### **АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ...**

Ауыл – бесік, балғын шақ құн кешегі,  
Өмірімнің қимастай бір бөлшегі.  
Ауыл десе бүйрекім бүлк етеді,  
Салыстыру онымен жоқ өлшемі.

Ауыл – отан, жұмақ жай жөні бөлек,  
Таумен төбе, сай-сала өңі де ерек.  
Жалаң аяқ, бұлағы, Нұра өзенін,  
Жалдал кешкен дәуренді жалған дер ек.

Ауыл – дарқан, кең пейіл, барын шашар,  
Қызығалдағы, жусаны аңқаңды ашар.  
Тобылғы сай баурайы бұлдіргенді,

Күшак жайса көңілің асып-тасар.

Ауыл – үйің, от-басың, еркін сөзің  
Қызы-бозбала, арманышыл, үміт-тезің  
Тұған-туыс, жұрагат, бір шаңырак,  
Бетені жок, есігі ашық бәрі – өзің!

Ауыл – думан, кеш құрым «алтыбақан»,  
Үлкен-кіші жиылған жаттық сақан.  
Әнші-биші, өнерпаз бәрі осында,  
Құрт пен майын, бауырсақ, алтын сақан!

Ауыл – жаңын, жүрегін, бауыр етің.  
Бір бүтін ғып жаратқан құдіретің.  
Ұлы дала жайлауы шетсіз-шексіз,  
Қонақ жай ел, кел дағы көр құрметін!!!

1982 ж.

## ШОҚПАРТАС

Қарқаралы – дулығасы батырдың,  
Кексенгір тау жұмбақ сыры ғасырдың.  
Қара орман ішіндегі «Шоқпартас»,  
Тас мүсіні жойқын – зұлмат тасырдың.

Тас дәуірде жасалмаған оқ-дәрі,  
Болған сойқан, аумалы да, соқпалы.  
Қаз қалпында тас болған айнымай,  
Бағы заман алыптардың шоқпары.

Тауды – тауға қосқан батыр «Толағай»,  
Дүлей күштің егесі алып ол – оғай\*,  
Аңыз адам аты екен «Ертүрқай»  
Қару қылған зіл шоқпарды сол Ағай.

Қарқаралы шұғылалы батысын,  
«Жетібатыр» таңның-алау атысын.  
«Таркезен» мен «Кендерары» күзеткен,  
Шокпар атты – құзырлы тас, заты шың.

Танғажайып жаратылыс «Шоқпартас»,  
Жалын құяр, ер жүрекке шоқ астас,  
Алып тұлға, құш атасын паш еткен,  
Табиғаттың жәдігерін тот баспас!!!

Ұлы дала, Сарыарқа бақ-бағы,  
Керім сұлу, жемісті бау баптағы.  
Орда төрі – Қаракесек батырдың,  
Жаратушы, ғалам сыйы, «ħак-тағы».

Би мен батыр, ұлылары – армысың,  
Бұғылыш тау, Жүрек көлі, Нарлы шың\*\*!  
Найза биік, тоғай түкті «Шоқпартас»,  
Киелі жүрт, бойтұмары – арысың!

Шілде 1982 ж.

\*оғай – батыр, оғылан.

\*\*Нарлышың – Комсомол шыңы.

Аңыз адам – атын айтқан Қасен қария, куәгерлері: Тұрсын Ордабаев, Қайырберлі Қашқынбеков.

### **ӨЛЕҢІМ – КҮНДЕЛІГІМ...**

Өлеңім – әз өмірім, құнделігім,  
Тұрмаймын не істеймін деп күнде бүгін.  
Инженер – өркен істі мамандығым,  
Ақынмын – сөзі сара, жырдағы үнім.

Инженер, әм ақынмын тел қозымын,

Іскерге қолын созған, ер бозымын.  
Қоғамға қажеттімін, үлес қосып,  
Жаңалықтың ұсынған ең озығын.

Ақынжан сырлы-сынды музға ілімді.  
Аңсарлы жаны ауған сазға әуендей.  
Құдірет – пәк сезімге, нұрын төгіп,  
Ет жүрек болды еріксіз нар-тәуелді!

Инженер – өндірісте ерек тұлға,  
Өмірде «физик-лирик» зерек жырға,  
Фажайып көңіл көркі тылсым дүние,  
Жүректі ғашық етті бөлеп нұрга!

Өлеңім – күнделігім, кез көргенім,  
Естіген өсек аяң сөзге ермедім.  
Айнытпай қаз-қалпында жырлар жазып,  
Шындықты сертке ұстадым, өзгермедім.

Ақынмын, инженермін, жок өзге ермегім!!!

1981-83 жж.

Петровка с.

## МЕН ТУҒАН КҮН

Мамыр айы, басы, таңда,  
Нұра өзені тасығанда.  
Мен туылпын, құрсақ жарып,  
Кер шақалақ, басы қанда...

Куанышты ел сүйіншілеп,  
Аруақ жүрсін жебел-желеп, –  
«Бауы берік болсын» – деген,  
Айтылышты куаныш-тілек!

Әкем қапты ар қабақта,  
Тақыршыпты тарпаң ат та.  
«Ұл туды! Ауу», - деген дауыс,  
Жеткен әрен әрғы жаққа!

«Жібек шоқы» баурайында,  
Тербеліпті тал-қайың да.  
Өзен сені тасқындаған,  
Жағада тапқан жағдайында.

Мен туған күн арна толған,  
Құстар келіп, жырлап қонған.  
Бір атаның жалғасы атты;  
«Ер-қазы» деп арнап қойған!!!

Періштеге дүние аусым,  
Зорға шыққан майда даусым.  
Бір дүрбелең болар деп ең...  
Күнбатыстан айда маусым\*...

Өмірге еніп, тірлік кешем,  
Құшақ жайған, бірлік десем.  
Дауысыма күә алғашкы,  
Мұны айтқан кіндік шешем!!!

1985 ж.  
Бұқар жырау ауданы

---

\*1941 ж. 22 маусымда Ұлы Отан соғысы басталды.

## ЖАМАНТАС

Жамантас – нак зеренді, мұсінді тау,  
Жайқалған бақшалы сай жемісті бау.  
Арала, жіті қара, жан-жағыңа,

Шынына өрмелеп шық, күшінді сау.

Бейнелі тастың бірі – аю, бірі – арыстан,  
Дұрбі сап, суреттерді көр алыстан.  
Сұнкар кия ұясында бүркіт отыр,  
Үрпағын өсіруге бауыр басқан.

Тәу еткен Әулиетас жанға толған,  
Жан сауға, адасқанға пана болған.  
Өлкесі сарымсақты, жуалы жон,  
Айнала қаланған тас, жаппай қорған.

Ушқазан – табиғаттың туындысы,  
Қайнарлы бұлақ құйған нұрлы ыдысы.  
Келген жан шөлін басқан саумал сусын,  
Кең пейіл, қонақжай тау құтты ырысы!

Таастардың көркем бейне жаманы жоқ,  
Қынжылам – ыңғайсыз ат амалым жоқ.  
Көрер көз құты болған сұлу тауға,  
Тағы кел, қызықтауға, айналып сок.

Таастарың көмкерілген аршаменен,  
Әсем боп жаратылдың мұнша неден?!  
Құздарың сүйк түсі, үрейді алса,  
Самал боп көкірек кере ұшады өлең!

05.08.1987 ж.

## ӨЗ ОЙЫМДЫ АЙТАМЫН

Өз ойымды өзгемен өлшемек ем,  
Өрге салса, өрмелеп өршеленем.  
Түбінде менде де бір лайықты,  
Жыр құдірет қолдаса төрге шөгем.

Менсінбесін, бәрі бір, кемсінбеймін,  
Ондайларды өзім де менсінбеймін.  
Өздерінің жетпесе ой-өрісі,  
Абайды оқып, түсініп көрсін деймін.

Бір атанаң жалғасы мирасымын,  
Маған ұксап, ынжықтар ширасын мын.  
Пысық болса ертерек алға түссін,  
Жолын бөгеп опасыз, бір Қасымның.

Ақын жігіт аңғалақ, кейімес-ті,  
Ойланар ол, болар деп кейін есті.  
Ұстазға\* да топастар кол жұмсаған,  
Онан абыз көрген жок еш кемісті.

Патша көніл, сәл кейір шуак сәтте,  
Бере көр деп тәубалап қуат дәтке.  
Өресі азға өкпе жок, сана бер деп,  
Сабыр сұрап, қиналар жат әдетке.

Әр көкірек өзеуреп, кара тартты,  
Дөрекілік өгейлік, аласартты.  
Әр кадамды абайлап, аңдап бассақ,  
Кем болмаймыз, жан болсақ парасатты!!!

1988 ж.

\*Ұстаз – Ұлы Абай

## ҚУЗ БЕЛГІСІНЕҢ ТУҒАН ОЙ

Тал бойы жапырак сарғая бастады,  
Тау-шатқал жалтырап, нар қия тастағы.  
Құз мезгіл жылдағы жемісті,

---

Ырзығын қамбалап, қоймаға тастады.

Тұла бой сезінді, ауа сәл ызғарлы,  
Шық моншақ тізілді, таң алды сыз қалды.  
Аспанның қабағы қатыңқы, бар өскін,  
Келер деп желтоқсан тым жедел, қыс қарлы.

Жыл мезгіл, төрт түрлі табиғи құбылыс,  
Сын әз-діл, тәнірлі, адами бұл тұрмыс.  
Ал, тірлік әмірлі жазмышпен келіскең,  
Жаратқан ақылмен, еңбекпен нұрлы ырыс.

1991ж.

### БІР ҒАНА ТІЛЕК...

Патша көңіл, жүрек сырлы тасыма,  
Бұлбұл құс кеп, қоншы менің қасыма.  
Жаны жайсан жақсыларды сүйсінтіп,  
Ұғындырысын ардың ісін басыма.

Өтті талай айтыс-тартыс өте ірік,  
Іштен тынбай, айттым дауыс көтеріп.  
Партия-зордан көрген корлық, теперіш,  
Шындық айтсын... ар-намысым өтеліп.

Әрге тартар, өренді істер көптеген,  
Дер шағында игілік боп өтпеген.  
Ашы термен өнген өнім, қоғамның,  
Пайдаға аспай, жалпы жүртқа жетпеген.

Кіжінумен өтті құндер, әттеген...  
Мұндай шакта сүрінеді сәт деген.  
Шенеуніктің айтқаны боп, тұрасың,  
Іштен тынып, жанып ауыр дертпенен.

Коммунизм шырағы өшті, ерледік,  
Азат арман туын алды, ел тендік.  
Аң-тан халық, аяқ асты дағдарыс,  
Ұжым жаңа зерек ойға ермедік.

«Халық кайтсе тоқ болады» - деген ем,  
Дербес елге, келешек қам жеген ем.  
Өз ойымды ортаға сап дүркіндік,  
Баспадан сон, ел қоштар деп сенген ем.

Кеңес құрған, қолда барды ұқсатпай,  
Нәк жоспарсыз, іске аспақ мақсат қай.  
Тыннан салған тіреуі жоқ жорамал,  
Қояр ма екен қиналтпай да, ақсатпай.

Қазақ заты – батыр, дархан, би халық,  
Көш басшысы көзге түскен бәйгі алып.  
Әл Фараби, Бейбарыс пен Ақеділ,  
Занғар тұлға, үш құрлыққа – әйгі анық.

Жаратушым – бір ғана тек тілегім,  
Азат – арман, бай-қуатты жүрегім.  
Басшы – көсем, келді сыйлы азамат,  
«Бірлік, тірлік болсын» дейді тірегім!

Бір қазақпыз жүз-жүз болып бөлінбей,  
Ұлы халық көзге оғаш көрінбей.  
Барша жүртпен конак жайлыш дос болып,  
Өз үйінің отырғандай төріндей.

Абай айтқан Ақыл – Жүрек бір баста,  
Елім деген еңірген ер басқа.  
Болашакты болжамдаған – асыл зат,  
Халық болып қолдауға нақ тұрмас па?!

1994 ж.

## ҚАҢАРМАН ПАРТИЗАН (Қасым Қайсеновпен кездесу)

Карпат тауы жау қолында, ну орман,  
Тылға арнайы, түсті көктен он қыран.  
Ай жарық па, сәтсіздік пе, беймәлім,  
Тоғызы шейіт, Құдай сақтап, ол – аман!

Ну тоғайда, ол партизан Қасым-ды,  
Тәуекелді ер, белін буган жасын-ды.  
Ұлы Отанның бір пүшпағы фашистін,  
Табанында жатқанына ашынды...

Өр Алтайда өскен бала, шындардан,  
Өршіл үрпак бабалардай шындалған.  
Ормандағы сәлемдесіп бейтаныс,  
Жөн сұрады отын терген сар шалдан.

Сұхбаттасып, айтылды сыр, талай мұн,  
Зерделенді жөн-жосығы маңайдың.  
Жау да озбыр, полицай кеп сатылған,  
Корлығына жузі болған сан айдың.

Жау тылына түспес бекер, осал жан,  
Бұл қаракет емес шығар бос жалған.  
Жас қазақтың іс-жоспарын тындал ап,  
Карт-қария, кездесуді хош, алған!

Бейтаныс жер, жыныс тоғай, зын-зиман,  
Антқа берік, күрес жолда ар-иман.  
Отан үшін ол – құрбандық, жан пида,  
Нағыз сардар, қайтпас жаудан – партизан!

Кездесулер, орман іші, ай жарық.

ҮІза буып, кек қайнаған жай халық,  
Жылынды жас заманауи, намысты,  
Топқа кірді Отан үшін, сайланып!

Аз жасақпен жойған қойма қам-тұғын,  
Қалдырмай еш қару-жарақ тамтығын.  
Әшалондар көкке ұшты, жол қирап,  
Жойқын жаудың үрей басты аптығын.

Партизандар алып күшке айналды,  
Адам айтса – сенгісіз сап ойранды.  
Фашистердің бас жоспары «Әлемдік»  
Тас-талқан боп, «Гитлер капут!», қорланды.

Жойды жауды, бет қаратпай «Уралап»,  
Өлді боздақ, қыршын сан жоқ, тура нақ.  
Бұл әлемдік соғыс бітті деп мәнгі,  
Әйгіледік Рейхстакқа алау Ту қадап!!!

Аттандырган Одақ болып, Ел сеніп,  
Арлы сынды, текті-сойлы сәт серік.  
Міне, бүгін, ортамызда – партизан,  
Жас қаһарман, Касым – оғлан Қайсенов!!!

1994 ж.  
ҚазАШИ. Алматы.

### **ҚҰМЫРСҚА ҰЖЫМ... Еңбек етуді үйрену керек құмырсқадан!**

Титтей ғана құмырсқа,  
Кіріспіл кетті жұмырсқа.  
Жетегінсіз-ақ ешкімнің,  
Уақыты жоқ, әм, тек тұрысқа.

Аш белі нәзік, бой жұмыр,

Қымылы ширак, жой-шымыр.  
Жыл мезгіл қыска, науқан шак,  
Еңбекпен жанбак, сой-ғұмыр...

Құмырсқа ұжым, үлгі ісі,  
Өнеге алса құл, әр кісі.  
Еңбекпен ердің өлшенер,  
Шығысы менен кірісі.

Маңдай тер төгіп, енбек ет,  
Ойымның айтар соңғысы.  
Тек жатпа, жаса қаракет,  
Патриот адам – сол кісі.

Ұғынған жанға аманат,  
Нағыз Ер, асыл азамат.  
Жаратқан дүние – жалғанды,  
Ойлы – еңбек жасар ғаламат!!!

05.05.1996 ж.

## ЖҰМЫСЫ ЖОҚ ЖАЛҚАУҒА

Жұмыстың мәнін – біле алмай,  
Жалқау жан, жүйке тоздырған.  
Шешініп іске кіре алмай,  
Күнді ұзак бекер оздырған.

Жұмсамай күшін білектің.  
Кіжінер сырттай боз қыран.  
Әр істің жөнін білгіш тым,  
Кіжініп үйде – сөз қылған.

Екі қол сыймай женіне,  
Болбырап солар бұлышық ет.  
Қарай алмай өз теңіне,

Жарылар бір күн, күншіл өт.

Бар күнә жалқау өзінде,  
Жұмыс көп алғыр адамға.  
Түйіні бар бұл сөздің де,  
Сәтсіздік үйір – жаманға.

Кежеген кейін тартпасын,  
Жұмыс тап, кіріс ерінбе.  
Көрінген босқа шатпасын,  
Табыс тап «боқтан» жерінбе.  
Бас катып, оймен жатқаннан,  
Мал бақкан озар, тегінде!  
Қолға алған істі жұмыстап,  
Шын рахат қой, ә, болдырган.  
Алған соң біраз тыныстап,  
Тұғырға конар – сол қыран!

1996-1997 жж.

## **МАХАББАТ – ӨМІР ШЫРАФЫ**

Махаббат – Арман мәңгілік,  
Сезбейтін жандар әңгүдік.  
Ақыл мен Жүрек жұптасса,  
Жоғалар мәнсіз әр күдік.

Махаббат – Арман шексіздік,  
Үмітсіз жандар – тексіздік.  
Болса егер Бірлік баянды,  
Мызғымас Достық сіз-біздік!

Махаббат – барша Табиғат,  
Төрт кітап Құран шариғат.  
Мұсылман сенген бір Алла,

**Ұстаным арлы Инабат!**

Жаратқан – туған Адамзат,  
Адам мен Һая – Махаббат.  
Жер-Ана, Ая, Ғарышың –  
Адамға қалған Аманат!!!

1999 ж.

## **ЖЕКЕ ОЙ-ТОЛҒАУЛАР**

Оңаша ой елек, жатқанда,  
Ұзақ таң мазаны ап атқанда,  
Өткен іс кем-кетік есті алып,  
Десек те іш босап, тазарап,  
Ой қортып, келешек сақтанға,  
Ойды екшеп өткенді саралар!

1999ж.

\*\*\*

Сұқты көзі үрланып,  
Қабак-жұзі сұрланып.  
Мұз мүсіні мызғымас,  
«Қола» жандай бір қалып.

\*\*\*

Патша көніл, не қыл дейсің пендене,  
Жыр ұялы жүрек конған кеудеме.  
Ой-қиялдың қанаты бар талмайтын,  
Өршіл міnez, мені оңай жан деме!!!

Патша көніл, құзырлыққа – бас ием,  
Тау жасайды жиыстырып құмды кім?  
Асып-тасып ойран салма, кисынсыз,  
Үзілмесін бір кесілген кіндігім.

## ҚАЗЫНА...

Қазына жеті құт бегім,  
Тағдырмен тартыс – енбегім.  
Атамды өткен жіктесем,  
Осалы жоқ кой, түп тегім!

Өмір жол емес ермегін,  
Күн кешу болмас, тер тегін.  
Тұсіну, бірлік жұптасса,  
Құлашты кенге сермегін.

Қазына асып, толсын дәп,  
Береке құтты болсын көп.  
Алланың рахым, сыйы нұр,  
Басына елдің қонсын кеп.

Жалғыздың өзі жаратқан,  
Қоғамға қамқор қаратқан.  
Адамның болсаң баласы,  
Көрін сен биік санаттан.

Арманы бітпес пендеміз,  
Ақыл мен ойға кендереміз.  
Ер казак – даркан, қонақ жай,  
Бақытты, азат елденбіз.

Қазына байлық жетерлік  
Бәрі бар, шыны – сенсөніз!!!

2000 ж.

## АШУДЫҢ АРТЫ – ӨКІНІШ

Ашуда ой жоқ – үргізер,  
Донызға лайық қорс етіп.

---

Опықты кейін жегізер,  
Басқаша тезін көрсетіп.

Ашуда – шындық ашылар,  
Пердесін беттің жыртқызып.  
Көзден де тамшы тамшылар,  
Мінезі тік, тосын түр бұзық.

Ашудың арты – өкініш,  
Ақ көңіл оқыс былғанат.  
Қайтпайды кері өткен іс,  
Айтарсың кімге лағынат.

Ашуда – артық ыза бар,  
Тыз етпе, ойсыз тіл ұзын.  
Арайлы бетің қызарар,  
Ойсырап көңіл күн ұзын...

Опық жеп, жүрек құлазыр,  
Шынайы сыр ғой, біл, әзір.  
Сабыр қыл, әр сәт, абайла,  
Сабана тұс, емес бұл әзіл.

Айтқаным жырмен өтініш,  
Көресткен емес – өкім күш.  
Көнілді патша қалдырма,  
Ашудың арты – өкініш!!!

2000 ж.

### ӘЛІ ДЕ АЙТАРЫМ БАР

Жоғарғы ілік, инженер – білікті ісім,  
Өркениетке қажетті білім – күшім.  
Ара-кідік жазғаным, елге жетпей,  
Өрісті өлең кешікті – біліп, түсін?!

Жалын атқан жастыкта өршеленер,  
 Алқынса да қайтпас нар өрге шөгер.  
 Қалам алдым, қолыма кілт ұстадым.  
 Өсер елге өркенді өзгеше өнер.

Тума талант өлеңді тен ұстадым,  
 Айтысқа да қатысып, тіл ұштадым.  
 Қиял тербеп, жүрекке ұя салған,  
 Қайым сырлы ұшырдым діл құстарын.

Ән мен жырда әлі де айтарым бар,  
 Үлкен жүрек, мөлдірлі адалдық ар.  
 Түйгенім нақ өмірден, көнілім шат,  
 Шықсан дейтін занғарға, арманым – нар.

Ақын – жырлы жүректің сыны басым,  
 Әрбір сөздің қалаймын, сырлы тасын.  
 Екі дүние алдында, арым таза,  
 Әділ бидей айтамын, шын-ырасын!

Мен – ғашықпын өлеңге, түйдім ойды,  
 Адам-атты қазақпын, текті сойлы.  
 Муза әлемде, әлі де айтарым бар, –  
 Махаббатқа – деменіз, нүкте қойды!!!

07.07.2001ж.

## ОЙ-ТОЛҒАУ

О, Жаратушым, өзің жалғыз тәңірім,  
 Бүлкілдеткен бар тірліктің тамырын.  
 Дүниені дөңгелетіп, ғарышты,  
 Құпиялап, мың құбылтты Әмірің!

Жер ұйықты, адамдарға сый еттін,  
Оймен орап, жұмсап күшін білектін,  
Өмір өзі үйретеді, тірлікті,  
Қадірлесен – болар бәрі тілектін.

Құпия сыр адамзатты сынау ма,  
Өмір тірлік оңай келмес құрауға.  
Әр құрлықта түрлі-түсті адам бар,  
Неге олай деп, болар ма екен сұрауға?

Жаратылыс, табиғат дүр, ой-өріс,  
Тіршілікten туындауды құн көріс.  
Құн менен От, тағы кажет, қу тамак,  
Қарын тойса, бұл алғашқы бітер іс...

Адам-Ата, Хаяу-Ананы жаратып,  
Мың сан ұрпак, түрі өзгеше таратып.  
Жер ұйықты жайлау еттін Адамға,  
Нұр сәулелі Құн мен Айға қаратып.

Ая мен Су бар тірліктің қайнары,  
Аспан – ғарыш жұлдыздардың айбары.  
Ғаламшардың құпия-жұмбак сыры көп,  
Адам – ғалым, ілім, санат айдары.

Милион жыл-ғасырды артқа сап,  
Ертең күнге нық қадаммен аттасак.  
Қуанышпен ғаламшарға жеткізем,  
Халқы дарқан Қазакстан деп «аттан» сап!

Ұлы Даға, бір қыырдан Құн шығып,  
Кең жайлауға гүл өседі құлшынып.  
Жер койнауы, кен байлығы ғажайып,  
Алтын дәні ел ырысы – молшылық.



Әкесі – Сәдүақас Жазықбайұлы, шешесі – Бекен Аманбай  
Қажы Қызы.



Домбыра шерткен бал дәурен.



Әкесі Сәдуақас, сол жақтағы - қызы Қыдырәлі, он жақтағы –  
Төкен Ысқақұлы, алдында түрған Ерғазы. 1945-46 жж.



Ағасы Мәди, шешесі Бекен, алдында Қызылгүл Ерғазықызы,  
екінші қатарда жеңгесі Бәтжан, ырысты Мәдикызы.



Қазыбек би ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы. 2015 ж.



Ерғазы Жазықбаев, Ғабит Мұсірепов, Евней Бекетов,  
Базарбай Жұманиязов. 1979 жыл. Қарқаралы.



Қазақстанның халық артисі Роза Рымбаевамен.



Рақымжан Қошқарбаев.



Қапан Сатыпалдин.



Халықаралық Жазушылар одағының және ҚР Журналистер  
одағының мүшесі, облыс әкімінің «Алтын сұңқар»  
сыйлығының иегері Ерғазы Жазықбаев жұмыс үстінде.



Академик Әлкей Марғұлан мен қоғам қайраткері Хайдар Арыстанбековтың студенттермен кездесуі. Алматы.



Ақын-жазушылар Еркеш Ибраһим, совхоз директоры Сұндет Мұқашев, Жаппар Өмірбеков, Әбдікәрім Ахметов, оқу бөлімінің меңгерушісі Нәгербек Спатаев, алдыңғы қатарда Ерғазы Жазықбаев, Смағанбет Дүйсетеев, Жапкең үйіндегі Зәуреш жеңгей және басқалары. «Бесоба» совхозы.



«Ауыл» партиясының басшылығымен бірге.



Балаларымен және немерелерімен.



Атақты механизатор, Социалистік Еңбек Ері, Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы Нұрбақыт Қабдықәрімовамен.



Балаларымен. Петровка ауылы, 1983 жыл.



Зайыбы Кайкен Жүнісқызымен.



Кездесуден соңғы естелік сурет.



Балалары - Қырмызы, Қызылгүл, Құнайгүл, Қарқуміс, Асем,  
Байсын.



Эншілер Тұлкібай мен Рамазан ақын Ерғазының кездесу  
кешінде.



Немерелері – Элия, Айару, Ажар.



Немерелерімен.



Отбасында балаларымен және немерелерімен.



Қарындасты Балкен Мәдиқызы



Жазықбаев Нардан


Немересі



Інілері Сейітқазы мен Балғазы.



Немересі – Элия, жолдасы – Арсылан, шөбересі – ыңдырыс.



КАК МЫ И ОБИШАЛИ, РУБАКЧЕМ  
ЗДЕСЬ БЫЛ ПОЛЯРНЫЙ — МАЛЫЙ  
ЖАКИВАЕВОЙ, КОТОРАЯ РАССКАЗАЛА  
О ТОМ, КАК КОМПАНИИ ИСТОДАЛАА НЕ  
БЫТЬ И МАЛЫЕ АЛАНЫ И АЛАМЫНДЫ  
ОБРЕДЫ НА КРЫМСКОЙ — ЭНД АСТАНДА-

— 10 —

Мы будем изображать ее так, чтобы не привлекать внимание к отсутствию письменных норм, что крайне важно для обеих сторон, так как это может привести к различиям в трактовке норм. Каждый Правилодатель имеет право на то, чтобы его картина мира соответствовала реальности.

предоставляла, что если у меня был бы этот ген, я бы

— И ужасно, — сказала рабочая, — я просто пылаю от страха сидеть на земле! И не могу вылезти из машины.

И она медленно вылезла из машины. «Нет, — сказала она, — я не могу. Мне страшно, потому что я боюсь... и падаю». И склонив голову, она покачалась. Стала ли она покачиваться Тристаном? Чем-то звонко склонила голову в стороны. И это звонкое движение было как-то странно, притягательно. Тристан сидел в машине, когда Дебби Ахроматова, то есть рабочая, вылезла из машины.

Бенедикт Гиршфельд. Многие документы, датированные 1908 годом, предполагают в качестве Титуларного вице-губернатора земли Калужской Губернии. И этот звездочный землемер, и его сыновья продолжали заниматься землемерной работой в Калужской губернии вплоть до 1917 года.

ГАЕВ БАДРАНКОВ. 9 лет  
GAEV BADRANKOV. 9 years

Адил Голати 8

**Главное не всегда главное –  
частое. И это не прошлое, это  
будущее в качестве улучшения.**

МР. ОГОСТИ ДУША БЛАГОДАРЯ ВСЕХ  
ЧАСТИКАМ КОНКУРСА И СОТРУДНИКОВ  
КОМПАНИИ, КОТОРЫЕ ПРИДАЛИ АКТИВУЧАСТЬ В  
Голосовании! В особенности спасибо всем  
кофейням национальной сети.

## *Мечты сбываются...*

Также в таблице отображены и другие параметры блокчейна. А именно: длина подтверждения или первоначально в приватном блокчейне, когда не разные спаренные пары были на разных уровнях, это подтверждение, что они являются вкладом данной структуры. Следует учесть, что подтверждение в блокчейне является и тому представителю в сети, кто имеет право на дальнейшее

поступают на KIDS-TV?

Легенда о золотом яйце. В Гондурасе национальный герб, в котором изображено золотое яйцо с краем из красного и зеленого цветов. Яйцо несет в себе пять яиц, из которых три красные, две зеленые. Красные яйца символизируют землю, зеленые — воду. Красное яйцо называется «Красное яйцо Гондураса», зеленое — «Зеленое яйцо Гондураса». Красное яйцо считается святым и символом единства народа Гондураса.

наны заслуживают восстания. Их мало спасло, что я не отвечаю. Особенное недовольство вызывает деревня Адмиралтейская. В Пушкине много места, куда можно складывать дрова. Я разрешил, что деревня покоряется подчинению администрации деревни или к поселковому совету. Но в Адмиралтейской есть и деревенские избранники.

Таким образом, идея об архитектуре и арте. Танки перенесли концепцию архитектурного блока в более пространственную систему. Уже в 1920-х годах в архитектуре появляются идейные и методические элементы, определяющие развитие архитектуры в XX веке. В основе идеи архитектурного блока — путь отчуждения науки от искусства, отчуждение науки от жизни и общества, отчуждение науки от производительной деятельности. Идея архитектурного блока не означает единство, она означает разделение, разделение науки и искусства, науки и общества, науки и производительной деятельности. Гармония и единство не означают единства, они означают разделение, разделение науки и искусства, науки и общества, науки и производительной деятельности. Так что будущее архитектуры, следя за ее судьбами, мы должны помнить, что она не приносит радости, она приносит горе, она приносит зло, она приносит раздор.

«Эйр Астана» компаниясының «On Air» журналы.



Баласы – Байсын. 1987 жыл.



Күйеу баласы – Ержан, қызы – Қаркүміс, немерелері –  
Малика, Даниял, Арлан.

Өр Алтайым, Алатауым айбарлы,  
 Балқаш, Арап, Каспий бар қайнарлы.  
 Кең пейілді, дастарханы жаюлы,  
 Қазак деген Ұлы халық жайдарлы.

Ата қоныс, ұлан ғайыр бақ – далам,  
 Сұр найзаның ұшымен,  
 Сом білектің құшімен,  
 Мирас еткен ұрпакка –  
 Бабалардың ерлігіне сұқтанам.  
 Қазак болып туғаныма –  
 Шаттанам да, мактанам!!!  
 Құні сөнбес, оты өшпес мәңгілік,  
 Ел болайық! Жасасын Қазақстан!  
 2002ж.

## ҚАЙЫРЛЫ ҚҮН МЕН ТҮН

Қайырлы Құн – ғұмыр кешіп бақ-құтта.  
 Адамзаты қызық-шыжық өрсінші!  
 Қайырлы Түн – өзіме де, жұртқа да,  
 Бар тілегім армансыз боп өтсінші.

Қайырлы Құн – ынтаzar жан әлемге,  
 Бай-қуатты, бақыт-бағын құшсыншы!  
 Қайырлы Түн – ұрпак өріп, әмандада,  
 Жұзге жетіп қалықтасын, ұшсыншы.

Қайырлы Құн – сәуле-нұрлы шуақ боп,  
 Адам-қонақ, бірін-бірі дос көрсін!  
 Қайырлы Түн – барған жерің жұмак боп,  
 Баки мекен, аруактары хош десін?!

Қайырлы Құн – адамзатты жаратқан,

Жер-Ана мен ғалам шарға аманат!  
Қайырлы Тұн – Ар, санатқа қаратқан,  
Арттағыға қалмасын деп жаманат!

Қайырлы Күн – жазмыш өмір өткелі.  
Қайырлы Тұн – озмышы жоқ, өткені...  
Күн менен Тұн – алмасып нак, Алладан,  
Жаратушыдан әмір-пәрмен жеткені!!!

Әумин!  
25.09.2002 ж.

## СҰЛУЛЫҚ, ӘМ СҰЛУЛЫҚ

Сұлұлық сырлы – өртедің,  
Көз көркі – сымбат, елтемін.  
Қас қағым сәтте ой ессіз,  
Тіл қатпай, мұлде келтемін.

Сұлұлық – отты, дүр ұшқын,  
Дүние сағым нұр күштим.  
Махабbat – нәзік, гүл сезім,  
Арбауы ма еken діл – күштің.

Сұлұлық сыны, сәнді – әлем,  
Елтіген бойды, әнді әуен.  
Дел-сал боп қалдым неге еken,  
Ес-түсті алған, гәп, бәлең!

Сұлұлық – мәлдір, жүдегер,  
Лұпілін жүрек үдегер.  
Ғаламшар, қалып адыра,  
Аңсаумен жып ғып күн өтер.

Сұлұлық сұқты сырын ұқ,

Бой түзеп, күнде қырынып.  
Куат ап отты сезімнен,  
Жүрерсің әр күн жылынып.

Сұлулық – әлем ындын шақ,  
Алауға түсер ұрыншак.  
Салтанат сәнін ұққан жан,  
Жыр арнап, әсем – нұр құшпақ.

### **ЖЕКЕ ШУМАҚТАР...**

Қанатсыз болса – құс емес,  
Өнінде көрсөн – тұс емес.  
Ойында ойран – салған сын,  
Байдағы қуат – күш егес!

\*\*\*

Халық қайтсе – тоқ болар,  
Десем ойға – шоқ толар.  
Күйдірер де – жандырап –  
Құрмеуі қыын – отқа орап!!!

\*\*\*

Ақын жанды – адам нақ,  
Ретін тауып, амалдан.  
Айтуға онай, қыын іс,  
Тер төгілсе – алынбақ!

\*\*\*

Көсем басшы – көреген.  
Тіл табысар төремен.  
Қолдау тауып, ел-жүрттан,  
Көрінер ісі – сөреден!..

\*\*\*

Өмір – тірлік шырағы,  
Екі көздің нұр-ағы.  
Күн менен тұн алмасқан,  
Тағдыр – жазмыш тұрағы...

2003 ж.

\*\*\*

Жас ғұмыр, тасқынды өзен, кемел тілді,  
Әр кеуде, кеудем соктау келер тілді.  
Тас тағдыр диірмені қажай-қажай,  
Пәк көніл үтіліп, кемірілді...

\*\*\*

Шындық батар өтіріктің шымбайына,  
Өсек әзір арсыздың ыңғайына.  
Жалпыға ерген жалғанды жауыр қылып,  
Ермек болған ығайы мен сығайына...

\*\*\*

Ғашық ессіз, көзі шоқтай от – сәуле,  
Қайырым жоқ, ең қыны бос әуре...  
Махаббаттың сезімі де, өртпен тен,  
Өзі аман, жанбай қалса, хош, тәубе...

Сырлы сезім, назды қиял әуенді,  
Көңіл кошты, жүрек қыспак әудемді.  
Жалын құшып, шоқ қариғы тәнінді,  
Осы бір сәт қуат қажет әлемді.

Ғашық көзіз, махаббатта машакат,  
Мұндай сәтті сезбегенге – ашық хат.  
Бәлкім жастың гүл түйсігін оятар,  
Болар түбі, көпке үлгі – мәслихат!

Арка жакқа жайды кілем жаз келіп,  
 Айхой дала масайрады өзгеріп!  
 Табиғаттың жанға жайлыш дер шағы,  
 Бойға қуат, түрленді әлем, көз көріп.

### **МЕН АДАММЫН...**

Мен адаммын, Алла деген тәнірім,  
 Тұла бойда бұлкілдейді тамырым.  
 Арпалысып өтіп өмір өткелін,  
 Куат бер деп жүтқан жанмын таң нұрын.

Арбауына тұскен қызыл сайқалдын,  
 Аңғал жүрек, көнілі көл шайқалдын.  
 Жылдар өтіп, тотыдай бір мінгірлеп,  
 Торға түсіп, амалсызын, жай қалдым.

Қасиетті көтерген тік шанырақ,  
 Ұжым қажет қалмау үшін аңырап.  
 Түсіністік, бірлік берік болмаса,  
 Атпайды екен сәулелі нұр таң бірақ.

Еңбек термен өтті жылдар ер жігіт,  
 Откен іске жүрмейтін жай енді үгіт.  
 Үрпактарға сенім артып, тәубалап,  
 Алға тартар, Алла жар боп мәнді үміт!

2003ж.

### **ҚАЙЫМДАР**

Ала бөтен содырмын,  
 Шіп-шикі ала қотырмын.  
 Нағыз корлық – жалғыздық,  
 Абайшылап отырмын.

---

Тілі улы тотымның,  
Құлағы керен, соқырмын.  
Жанған шоғы алғашқы,  
Сөнбесін деп отымның!!!

2005 ж.

### **СОРЛЫ БЕТ...**

Шаңырактан таң шырақ,  
Күн сәулесі тамшылап,  
Ошақ отын тұтатқан.  
Саялы үя – бақша бақ!

Базарлы үй – балапан,  
Аялы – жылы алақан,  
Силап өскен үл мен қыз,  
Әр қайсы бір жан – дархан.

Қыздар өріс – бойжеткен,  
Үл азамат – сой кеткен...  
Не керектің бәрі бар –  
Неге ағады сор беттен...?!

2005 ж.

### **ҚЫЗДАРЫМНЫҢ ЕСІМІ**

Қырмызы – Күн мәңгі сөнбейтін,  
Табиғи сынаққа көнбейтін.  
Жер-Ана, Адамзат, Ғаламшар.  
Куатты Ғаламат, өлмейтін!

Каркүміс – аязды тұндегі.  
Жұлдыз мың Ай-сәуле, Күн-тегі...  
Шырша сән өң брмес жыл бойы,  
Көктем-дәм бал шырын гүлдегі...

Қызылгүл – таң шапақ алаулы,  
 Күн-шырақ Әлемге тараулы.  
 Күш берген тірлікке, өң кірген.  
 Адами көңілге қалаулы...

Күн Ай Гүл – өмірдің ошагы,  
 Бірліктің мызғымас, хош-ағы.  
 Сұлулық әлемің тұғыры,  
 Ғұмырлық айнымас, дос-бағы!!!

Әсем-ай – қыркүйек қамбалы,  
 Бақша-бау, алтын дән таңбалы.  
 «Жазмыштан – озмыш жоқ» – дегендей...  
 Бақылыш мекені – там бағы...

2005 ж.

\*\*\*

Жүректе қыл бар ма, сым бар ма?  
 Шын сүйсе пәк сезім сын бар ма.  
 Қиялды тербейді қас сұлу,  
 Көрер көз сұктанар сындарға!

Шын ғашық, тіл мылқау, сыр бұқпа,  
 Балауса ұяндық ұрлық па?  
 Ерікті алатын бір нәзік,  
 Сезім күш – табиғи шындықта!

Мұң торлап ойынды, сор бұқсын,  
 Құлазып дүние торықсын.  
 Әлемге айғай сап, ашық айт,  
 Көнілде, жүректе орнықсын!

Біреулер өзінше он ұқсын,  
 Әлдекім кешігіп соң ұқсын.  
 Көпшілік түйсігі әр басқа,

Көнілін қаяусыз солықсын.  
Алдыңнан қайырлы жолықсын,  
Кеш ұққан ой мешеу опық жеп,  
Өз жанын – өзі жеп, торықсын!!

## ҰЛЫ ДАЛА ҚЫРАНЫ – НҮРКЕН БАТЫР

Нұркен – ұшқыш, жас қазақ – ол, жасыным,  
Шүйліккенде төбесінен қасының.  
Отқа ораган, Отан үшін, Ел үшін,  
Ойға алмаған қамын жеке басының.

Нұркен – батыр, атасы оның Жалантес\*,  
Қас жауынан ойсырата алған өш.  
Ұлы дала – баһадүрдің жалғасы,  
Кек аспанның қыран құсы арлан күш.

Жас қырандар қызыл айбын, асқақ үн,  
Дүркіреткен қан майданның аспанын.  
Найзагайдай от ойнатып, оқ атқан,  
Сазасы деп жауға, асып-тасқанның.

Толасы жоқ шайкас, атыс – шабуыл,  
Аспан асты, жер мен көкте, от дауыл.  
Әртке оранған балқып танкі – фашистер,  
Бас көтермес, алды сокқы, соңғы ауыр.

Жалынды жас, өршеленді – айбатты,  
Қан құйлы жау, қасарысты – ай, қатты.  
«Қыран құсқа» тиді қанғып, жазмыш оқ,  
Отқа оранды, жау ордасын – жайратты.

Бітті соғыс, қылды сан жас қыршын,  
Мызғымас жан, бейне мүсін – тас тұрсын.  
Гитлершіл фашистерді – табалап,

---

Бүкіл әлем, өз халқы, басқа ұрсын.

Қасиетті бір сүйем жер Отандық,  
Ерікті боп, ел қорғауға аттандық.  
Нұркен – қыран, атқыш досы – көс батыр,  
Намысты жан, мәнгі алау, оты анық!!!

09.05.2008 ж.

---

\*Жалантөс – Сокыр батыр (Қаракесек-Сарым)

**ӨМІР ӨТПЕЛІ...**  
*(Бейтанаисқа қарап...)*

Көз нұры – көңілден,  
Бой солғын, әм әлсіз.  
Жан неден түнілген,  
Тұрмыс па, не мәнсіз?

Дидарда сағыныш,  
Жұз сынық мұнайған.  
Болымсыз алданыш,  
Ғұмыр ма ұлғайған?

Өткен күн мазасыз,  
Тірлік күй азайған.  
Бірлік жоқ азасыз,  
Қажыған аза ойдан.

Бәтуа жоқ күн озған,  
Өксіткен әр ілік.  
Куаты аз, тән тозған,  
Алқымдап кәрілік.

Екі-аяқ шатылыс,  
Тағдыр жол қапылыс.

---

Жаратқан өктемі...  
Нәқ осы жалған іс.  
Дегені рас-ая,  
Өмірің – өтпелі!!!  
Бар үміт – алданыш.

«Әжазмыш» кеп өткені.  
Болмаңыз өкпелі –  
Болсын деп алды кең –  
Арты осы – қайырлы!!!

2009 ж.

## МӘДИ АҒАМ ҚАЙТҚАН ТҮН

Бір ананың кіндігінең үзілдік,  
Асыл ана сүтін еміп түзілдік.  
Әлдиімен түн ұйқысын төрт бөлген,  
Тал бесікте жатып жайлы көз ілдік.

Ерте келіп кештің күнді тайғақ лас,  
Заман-ай да, кештің тірлік жанталас.  
Ашаршылық, наубат кезең жылдары,  
«Детдомныңда» асын жедің аш-қалмас.

Анамыз да көтертіпті көп құрсақ,  
Әйелдерді «қырық жанды» деп тұрсақ...  
Отбасының ұйытқысы әм, тұтқасы,  
Болу деген жұмыс емес бұл ұсак!

Ана болу құл – дәуірде мойымай,  
Нәзік жанға қыын емес жолы оңай.  
Әр қайсысын тоғыз айдан көтеріп,  
Ұрпақ өсіру тек «әжазмышқа» жоламай.

Қырық бірде шекара шеп бұзылды,

Қырып-жойып құртамыз деп «қызылды».  
Неміс-фашист жер мен көктен оқ атып,  
Анталады ұлтшылдары қанқұйлы.

Ұлы Отанды қорғау ерлік кеңестік,  
Көп ұлтты ел бейбіт күнмен тең өстік.  
Қан майданға өзін бардың сұранып,  
Бойда намыс текті жанға емес түк.

Келіп еді, ұлтышыл жауыз құлышынып,  
Женілді жау өз қанына тұншығып.  
Аман-есен елге оралдың жеңіспен,  
Арай шашып әлем шардан күн шығып.

Отау құрдың, сүйіп-мейір жарынды,  
Қосағынмен бірге бөлдің барынды.  
Өсті ұрпақ, көрдің елді - Тәуелсіз,  
Еңбек еттің таза сақтап арынды!

Азат елді аманаттап ұрпаққа,  
Өсіп-өніп жүріндер деп нұр бақта.  
«Елді аман сақтаңдар, - деп, - бірлікте»,  
Мызғып кеттің мәңгі бақи жұмаққа!!!

30.11.2012 ж.

### **«ШЫБЫН ЖАН» (Ойлар)**

Адам-жан, тірлік үшін сынға түскен,  
Балдәурен, килы-кезең тағдыр кешкен.  
Жан-деген шыбын емес ызындаған.  
Жаратушы пірдің сыйы – шығарма естен?

Адам-жан, Алла нұры, тән-құбылыс,  
Файыптан пайда болған тәнірлік іс.

Жер Ана, миллион жұлдыз, Күн менен Ай,  
Ой-тоқудан, санадан тыс жаратылыс...

Адам-жан, жер-Ананың, нау баласы,  
Ұрпағы Адам-Ата – Хая-анасы.  
Жаратқан ғұмыр үшін табиғатты,  
Адамзат болмасын деп, дау-аласы.

Әр-Адам құдіретті, касиетті,  
Ғажайып жаратылыс ғасыр өтті.  
Бір-Алла, жаратушы ғұламаның.  
Елшісі Пайғамбарлар – асыл текті.

13.03.2013 ж.

## АЛАҚАЙ-АУ, АЛАҚАЙ!

Қар жауып тұр, алакай,  
Киіп алып малақай.  
Шақырып тұр далаға,  
Қар жамылған алаңқай.

Аязды ашық, қарлы қыс,  
Жылтылдайды қар күміс.  
Қардан қалап жасаймыз,  
Көркем бейне – түрлі тұс.

Сырғанаймыз, сырғимыз,  
Шаңғы теуіп, ырғимыз.  
Конькиге де ыңғайлы,  
Кек аспандай сырлы мұз.

Көңіл күйі, бәрі мәз,  
Қыскы ауа дәріміз.  
Аяз сүйіп қызартып,  
Ажарланды әріміз.

Алақай-ау, алақай,  
 Қуанышты балакай.  
 Қыста ойын-қызығы,  
 Қар-мұз айдын алакай!!!

13.03.2013 ж.

## **ЖОЛ ТОСҚАН КҮН**

Жол тоспақ ем сәулем айды, бұлтты күн,  
 Бұлт кезенді наизағайлы мылтығын.  
 Нөсерлетіп, толастамай ақ жауын,  
 Су-су болды сезім – сырлы ынтығым!

Ақын жанды, жолым қатты жігітпін,  
 Ашылар деп ауа райын шын күттім.  
 Үкілі үміт, бара-бара малшынып,  
 Үндінды ыссы жауын суға сұңгіттім.

Ақ жауынның тамшылары моншақты,  
 Гүл майсалы көк өскіндер мол шакты.  
 Мәлдір сезім көніл ділі шынайы,  
 Шын ғашық шак дәл осы кез сияқты.

Жылы жауын күдік ойға сабыр деп,  
 Ауа таза есті майда бабыр леп.  
 Шыдам түбі – әр істе де женісті,  
 Ту тігеді ғашық жүрек, батыр тек!

## **ПЕРИШТЕМ, АЙАРУ**

Айналайын, көкешім,  
 Наз қылышты бөпешім.  
 Әуендей әнге елітіп,  
 Билеп кетер ме екенсін.

---

Айналайын, ботамсын,  
Көзін нұрлы от жансын.  
Қызың қылышың сүйкімді,  
Айдай жүзің ток шамсын.

Айналайын, құлыншақ,  
Әр нәрсеге ұрыншақ.  
Бәрін білгің келеді,  
Желбіреген тұлымшак.

Айналайын, немерем,  
Жанға дәру сен бір ем.  
Қызығыңа мәз болып,  
Кесегем деп семірем.

Айналайын, айна-ару,  
Көзайымсын жан дәру.  
Көңіл хошы – көктемім,  
Періштемсің – Айару!!!

02.04.2016 ж.

### **АУЫЛ ЖАЙЫ ОСЫНДАЙ...**

Барып қайттым ауылға, барып қайттым.  
Көшкен елдің сағыныш, зарын айттым.  
Думанды еді, сайранды бұрынғы ұжым,  
Кеңес құрған ұйымның, «зорын» айттым.

«Қамқор» аты өзгеріп, «кор-қам» бопты,  
Үйлер емес, үйінді зор «там» бопты.  
Сай-салада қыстақтар аты өшіп,  
Егінжайлар есіз қап, сортан бопты.

Жоғарғы желі сымдар қолды болып,

Қаранғылық жайлаған қараң бопты.  
Жоспарсыз іс оңа ма, кім айтады,  
Кім қайырар адасқан тобыр топты?!

Кенес құрған ауылда үш үй қапты,  
Жарықты ұрлап, өздері не күй тапты.  
Мынғырган мал, техника қайда кеткен,  
Ойран-топан, жок еткен хош күй бақты!

Макұрым жан би болған әкім сымак,  
Міз бакпайды жатса да әркім сынап.  
Себебі, ол білікті маман емес,  
Көкесі бар бөрікті «әлім» шұнақ.

22.05.2016 ж.

Қамкор ауылы.

\*\*\*

Ой қойнауын қазып-жазып жету мүмкін емес,  
Арман шексіз, жеткізбейді, сияқты сағым елес.  
Біткен іске, жасап кана қанағат, тәуба етіп,  
Бір ғұмырдың ойлы-қырлы тағдыры – ағым белес.

## ОН ЖАС – САНДЫҒЫ

Тоғыз ай, тоғыз күн көтеріп,  
Аналық парызы өтеліп.  
Әмірге бейкүнә бір сәби,  
Кіндігін кестіріп, келді еніп.

Іңгәләп мамасын аймалап,  
Ақ бесік, ақ мамық, айнала – ақ.  
Атасын, әжесін сүйсінтіп,  
Көзайым әкеге айдан – ақ.

Күн менен ай өтер, жыл жетер,  
Бірге кеп, еркелеп, ер жетер.  
Қаз - қаз деп, тұрғызып, мәз болып,  
Құласа деп айтар – жер көтер.

Екіде кекілді, жарасып,  
Атасы, әжесі таласып.  
Тіліне былдырлақ боталап,  
Дейді олар, көздегі қарашик.

Үш жаста – күлім көз, тәттісі-ай,  
Әр іске қолының ептісі-ай.  
Құлыншақ, бақшаға баар жыл,  
Маржандай тізілді ақ тісі-ай.

Бес жаста – есті шақ, есейген,  
Өз беті жүреді көше – үйден.  
Әліппе үйретіп, бақшасы,  
Мектепке дайын деп, ой түйген.

Алты жас – ақылды, алымды,  
Әр сөзі пайымды, нанымды.  
Қолында сыр – сандық, телефон,  
Жан-жақты, білімді, қарымды.

Жеті жас – мектепке аттанды,  
Ертемен қарсы алар ақ таңды.  
Шашына ақ бантік жарасқан,  
Оқуға құнығып, шаттанды.

Сегіз жас – сабаққа қосымша,  
Күй мен би, көркем сөз көп сонша.  
Бірінен-біріне кеп үлгерсе,  
Уақыт аз, ойнауға жоқ мұрша.

Тоғыз жас – достар көп парталас,  
Жақандық жүйемен жанталас.  
Бір емес, үш тілді менгеру,  
Есті алар, жан-жағын аңдамас.

Он жаста – сән түзеп, сымбатты,  
Киімдер түр – түсті, кымбатты.  
Ата – ана сонынан ұлгермей,  
Маза жок, бір жүріп, бір жатты.

...Жұруге жылдамдық – «мерседес» -  
Құрбыдан кем болмау тең – тірес.  
Атасы, әжесі жайқалды,  
Әкесі ұлгерсе – «маладес»...

Бұл сынақ, он жас қой – қүшенбе,  
Жеткеніше үш жыл бар мүшелге.  
Сауалы : бір ғана баланың санағы,  
Жауабы: көп бала түседі қүш Елге.

13.06.2018 ж.

## СӘЛЕМ

Қарқаралым казылық,  
Дүгай сәлем жазылып,  
Сағыныш ән жолдаймын,  
Жер еркесін мәз қылып!

Тоғай шашың желбіреп,  
Тас жүргегің елжіреп,  
Карсы алдыман шықшы бір,  
Жете алмасын жел жүрдек?!

Қарқаралым – жұмағым,  
Шайтан көлім – жұмбағым.

**Іше алмай қалып қойған қапылыста.**

Теніне қосыла алмай өз жасында,  
Төгілген бір сұлудың көз жасы ма.  
Су біткен сусығанда төмен карай,  
Бұл қалай шығып кеткен құз басына.

Мөп-мөлдір ғажайып көл тау басында,  
Құлпырған бал қарағай бау касында.  
Ақку-қаз айдынында шомылады,  
Тоғайдың күнде думан ауласында.

Кеудесі көл - жанарлы Бұғылы шың,  
Жасартқан табиғаттың құбылысын.  
Сынаптың бағанасы - Шайтан көлді,  
Көтерген тау басына ғұмыр үшін!

### **НҰРА ӨЗЕНІ – ЕРМІН ГОЙ...**

Арқалы Арқа аккуындей, канатын,  
Көктемде бір асып-тасып қағатын.  
Мың сан бұлак, карғын сұы бас қосып,  
Солтүстікке нұран шаша ағатын,  
Арқа белде Нұра өзені – мемін гой!

Тау қыраты, жоны түкті шоқылар,  
Даласы кең, малга жайлышты оты бар.  
Сарыарқа, Сарыжайлау құтты жер,  
Көшпенді елі, қоныс тепкен отырар,  
Көпті көрген, көне көзің – бірмін гой!

Жагалауы жазда жайлау шұрайлы,  
Жагалай тал, шілік өскен тоғайлы.  
Қызыбозбала, үлкен-кіші шомылған,

Көнілге хош, жанға сая арайлы,  
Ақдалада сүзы мөлдір – сәнмін ғой!

Күн менен Тұн беттескенде толғана,  
Құстар келіп, айдыныма қонғанда.  
Адам-өскін сусаганда шөл басар,  
Зәмзам сусын нақ керекті сол маңда,  
Саумал сүттей мәнді сусын – нәрмін ғой!

Арка талай тайталасты көп көрді,  
Жеңді халық киңи заман, өткелді.  
Намысты ер қалды қорғап, ел аман,  
Жасампаз жұрт Женіспенен өткерді,  
Бұған куә мен – Нұра өзені – ермін ғой!

## ОЛ – ҒАЖАЙЫП ДӘРІГЕР

Ак киімді періште – сын, әрі – кер,  
Өмір үшін, күрес жолда, әбігер.  
Емге зәру, келген жанға мейірлі,  
Кім дейсіз бе? Ол – ғажайып дәрігер!

Ауырған жан, емханадан ем іздер,  
Өкпе қысып, жүре алмаса, әудем жер.  
Нак ауырған, ағза дерпті дәл тапкан,  
Емші жан кім? Ол – ғажайып дәрігер!

Ак сауытты, құтты тірі – жәдігер,  
Қолында алмас, қандауыры, кәдімгі Ер.  
Батыл шешім, адам жанды-инженер,  
Оташы кім? Ол – ғажайып дәрігер!

Жылы сөзде, қиналғанда дәрмен дер,  
Жан-сырқатын женілдетіп, дәрі егер,

Инесі өткір, қолы жеңіл, шырайлы,  
Мейірбике. Ол – ғажайып дәрігер!

Төтенше жай, оқыс апат,.. калін көр,  
Қызыл-жоса, тірі-өлік, бәрін тер?  
«Жедел жәрдем» емшілері әмбебап,  
Шұғыл көмек. Ол – ғажайып дәрігер!!!

Өмір – күрес, әліп арты, әлім – зер,  
Білгір ұстаз, шәкірті он, тәлімгер.  
Жинаған мол, тәжрибе мен ілімді,  
Антқа берік. Ол – ғажайып дәрігер!!!

Оқыс апат, тірі – өлік, бәрін көр,  
Нақты шешім қабылда да, пәрмен бер.  
«Жедел жәрдем» елшілері әмбебап,  
Шұғыл көмек! Ол – ғажайып дәрігер!

07.05.2020ж.



---

---

## ШЕШЕМНІҢ ҚАЙЫМ ӘНДЕРІНЕН

Аспанда ай нұрланады толған сайын,  
Бұл пенде не демейді болған сайын.  
Болғанда ашу пышақ, ақыл таяқ,  
Таяғың таусылмай ма жонған сайын?

Бас еді өлеңімнің сырты қаумет,  
Семірер адам қойдай, бітсе дәүлет.  
Ораза, намазыңды малыңдай күт,  
Алдыңнан даяр болар, екі-ау жендет.

Ақ үйдің ай көрінер мандайынан,  
Жаксының бал тамады тандайынан.  
Жапанда жан туған жоқ бір өзіндей,  
Жұмақтың жаратылдың қандайынан.

Дүние өтер-кетер кезбе болып,  
Бір туыс айырылсан, сөзге болып.  
Түрлікте бір-біріңмен сыйласып өт,  
Кетерсің ірген тайса өзге болып.

Мекеде бір ағаш бар бүрленеді,  
Күн сайын жапырағы түрленді.  
Ей, қалқа, бір күнінді қызықтап қал,  
Жүзінде дүниенің кім жүреді?

Дуние бір қызыл шоқ сөнбейтүғын,  
Ешкімнің алдауына көнбейтүғын.  
Ей, қалқа, жас шағында ойна да күл,  
Адамзат, шайтан емес өлмейтүғын!

## ӘКЕМНІң ҚОШТАСУ ХАТЫ

Жасымнан шаруақор, еңбекші едім,  
Еңбектің адап сүтін ембекші едім.  
Ауырып, осы халге ұшырадым,  
Сау болсам кеппен бірге жүрмекші едім.

Бесіктен белім шықпай атқа міндім,  
Кой бағып, ой мен кырды жатқа білдім.  
Питерден Октябрдің желі ескенде,  
Шахтада қайла шаптым, тасты тілдім.

Жастықпен біраз жерді араладым,  
Замана алмағайып, аландағым.  
Тын үрдіс, партия ұйым, жаңа қоғам,  
Тек халық тоқ болса деп армандағым.

Партия нак, саясат деп көніл бөлдім,  
Белсенді, «жалком» болдым, өмір көрдім.  
Ұжым боп, «Қамқор» атты колхоз құрып,  
Кеңестік туған жерде бірлік өрдім.

Одақтын зымян сыры басқада екен,  
Мәскеудің құпия ішкі жарлығы екен.  
Атаным бір-ақ құнде «халық жауы»,  
Оқыс жай қатты тиді тасқа шекем.

Қарабет, айырылдым ірі есінен,  
Табылған мен бір елік күресіннен...  
Қор болып, алты айдай жатып шықтым,  
«Үштіктің» Құдай колдап, түрмесінен...

Бүгінде елутогызда менің жасым,  
Жанымда отыр мұнлы жан жолдасым.  
Ұстады көмекейден түйін тартып,  
Ақырын бір Құдайым, өзі ондасын.

Науқасым күннен-күнге ауырлайды,  
Ем-дауа көп іздедім, табылмайды.  
Мінеки, жылдан артық болып қалды,  
Тамақтан кесек тамақ, ас бармайды.

Дүние үлкен дария тасқындейды,  
Еш адам өзіне-өзі қас қылмайды.  
Бір зұлмат, аштық жайлап кезең өткен,  
Тамақ мол жұтқыншағым бастырмайды.

Құдайым көмекейді аштырмайсын,  
Әйтпесе, тәбет шіркін қасқырдайсын.  
Саудырап сүйек қалды, ет арылыш,  
Төсекке бір калыпты жаткызбайсын.

Жүре алмай, үй қамауда отырамын,  
Бұл дүние бір қызыл шоқ құтылармын.  
Әр пенде басы жұмыр не көрмейді,  
Құрыққа жалған салған тұтылғанмын.

Ел-жұрттым көніл сұрап келіп жатыр,  
Жалғаннан күдер үзген мен бір пақыр.  
Ерғазы – жас, ел-жұрттын танымайды,  
Жеткізер жеткіншектер жетіп жатыр.

Мәди мен Бибігайша балаларым,  
Есейіп, оянын тез саналарын.  
Мен кетсем алыс сапар білгейсіндер,  
Ел-жұртпен жақын журсін араларын.

Сәлем айт, Қарқаралы – сәүлетіне,  
Байбөрі Сыздық қажы әuletіне.  
Зейнолла, Әсіма мен Әлия әжей,  
Халыктың лайық жандар құрметіне!

Сәлем де, Қарағанды қаласына,  
Бауырым Скак - Айша, дарасына.  
Хасенжан, Шәймерденім, Жакыпбекім,  
Тапсырдым бір Құдайым панаына.

Рұым Каракесек - Кара - Асаны,  
Жомарт ел – десе кімдер таласады?  
Бабасы – Қаздауысты Қазыбек би,  
Батыры – Сенкібай-Ер нар-асылы.

Қол әлсіз, қалтырайды жазсам қалам,  
Сөз аяғы осыменен болсын тамам.  
Мен кетем бул жалғаннан, бақи кешіп,  
Аман бол! Он сегіз мың патша ғалам!!!

Сәдуақас – Жазықбайдан, менін атым,  
Ел-жүрттан кешу сұрап жазған хатым!!!

*1955 жылы 11 тамызда жазылған.  
1955 жылы 18 тамызда кешкі сагат  
20.00-де бақылық болды.  
Арабша жазылған қолжазба 1977  
жылы жеселтоқсан айының 2-сі күні  
Шамшиев Әбілқайырга, Жомартов  
Дәулетбекке аудартып, жазылтып  
алынды.*

---

## Ән өлеңдері

---

### АНА ҮМИТІ

*(Баллада)*

**Әнін жазған Сәрсенбек Жұнісов**

Қарайды ана, батыска қарайды еппен,  
Үмітпенен күндерді санайды өткен.  
Желден хабар күтеді самал ескен,  
Күннен сәлем жолдайды солай кеткен.

«Қара қағаз» көңілге дағын салған,  
Хабар шығар бұл бәлкім ғайып-жалған.  
Дейді ана мұңая... әлде бірак,  
Мыңның бірі шығармын бағым жанган.

Дүние-ай, қайран өмір-ай!

Ол өлген жок, сенемін – әлі тірі,  
Көз алдынан кетпейді балғын түрі.  
Бала деген көкірек жалын ұрып,  
Жегідей жеп жүректі тілгілейді.

Қандай еді тұлғасы – алпамсадай,  
Серілігі бар еді Біржан салдай.  
Құрбылармен жарысып, алысқанда,  
Жұруші еді-ау алдына бір жан салмай.

Келінім де бар еді көздеп жүрген,  
Сұлу жүзді сүйкімді, көзі күлген.  
О байғұста көп күтті... өндір жас қой,  
Қандай абзал жан еді төзе білген...

Ей, кызыл күн, жалының лапылдаған,  
Сырың бар ма жасырын айтылмаған,  
Күнде барып, батыска тұнеп жұрсін,  
Қайда менің құлымын жалтылдаған?

Мүмкіндік бар жер шарын көріп өтер,  
Шынынды айтшы, алдама енді бекер.  
Өлді деуге бола ма... Кім айтады,  
Тілі барып, дәл соған көзі жетер?

### **НҰРАДАЙ МӨЛДІРІМ** *(Шәмшиңің әнімен)*

Аркада Нұраның,  
Бойында тұрамын.  
Жазда ойнап жағанда,  
Қанбады құмарым.

**Қайырмасы:**  
Мәп-мәлдір суындей  
Ақ сәуле құрбым-ай.  
Сені ансан қаншама ай,  
Келемін шаршамай.

Ауылым – Бесоба,  
Қадірлі босаға.  
Өзінді ансадым,  
Тағдырым коса ма?!

**Қайырмасы.**  
Қос шоқы, қос анар,  
Бек ләzzат, дос алар.  
Шын ғашық мен деп біл,  
Сарғайып тоса алар.

### **Қайырмасы.**

Қос коныр, Жібегім,  
Бір сен деп жүрегім.  
Күндіз – Күн, түнде – Ай,  
Сарғайдым, жүдедім!

### **Қайырмасы.**

Нұрадай мөлдірім,  
Сезімді білдірдім.  
Жыр жазып жолдадым,  
Жауапқа ділгірмін!!

07.08.1967 ж.  
Бесоба ауылы.

### **ҚЫЗҒАЛДАҒЫМ**

*(Әнгे арналған)*

Қызғалдағым, көнілімде көктеген,  
Нұрлы жүзің көкейімнен кетпеген.  
Өзегіме кірпігінден өрт түсіп,  
Күйіп барам жалыныңнан күтпеген...

Қызғалдағым, шешек атқан нұрлана,  
Сырлы көзің күлімдеген ұрлана.  
Жүрегіме күйіп жайма шуағын,  
Ынтық қылған тіл қаттырмай бір ғана...

Қызғалдағым, қыр гүлісің қырмызы,  
Арманымсың, түннің жарық жүлдышы.  
Сағыныштың сандуғашы – бұл энім,  
Фашығымсың, жаным сүйген қыры.

15.05.1961 ж.

## ҚАРҚАРАЛЫ – ЖЫР БАҒЫМ (*Вальске арнап*)

Қарқаралы қазылық,  
Жыр арнаймын базылық.  
Әуенді әнмен жолдайын,  
Көңіл ділін наз қылық.

Қайырмасы:  
Арқа белі – нұрлы ағын,  
Гүл-жазира, жұмағым.  
Бұғылы шын – нар биік,  
«Жүрек» көлім – жұмбағым.  
Жасыл желең шынарым,  
Көрер көзге құмарым  
Арқадағы – сұлу төр,  
Қарқаралы – жыр бағым!!!

Майда самал жел үрлеп,  
Тогай шашың желбіреп,  
Қарсы алып тұршы ылғи,  
Кош жүрегің елжіреп.

Қайырмасы.  
Қарагайлы баурайың,  
Жасыл шырша, тал-қайың,  
Құшағың жай бауырмал,  
Гүл-майсанда аунайын.

Қайырмасы.  
Ақын жанның назын ұқ,  
Сағыныш – ән, сазы – ұлық.  
Жер ұйығы – сен сұлу,  
Қарқаралы қазылық!!!

## АРАЙ СЕНСІҢ СӘУЛЕЛІ

*(Таңарайга арнау ән)*

Танулы қос қолым, екі аяғым,  
 Жатырмын тас тағдырдың жеп таяғын.  
 Бауырын көтере алмас жылан болып,  
 Арқаның көре алмастай кең саяғын.

Кайырмасы:  
 Лайық алау, таң атың,  
 Жас жүрек тынбас - сағатым.  
 Арайым сенсің - сәулелі, .  
 Тұнекті қара жаратын.  
 Қол – аяқсыз-ак ұшайын,  
 Таңарай болшы қанатым.?!

Қос жанар тоярма әсте танғы нұрға,  
 Толқытып бөлейтүғын жанды жырга.  
 Таңарай көнілге өрген күн сәулемсін,  
 Дем берер, өмірге үміт, зарлы құлға.

Кайырмасы  
 Ытазар жас жүректі демеп елес,  
 Махаббат – жараны ауыр елер емес.  
 Қол – аяқ сені ойласам бүтінделер,  
 Құдірет ғашық болдың, неге демес?!

Кайырмасы  
 Үміттің жібін үзбей сөз саламын,  
 Болмаса көз қырын сал, өзге адамың.  
 Демеу бол, мен бейбаққа «жылан бауыр»,  
 Сауығып, ашылар сәт тез қадамым?!

«Асыл жар» - поэмадан  
 19.12.1981 ж.

---

## **ЖАС ҚЫРШЫН – ТАС МУСИН...**

*(Әні бар)*

Қашалған тастан мусінде,  
Жас сардар өркен күшінде.  
Бораған оқтан тайсалмай,  
Жүрді ол, өлім ішінде.

Жас қыршын, қайсар, кас бадан,  
Өрілген сынды таспадан.  
Отандық сүйем жер үшін,  
Уралап шыққан тасадан.

Мызғымас тұлға тастаған,  
Ант үшін арын сактаған.  
«Жауды аяған жаралы»,  
Деген бір сертті актаған!

Қайырмасы:  
Қаһарман болу қасиет,  
Отанды сүю, ар-өсиет.  
Женістің туын көтеріп,  
Әз, халқың, саған бас иед!  
1955-2005 жж.

## **БІЗ ҚАЗАҚПЫЗ – АЛ ҮІППЫЗ**

*(Әнұран)*

Біз қазақпыз – ал үіппыз,  
Қаһарман халықпыз.  
Бірлігі мызғымас,  
Ар сынды анықпыз.

Азат ел жайнаған,  
Гүлстан айналам.

---

Байтақ жер – жанатты,  
Бабалар жайлаған!

Қайырмасы:  
Ардакты елім, аbat жерім,  
Көкбайрағы желбіреген.  
Бауыр-жаны елжіреген – елім!  
Ұлы Отаным менің –  
Қазақстаным!

Ұрпакқа аманат,  
Кең дала, асқар тау.  
Ән-думан, салтанат,  
Сөнбес Күн, асқақ нау!

Ұланы намысты,  
Құшағы хошындай.  
Ер қазақ, арысты,  
Ел қазақ – қосын жай!

Қайырмасы.  
2022 ж.

### ҚАРҚАРАЛЫҒА САҒЫНЫШ (Өнгө арнап)

Арман тау, жасыл жұмак, жер ардағы,  
Көргенше патша көніл құмар тағы.  
Сұңқар ұя, көл жанарлы, Бұғылы шың,  
Тас жарған қарағайлар тұмар бағы.

«Шайтан көл» аққу жүрек лұпілдеген,  
Жартаста өскін тамыр бұлкілдеген.  
Жұпары жанға дәрү самал есіп,  
Сыланып шынар айдар үлпілдеген.

---

Сағыныш мөлдіретер жанарға шық,  
Білінбес назды әуенмен ара қашық.  
Енгендей нау құшакқа тебіренейін,  
Қандырып жан құмарын бала ғашық.

Кіршіксіз мөлдір сезім, тұңғыш таным,  
Әлі есте тау саянда нұр құшқаным.  
Тұған жер, Қарқаралым, аbat бағым,  
Ұшырдым сағыныштың жыр құстарын.



# Қарагандым сымбаттым!

Сөзін жазған Е.Жазықбас

Әннін жазған Қ.Мерсалимов

The musical score consists of five staves of music with lyrics in both Kazakh and Russian. The key signature is mostly A major (no sharps or flats). The time signature varies between common time and 2/4.

**Chorus (1st part):**

- 1. Кең кембәлі Ап-ка бе-лі,  
Сал-қын са-мах, сал-кар же-лі.
- 9. Сары-ар-қа-да си мен се-рі,  
Өн-ду-ман-ды, дар-хан е-лі.  
Жер кри-на-уы
- 18. Қыл-бет-шыл, Ко-зы-на-лы, ду-ле-ті!  
Ка-ра-сан-ды сал-бап-шыл,
- 28. Сал-та-нат-ты, ду-ле-ті!  
Дес-на-ди-жі кри-зет-шыл

**Chorus (2nd part):**

- 37. Ө-ле-у-мен-ти, ду-ле-ті!  
Д-ле-у-мен-ши, ду-ле-ті!

**Chorus (3rd part):**

- 3. Күн шырайым көшеді Ед,  
Ай-астаңдай көшелер.  
Айдары есken шығыстаң,  
Сұлу қадам ессе бер!

2. Фарынкөрлер кеп қонған,  
Жеті қат жер, шок тұнған.  
Несібес-елімін  
Мәнгі жалғы-от туған.

3. Күн шырайым көшеді Ед,  
Ай-астаңдай көшелер.  
Айдары есken шығыстаң,  
Сұлу қадам ессе бер!

қайырмасы:

қайырмасы:

## Немерем-ай періштем!

Сөзін жазған Е.Жазықбаев

Энік жаңын К.Мерхалимов

## 2.Каз-каз гурдын талабына дуанды.

## Күлімдеген қабатына жұбандық.

Чин кандай былдырлаган тажайып,

Эр кылымын болдың бізге думандық

ЖАЙЫРМАСЫ:

3.Он даңын таб-тай басып аттавы,

## Ата-ажерің тәсілдерін жүттеш

## Айналанды қызығына тойтырып,

## **Маз күләткін кылышында шарттаным**

## Кайырмасы:

八二

## Коктемде

Оле Л. Мельников  
Сөз Е. Жапықбек

Вальс скаймас

1. Келеди катар коктемде,  
Жыл күсі мен жар күсі  
Түлесіш жеммен, коктеп ле.  
Адамның көктер тұрмысы.

2. Агады тынбай кектемде,  
Сыңырылы сырлы мың бұлак.  
Күн нұра күле никенде,  
Жаңың күшак тұл күрак.

*Кайырласы:* Гүл - коктем келеди.  
Күн нұрын себеди.  
Куаныш береди.  
Жер-ана гүлдейді.

3. Деміне шыңқұтуда коктем.  
Ынтымақ исор қыялдақ.  
Сүрүлік сыйдан күн коктен.  
Жазады жырын книга арнал..

*Кайырласы,*

## ДҮЛЕЙ МЕН ҮРЕЙ

### I. Бастау

Кең қойнау,  
шопан үйі,  
қой отары,  
Арқаның шалақ шашқан құба таңы.  
Мұржадан шыққан түтін будак-будақ.  
Құба жон тіршілігін оятады.

Шықты қызы,  
қой қорадан малын айдалап,  
Сары аяз жаратқандай тұрды аймалап.  
Қытымыр таңғы ызғарды елең етпей,  
Көз салды  
айналаға қырдан жайлап.

Даланы зенгір көкпен жалғастырған,  
Аспанға өрілген бұлт тау мен қырдан.  
Көз қадап  
сол қыырға қарап қалды,  
– Не болды?..  
Нәзік жанды толғандырған?

Осы сәт:  
— Балам-ау — деп,  
шакырды ана,  
Белінді ой, тізбектелген танда мына. —

Тамақ іш,  
қойға өзін бар,  
бөгелді әкен.  
Шаруамен орталықта алданды ма?

Оңай ма қыста өргізіп қой бағу да,  
Қарбалас басылмайды қойлы ауылда.  
Қалмайды мал соңынан  
Лашын тазы,  
Ит-құс көп Қосқонырдың қойнауында.

Лашын өткен жолы түлкі ұстаған,  
Шабысы шабдар дөнен – бір күшті ағын.  
Күн ұзак сыр сабактап табиғаттан,  
Шанғытып  
көз талдырап қысқы сағым.

Шығарып қойды өріске,  
бөктер бетке,  
Ақырын әндетеңді көңіл көкте...  
Шыққанда дөң үстіне көз тастады,  
Аспанға,  
қыыр шетке,  
төнірекке.

Ақ карда қоян ізі,  
тышқан ізі...  
Ызбарлы ескен желдің соққан сзызы.  
Қар басқан қараған-ши,  
бойы қысқа,  
Ақ айдын – иен даланың құла дүзі.

Құшағын жайып әлем  
бұлттар ұзын,  
Қойыпты көлегейлеп күннің көзін.

Даламен зәулім көкті үштастырып,  
Таулардың бұлдыратқан шың мен құзын.

Көрінген көз ұшында «Жібек шоқы»,  
Көдесі малға мәйек,  
бөлек оты.

Сайында сыңси өскен кайын-терек,  
Суреті көніліңе – көздің құты.

Тұгімен түрленеді жазда әсем,  
Тоймайсың бұлдіргенге қанша жесен,  
Жуа мен жас жусанының исі қандай,  
Шалғынға бір аунасан, өсер еңсен.

«Маяжон», «Ақжал» менен тұр «Ақсары»,  
Қайнаған тастан шықкан бұлактары.  
Қаптаған бұлт жасырып көрінбейді,  
Секиғен «Жамантастың» құлактары.

Киіпті «Сұнқарқия» бөрік тастан,  
Мөлдір көз «Үшқазаннын» сұы тасқан.  
Тасжарған,  
айналасы  
қарақат, тал,  
Жайылған арқар үркіп,  
асуды асқан...

Сыңсыған тау сайында тал-қараған,  
Сейілдеп қыз-бозбала талай барған.  
Жап-жасыл арша, шырша түрленеді,  
Қат-қабат жақпар тасты қалай жарған?

Мұжылған күн мен желден,  
жаз бен қысы,  
Уақыттың «Әулиетас» туындысы.

Күн жылы – дейді бүтін Алматыда,—  
Фажайып табиғаттың күбылсысы...

## Хат

Ернардың алды хатын қалтасынан,  
Кетті асып, жайылған мал қырқасынан.  
Ықылас хатқа ауған соң байқатар ма,  
Кетсе де біреу айдап дәл қасынан,

«...Айтайын Алматы қаласын,  
Көргенде танданып қаласың.  
Сәулетті үйлері, көшесі,  
Көркінен шын ләззат табасын.

Алатау асқар шың басы қар,  
Сайында ақ малта тасы бар.  
Құркірін тау жарған өзеннің,  
Естісөң көкірек ашылар.

Бір ғұмыр жүргенің бір көше,  
Құлпыраған гүлдері өзгеше.  
Ақ қайың, қара ағаш, бәйтерек,  
Қарайсың қия алмай бірнеше.

Бұлақтар бойлаған әдемі,  
Тартылған қос ішектей әдейі,  
Күмбірлеп күй шертіп жатады,  
Сыйқырлы, сыңғырлы әуені...

Шіркін-ай, сен болсан осында,  
Шырқар ек әсем ән қосыла...  
Өзіңнен өзгесі елеусіз,  
Білмеймін,  
Махаббат осы ма?

---

Бар менің, саған бір сауалым:  
Таусылды айтпасқа амалым...  
Жүргегім бір сендік, қабыл ал...  
Өзің біл, күтемін жауабын.  
Сәлеммен Ернар».

Хат бітті, қобалжып, жұмды көзін.  
Ойланып, бағалайды құрбы сөзін.  
Тұрғанда толқып жаны байқамады,  
Тентек жел қолдан хатты жұлған кезін.

«Мол бақыт, ойға оралып, мектеп іші,  
Ернардың кей құрбыдан бойы кіші.  
Жымып кездескенде абыржитын,  
Жұр екен актарылмай жыр кеніші.

Сыр екен әр қимылы нәзік, мөлтек,  
Жанымды жегідей жер «әзіл-тентек».  
Мен оның сезіп қалсам көз қиығын.  
Құрбы қызы сықылықтар сөзге келтек.

Тырыстым ілінбеуге «сырлы» көзге,  
Астарлы, іліп-қашпа сыйқыр сөзге.  
Білмейтін іс байыбын намысқой көз,  
Ой-ойран, іштен ғайбат болмай өзге»...

Қалықтап, шырқар биік тәтті қиял,  
Жәй емес бұл құбылыс сөзге сияр.  
Сары аяз, дүлей боран – бәрі макұрым,  
Жан-жанның өз дүниесі көңіл тияр.

Ақ сонар үзілмейтін қиял-ұміт,  
Болғандай жан дүниенің бәрі де ұмыт,  
Пысқырып шабдар дөнен селк еткізді,

Секілді айналасы күнгірт-ымырт...

Қараса – қолда хат жоқ.  
 Қайда кеткен,  
 Білдірмей қалай жұлып,  
 алған еппен?  
 Хат түгіл қыраттағы қойлары жоқ,  
 Тәрізді бәрін біреу айдалап кеткен.

Япыр-ау, шыныменен қайда кеткен,  
 Сары аяз шымшылайды қарып беттен.  
 Секілді долданып кеп айдаһардай,  
 Ақ боран бәрін жұтып жайпап өткен.

Шөп құған қойдың алды кеткен ұзап,  
 Шашылған тұқыл томар тастар құсан.  
 Еліріп ұйытқып-ұлыр дауыл долы,  
 Бақсыдай жын ойнатып жатқанға ұқсап...

Тәбініп шапты дереу қойға қарай,  
 Шоғырлап, жинау керек ойға қарай.  
 Қар түтеп,  
 ыскырып жел ызындаиды,  
 Ашығып араны оның толмағандай...

Айғайы шығады әзер,  
 ұн қарлығып,  
 Барады көз алдында қойлар ығып.  
 Шабдармен отар алдын кес-кестесе,  
 Бастары қосылмайды тобы ұйлығып.

Дүлейдің аяқ асты ісі мазақ,  
 Басына түсті кенет осы тозақ.  
 Тастанған белді бекем байлады ол,  
 Отарын тастамауға көрсе де азап.

## Жұлынып

шабдарына қамшы басты,  
 Бетке алып қарандаган жақпар тасты.  
 Бір ыққа паналату керек, шіркін,  
 Шопан қыз дүлей күшпен жағаласты.

Дөнені омбылауға бара бермес,  
 Именіп, қырсыққанда қылар егес.  
 Лашын да «не болды» деп қыңсылайды,  
 Корқыныш,  
     бітеу күдік,  
     шырмау елес...

Торыкты күр айғаймен,  
     шаршады өзі,  
 Мәлдіреп жасқа толды жаутаң көзі.  
 Койға еріп жүре берді амалы жок,  
 Не істемек?  
     Алай-түлей жердің жүзі...

Інірде көп шілікке ілікті кеп,  
 (Бұл жерді атайтын-ды «Шілікті» деп).  
 Беймәлім қай арада қайсы тоғай,  
 Эйтегеір, бұл да болса тірлік-тірек...

Көк долы бұзатындай аспан астын,  
 Қопарып, соғатындай тасқа-тасты.  
 Шілікті жұлатындай тамырынан,  
 Тірлікті жұтатындай жанталасты...

Шек бар ма бұлқан-талқан бұрқасынға,  
 Бұл малды паналатса ықтасынға.  
 Деп ойлап үніледі қаран-елен,  
 Үқсайды осы бір тұс қалтасынға.

Атпенен етті омбылап, жынғыл қысып,  
 Боран-жын алардай-ақ жығып-құшып.  
 Серкесі осы отардың өткеннен соң,  
 Барлығы тұрды үйліғып,  
 сыйылсып.

Дөнені болдырыпты жаңа білді,  
 Мылтық ап, шыр айналып жүре берді.  
 Токтаса жоғалтардай осы отарды,  
 Зуылдан боран-мыстан «куле» берді...

Шығармау алаңқайдан бар амалы,  
 Сүрініп құласа да қарамады.  
 Тұн-үрей, тартатындай етегінен,  
 Құдік ой қамықтырып қамалады.

Боранды есер еткен желдің күші,  
 Қап-қара,  
 мылқау тылсым тұннің түсі.  
 «...Ақ тамақ,  
 балғын білек,  
 нәзік жүрек,  
 Бұл емес дейді мыстан қыздың ісі».

- Мен болам азынаған Боран батыр,  
 Өнеге менен алған Қодар батыр.  
 Сұлуды не бір қыршын қүшқаным бар,  
 Зұлымдық бір басымда толып жатыр...

Жас қыздың есі шығып,  
 басы қатты,  
 Қар алып, қардың басын басып жатты.  
 Мелшиіп отырган қыз тірі «тұлыш».  
 Жылады өксіп-өксіп жасып қапты.

Гүл ғұмыр шыныменен сөнбекші ме,  
Дүлейдің тәлкегіне көнбекші ме.  
Бұл тірлік арпалыссыз кімге керек,  
Ажал сүм шаужайдан ап көрмекші ме?.

Уқалап қос қолымен кезін ашты,  
Ақ түтек  
үйткып ұлып,  
қаһар шашты.

Құтырып,  
тыным таптай аласұрып,  
Кәрі дию долданады дудар шашты.

...Қасқыр ма, әлде дауыл, қатты ұлиды,  
Мың ызың өшіктіріп алды үрейді.  
Оқтаулы қос ауызды қолына алып,  
Отыр қыз қарсы алмақшы – қай дүлейді?

Жылт еткен бір сөніп, бір жанған жүлдyz,  
Не сүмдық болды бұл деп таң қалды қыз.  
Тазы да қыңсылап кеп тығылады,  
Осы ма торып жүрген қабыланыңыз?.

Тілгілеп өткір үрей,  
тұла бойды,  
Қалайша жем қылмақшы мына қойды.  
Жас жүрек өрекпиді  
басы айналып,  
Құбыжық шығар емес тырнап ойды.

Бір кезде ит абалап,  
жүлқынды ат,  
Төніп тұр,  
жарқыл-жұрқыл жырынды от...

Әйтеуір отқа нұсқап набойыменен,  
Қос ауыз бір гүрс етті – дарыса оқ.

Корқаулар жылмың қағып,  
келген төніп,  
Жоғалды тұн қойнына өздері еніп.  
Ұйытқыған бәлкім боран қалды басып,  
Жоғалды жүгірген от,  
мұлдем сөніп...

...Отыр қыз есенгіреп, қалған қатып...  
Көрмеген бұрын бүйтіп мылтық атып.  
Көндігіп, үйренгендей селк етпейді,  
Боранға өзеуреген жұлқа тартып...

### **Ажар апа**

Салмақты салқын бұлттар аспан асты,  
Маңайды кекшіл түбіт тұман басты.  
Бір тұрып, бір отырды бей-берекет,  
Ішпеді Ажар ана дайын асты...

....Ақыры,  
соқты боран бұрқыратып,  
Шатырын жалғыз үйдің зырқылдатып.  
Уайым,  
«Шүйкедей қыз не күйде деп»,—  
Ананың сай сүйегін сырқыратып...

Киінді апыл-ғұпты,  
жүрек қысқан,  
Бас зеніп,  
тұқыртқандай қара құстан.  
Үрейі тілгілейді бауыр етін,  
«Ботасын» жылатқандай боран-мыстан.

«...Төл басы – тұңғышы еді еркелеткен,  
Әжесі бауырына ап,  
ермек еткен.

Өзі де сүйкімді еді,  
былдырлаған,  
Секілді жыл есейтіп, тез ержеткен...

Әкесі мектептен соң оқы деді,  
Өнерді шаһар барып тоқы деді.  
Көнбеді бір қолғабыс тигізем деп,  
Құдай ау,  
сондағысы осы ма еді,—

Деп ана күрсінеді,  
күйінеді,  
Жасаурап көз,  
қабағы түйіледі.  
Уайым ішке тұскен жалын-өргтей,  
«Қызығы» тірі ме, әлде, кім біледі?».

...Әп-сэтте уайымға көніл кетті,  
Ананы бей-берекет күбірледті.  
Жүректе күдік-үміт тайталасып,  
Ілеңде карауытып інір жетті...

...Тор бие жүріп келіп кілт тоқтады,  
Бірдене көрінердей жалтақтады.  
Байқаса – шынырау құз,  
қарсы алды,  
Белгісіз қандай жартас,  
қай жақтағы?

Бас қатты қалай жүріп,  
қайда бармақ,

Дүлей күш айыктырмай салды салмақ.  
Өзінің қиналғаны уақа емес,  
Адасқан «ақ ботасын» тауып алмақ...

Жануар тықырышиды,  
жел шыдатпай,  
(Алысқан ауыздықпен жершіл аттай).  
Боранның ызыңынан құлақ біткен,  
Тізгінді қоя берді,  
басын тартпай...

Бостандық ауыздықта, тізгін тартқан,  
Тор бие сезінді еркін,  
сенімді артқан.  
Кісінеп шыр айналып, жүріп кетті,  
Түтекті елең қылмай көміл жатқан.

### **Жолаушы әке**

Кек аспан бұлт үйіріп,  
қабақ шытқан,  
Көңілді осы болды қобалжытқан.  
Ауылдан женіл-желпі бір шәй ішіп,  
Тындырып шаруаларын жолға шықкан.

...Әзілдеп шымшымады құрбыласын,  
Шертпеді құрбы шалдың домбырасын...  
Әнгіме қалды талай сыбағалы,  
Қалайша түйткіл көніл кондырасын.

Ақсақал келе жатқан желе-жортып,  
Жұлқынған құласының басын тартып.  
Елестеп актылы қой,  
қаршадай қыз,  
Қамшымен ат сауырын қалды тартып.

...Қыстакқа жетті әрең, қас қарай,  
Тірелген аттың басы үлкен мая.  
Сәл тұрып бағдарлап ап, қой қораны,  
Жаяулап аяндады үйге қарай.

Үй есіз,  
дыбыс берер ешкім де жоқ,  
Жылт еткен саңылаудан пештегі от.  
Не болған?..  
Қайда кеткен?  
Тұрып қалды,  
Жақындал келген еді шешінбек боп.

Коржынды қолындағы іле салды,  
Шығарып,  
жағып қойды пілте шамды.  
Тымактың қарын сілкіп қайта киді,  
Мұртының қырауы еріп,  
жерге тамды.

Шешінбей сыртқа шықты сол бетінде,  
Қораның жабағы тұр түкпірінде.  
Бие жоқ.

Тұсінікті...  
Іздеп кеткен,  
Қай жақта?  
Не болды екен,  
тұтек түнде?

Бусанган елеңдейді құла қонды,  
Бектеріп қанжығаға алды тонды.  
Тағы да не істеу керек,  
басы мен-зен,  
Тезірек іздеу керек...

---

Атқа қонды.

### **Есіз қыстак**

Бұл боран жердін бетін басқан қандай,  
Тірлікті матап-байлап тастағандай.  
Жонды тау, ойға шомған қария Абыз.  
Тал біткен шуылдайды жас баладай.

Үілдеп тоқтар емес зулап ағып,  
Алғандай өн бойына семсер тағып.  
Әлек боп айналып жүр жортуюлдал,  
Есік пен терезені кезек қағып...

«Есіз үй, есіз кора, есігінді аш,  
Адамсыз,  
дүниесің сен жалаңаш.  
Бір-бірлеп адасты олар кетті лағып,  
Шындықты айтамын деп болса да оғаш...»

Кіжініп күш көрсетіп ойқастады,  
Бұлақтар тіл қатпады қой тастағы.  
Тепсініп,  
тиісерге қара таппай,  
Баяғы ән қайталанды о бастағы.

...Боранның желге мінген көп нөкери,  
Тау асып,  
сайлар өрлеп,  
кетті ілгері.

Дауылдың моторына зауал келмей,  
Тоқтар ма құтырынған кекті бөрі?...

### **Таңғы шак**

Ақ түтек,  
асау түтек,  
беттөн ұрып,  
Отыр қыз,  
сол бойында әлі құрып.  
Лашын кеп,  
тығылады қолтығына,  
Шабдар да жабығады ыққа бұрып.

...Бір мезет қой тыншықты,  
ой тыншықпай,  
Аяз бен желдің күші түр шыдатпай,  
Бораннан басқа тәнір құрығандай,  
Дүрдиіп гүлдейді тілі шықпай.

...Қол салды қалтасына –  
құрт ілінді.  
Қалтырап,  
жаурағанын енді білді.  
Жартысын Лашын тазы қажалауда,  
Жағына жансыз тұрған қимыл кірді.

Тәттісі-ай,  
қой сүтінің сықпа күрты,  
(Сыйлайды жақсы дәп деп казак жұрты)  
Қалғанын Қырмызы да салды ауызға,  
Томпиып шыға келді бір жақ үрті.

Бала кез еске түсті жаркылдаған,  
Өреден шалдуар боп құрт ұрлаған...  
Әжениң құрты кеппей таусылатын,  
Балалық секілді енді жұртта қалған.

Қырмызы көтерілді жүресінен,  
Сағаттың таң білінді жүрісінен.

Аспанға көз тігеді қайта-қайта,  
Сөгілді таң сібірлеп көбесінен.

Жылт етті,  
көмескі елес,  
жұлдыз ба еken?

Іш жылып,  
тәтті үміт,  
мұзды еріткен.

Кіргенде таңғы сәуле сейілді бұлт,  
Кек күмбез,  
кызы жүрегін күндіз еткен.

Тау қалқан,  
желдің аузын ұстағандай,  
(Табиғат құбылысы сыйқыр қандай).  
Жұлдызды үміт етіп тұрғанда андып,  
Көрінді Ай жарқыраған  
күміс маңдай.

Жанында таң жұлдызы жарқыраған,  
Секілді ол да тонып  
қалтыраған.  
Бұрылып айналаға көз тастады,  
Аппақ қар аяз қарып,  
жалтыраған.

...Жарып күн,  
түн пердесін сәулесімен,  
Көтерді алып «кран» кеудесімен.  
Арайын шашты нарттай айналаға,  
Міне, енді, дүние таныс белгісімен...

Егіз тау Қоңыртебе нар атандай,  
Дөңестер жан-жақтағы балапаңдай.

Бәрі де есенгіреп жатып қалған,  
Демігіп әзер тыныс алатындей.

Жым-жылас айнала түк болмағандай,  
Тыныштық мәңгілікке орнағандай.

Ақ құндыз

жылт-жылт еткен күміс қардан,  
Күн шығыс қызарады ұялғандай...

- Мына жер,

жазғы жайлау,  
«Шілікті» ғой,

Боранда адастырып құліпті ғой.

Келгенде осы араға тоқтағаны,  
Жеткенін жайлауына біліпті қой.

Сонау тұс – қара сулы,

шилі өзек,

Жазды күн шиін тартып,

терген тезек.

Сол ойдан қойға қарап аяп кетті,

Бүрісken малды қозғау керек тездеп...

Ұйысып,

тығылысып,

жұбын жазбай,

Тұрган қой қыбырлады сен-сен мұздай.

Іздерін айқыш-үйқыш салды бетке,

Даланың парагына жыр жазғандай.

Шәй-шәйлап

малдың түзеп бұрды бетін,

Иті де қайырады арғы щетін.

Шабдардың ыстық демі будақтайды,

Пайда бол жүрісіне алымды екпін.

Бір дыбыс еміс-еміс божылдаған,  
 Секілді трактордай жолда қалған.  
 Шопан қыз жан-жағына қарап еді,  
 Ештеме көрінбейді қараңдаған...

### **Сайдағы арпалыс**

Боранды гүжілімен еліктіріп,  
 «К-700» келе жатқан ерлік-тірлік.  
 Омбы қар келер емес тірсегінен,  
 Жойқын күш,  
 баса көктер желік жүріп...

Бұл жүрген осы совхоз директоры,  
 Трактор мініп алған көліктері.  
 Арапал бір шетінен қыстактарды,  
 Кал-жайын шопандардың көріп-білді.

Ең шеткі осы қыстак ол келмеген,  
 Алыптын жүрісіне сенгенменен.  
 Ертеден жеткізбеді боран ұлып,  
 Сай-сайдан өтіп еді  
 жол бермеген.

Кай жолда,  
 қай арада біліп болмас,  
 Боранда болмай койды  
 ешбір толас.  
 Екпіндеп жүріп келіп тұрып қалды,  
 Алдында тұргандай тап,  
 дәу бір жартас...

Трактор тұрып қалды,  
 асылып қар,  
 (Күштің де ноянында асылық бар).

Күнгірттің көз шырмауы білгізер ме,  
Қандай сай,  
терендігі қаншалық жар?.

Тарктор қуат билеп бұлқынады,  
Орнында шыр-шыр етіп жұлқынады.  
Табаны жерге тимей безектейді,  
Құртік қар тік көтеріп ырқын алды.

Босатар емес мына аппақ қамал,  
Дегендей: әуре болма,  
мықтап дем ал.

Сай қарын күрей-күрей арпалысып,  
Бұлар да карбаласты таусып амал...

«Япыр-ай, мына сайдың қырсығын-ай,  
Келіп ек дүлейіне мойын сұнбай.  
Осы ара «Шіліктін» тұсы болар,  
Бораны тым жабысқақ майды құмдай», —

Деді де қарады ол сағатына,  
Мезгіл де таяп қапты таңғы алтыға.  
«Тындайық, ауа райын не дер екен,  
Бұрап қой, транзистерді Алматыға?»

### Кездесу

Қырмызы шықты қырға қой өргізіп,  
Барады ақ шағыл бұлт көшін түзіп.  
Дүбірі арынды аттың естілгендей,  
Қарайды жан-жағына көзін сүзіп.

Дүбірге жақын шыққан құлак түрді,  
Көрінді дөң үстінен құла аттылы.  
Көңілі қобалжыды алабұртып,

Манадан тосып тұрған тракторды.

«Экем бе?

Экем екен,

әкем екен,

Аяз ата секілді өзі әдемі екен.

Тұнімен мені іздеп әуре болып,

Тау мен тас,

дала кезіп,

тоңды ма екен?

Деп ойлап үлгергенше бұрқыратып,

Құла атты бар шабыспен шырқыратып,

Секілді «Аяз ата» келіп қалды,

Демінен сақал-мұртқа қырау қатып.

«Ботам-ау, тұні бойы қайда болдың,

Қорықпай қоймен бірге қайда қондың».

Еш жауап қобалжып қызы айта алмады,

Демеді:

«Тұніменен қатты тоңдым».

Қызы жаны енді сезді қорқынышты,

Әйтеуір жүрегінде толку күшті.

Дірілдеп,

қалтырайды тұла бойы,

Құпия сездіргендей қуанышты.

- Қарайлап,

дөң басында жүрген жаяу,

Сабырсыз шешен шығар, - деді баяу.

Іштегі толқыныстың бір ұшқыны,

Мөлт етіп кірпігіне келді таяу...

Ал, балам, атың басын бұрып ал да,

---

Шешенді қуанта ғой үйге бар да.  
Ол байғұс тұніменен көзін ілмей,  
Жүр дейсін уайымнан қандай қалде?

Деді де кетті әкесі қойды айналып,  
Кырмызы тұра шапты бір қомданып.  
Лашын да қызбен бірге қайтты ауылға,  
Оның да тұніменен тоңғаны анық.

Лезде Ажар апа тұсті дөңнен,  
Аман ба қарашиғы үсінгеннен?  
Сол болар деп ойлады қырда тұрып,  
Үстінде келе жатқан шабдар дөнен.

Ана тұр сенер-сенбес қуанышты,  
«Апа», - деп қызы құліп аттан тұсті...  
Қарды есіп,  
бір трактор кеп тоқтады,  
Танытып гүжілінен қуат-күшті.

«Аман ба қол-аяғың үсінгеннен,  
Қызығым,  
сияктымын тұсте көрген.  
Ал қызы бір ауыз сөз айта алмады,  
Сұрағын анасының тұсінгеннен.

Анасы қызын басқан бауырына,  
Неге үнсіз,  
сүyk тиіп ауырды ма?  
Жаным-ая,  
екең қайда,  
қойың қайда,  
Ол да іздеп кетіпті ғой келген бойда?

Қауышқан ана мен қыз есік алды,

- Не болған? –  
 Директордың есін алды.  
 Тұлышты сыртындағы шешіп тастап,  
 Пандана айналаға көзін салды.

- Шамасы қой ыққан-ау,  
 есік жабық,  
 Із де жоқ, маңайдағы қар да мамық...  
 Жаманат тұла бойын шымырлатты,  
 Бұл қалай болды еken деп ойға салып.

- Есенсіз бе, Ажар апа?  
 Бұныңыз не?  
 - Жаным-ау,  
 аман болсақ бүйтеміз бе,  
 Білмеймін,  
 шал әлі жоқ,  
 ал мына қызы,  
 Кешеден жаңа келді,  
 көрмейсің бе...

Кешегі күні бойғы,  
 тұнгі боран,  
 Анырап,  
 бос қалды әне – сайды қоран.  
 Көмекші шопан керек десек өзін,  
 Бермейсің кісі жоқ деп,  
 - қалды қараң...

Мына қызы жұдырыктай қоймен ықты,  
 Ал менің тұні бойы есім шықты.  
 Қойларың кімге керек?  
 Мамандарың,  
 Айына бір-ак келер...  
 Жасауға акті».

Апайды ашу қысқан,  
көп сөз айтты,  
Қырмызы дірілдейді тоңған қатты.  
- Шындық сөз...  
Бәрі дұрыс...  
Мен кінәлі...

Директор мойындағы,  
токтау айтты.

- Қырмызы,  
Тәкең қайда,  
мал аман ба?  
- Табыстық тау сыртында,  
Маяжонда...  
Осылай келеді өріп,  
малдың алды,  
Жақындал қалған шығар жарты жолға.

— Ал, апа, тоңдырмаңыз,  
кіріңіз, деп,  
Лып етіп есік ашты Қырмызы кеп.  
Аттаған табалдырық кіслерді,  
Қарсы алды,  
мархабатты бір жылы леп.

Мейірім  
ескен жылы үй ішінен,  
Аймалап жатыр ол да сүйіншпен.  
Ақ ызғар жағаласып ішке кірді,  
Шашудан құр қалардай,  
сүйіншіден.

Бөлмеде газет-журнал үстел үсті,  
Көзіне Қырмызының конверт түсті.

Ілездे қалтсына сала қойды,  
 Әмірі ғашық жүрек –  
 неткен күшті?

## ӘҢГІМЕ

...Шай құйды,  
 Ажар апа көнілденген,  
 Адал асын аямаған өмірі елден.  
 Үстелдің бір шетіне отырды кеп,  
 Қырмызы кос жанары мөлдіреген.

Ұшқындалап,  
 бота көзі күлімдеген,  
 Домбыққан көздің алды күлдіреген.  
 Тызылдалап,  
 ашыса да саусақтары,  
 Кейпінен ренінішін білдірмеген.

Сұнқардың шәй ішкен соң кірген өні,  
 (Сейлеген кезегімен сөздің жөні).  
 Тамағын аздап қырнап,  
 баппен бастап,  
 Ашпақшы енді ойын көнілдегі.

«Шопандар еңбек еткен толып жатыр,  
 Кейсінің қылығы жоқ іске татыр,  
 Дүлеймен арпалысып,  
 женіп шыққан.  
 Қаршадай Қырмызыңыз нағыз батыр!..

Қайратты,  
 жалынды жас,  
 өнегелі,  
 Нұрлы күн шаңырағын көтереді.

Еңбекпен мал өседі,  
ел өседі,  
Жер ана гүл-гүл жайнап көгереді.

Жанғыртар атырапты күнде жақын,  
Ен жайлау малға толып мыңғыратын,  
Көтеріп екінші тың – қой өсіріп,  
Жұмыс көп біздің жастар тындыратын»..

Баяғы әуен,  
жаттанды сөз,  
жауыр болған,  
Жұмыс жоқ онан оңып,  
тәуір болған.  
Қырмызы әзер шыдап,  
тындал отыр,  
Алынған қызыл ұран,  
«ауыр томнан».

...Жалаң сөз,  
жалпылама,  
ұзын сарын,  
Қыздырды жалындағы қыздың арын.  
Толқыған көкейдегі ұшқынды ойлар,  
Тасқындал тілге оралып,  
айтты бәрін.

«Ұзақ күн қой соңында ой өресін,  
Дөңбекшіп түсінде де қой көресін.  
Толғантқан ойды айтар келді кезі,  
Демессіз сыйламады «той төресін».

Қой өсір –  
мал өсірсөн, -  
дейді халық,

---

Көл-көсір ырысы оның дегені анық  
Осы бір даналық сөз:

қойдың жұні,  
Терісі, еті, сүті –  
ерен байлық.

Төрт түлік өсіреміз дәулет үшін,  
Халықтың көтермекке әулет қүшін.  
Аз ғұмыр кімге керек,  
егерде ол,  
Дүниенің сезінбесе сәулеттісін!

Шопанның бар өмірі сайын дала,  
Жалғыз үй,  
жапандағы жайын қара.  
Қалды ғой көп қыстақта кемпір мен шал,  
Қадірі әр түліктің жеке дара.

Жегендер ұмытпайды –  
қойдың құртын,  
(Қағазда құр аптаймыз жайдың сыртын).  
Еске алып ертелі-кеш әнгіме етер,  
Қойлы ауыл,  
ду-думанды жайлау,  
жұртын.

Халықтың іске асырса даналығын,  
Енгізіп асыл ойдың жаңалығын.  
Бұл қойды жауын жауса қуғындармай,  
Жайлауда жасау керек пана мығым.

Құрылыш салу керек қойнауға да,  
Қөнілді бөлу қажет жайлауга да.  
Кішкене күн бүріксе –  
қыстактарға,

Бар малды кісі керек айдауга да.

Егерде «Шопан отау» салынбаса,  
Егістік жайылымнан алынбаса,  
Жаңалық енгізем деу қойлы ауылға,  
Күнделік  
    күр даурығу,  
    жәй далабаса.

Ел өспей көңіл өспей,  
    төл есер ме,  
Еңбексіз жету қыын көл-көсірге.  
Тынымсыз күндіз-тұні жүтіргенмен,  
Табысы әзер жетер күн көруге.

Байлықтың ашу қыын қайнар көзін,  
Шындықсыз –  
    арыр болды елден төзім.  
Әүелі адам камын ойлау қажет,  
Міне осы –  
    сессияда айтар сөзім...

...Шопан kız, міне, осындай ой толғады,  
Директор қипылықтан,  
    тойтаңдады.  
Жұып-шайып Ажар апа майысады,  
Шалғындай  
    жапырылған ойпандағы.

Сұңқар да маңғазданып жарап деді,  
Жерім көп менің әлі барап деді.  
«Бір шара келешекте көрерміз», — деп,  
Сессияның шешімімен  
    «қарар» берді...

## ЭПИЛОГ

...Осылай өтті міне,  
бір күн,  
бір түн,  
Ұмыт боп қалатұғын біртін-біртін...  
Арпалыс кетті беріп Қырмызыға,  
Еске алса ескірмейтін жырдың кілтін.

...Шілдеде манаураған сары дала,  
Сыйласан даркан дала тарыла ма.  
Шабдармен желе жортып барады эне,  
Қырмызы ортасында қыз-бозбала.

Жараскан тал бойына кос бұрымы,  
Әдемі күлім көзі,  
кыр мұрыны.

Сынғырлап сөйлегендег дауысы эсем,  
Тындайды зейін қойтып құрбы мұны.

Қырмызы құрбылардан шықты оқшау,  
Секілді бет алысы Қосқоңыр тау.  
Алыстан естіледі мотор үні,  
Сенкіген құрылыштар...

«Нонан отау»

Керіктей мойын соган ашын кран,  
Қадайды қырғи көзін қалқып қыран.  
Қонбак боп шүйіледі, баттайды тек,  
Дегендей, сырық мойын, бұл неткен ан?

Қонбады шүйірілген тау қыраны,  
(Қанатын неге бекер талдырады).  
Қызықтаң болғандай-ақ шырқап барып,  
Биіктен, эне, гомен құлдырады...

Құс біткен құты қалмай шуылдасты,  
Інінен ұзап кеткен сұыр састы.  
Сес көріп, ат дүбірін таяп қалған,  
Ор қоян бұғып жатқан тұра қашты.

## Күрілыш...

қажырлы еңбек,  
жалынды жас,  
Іс шапшан,  
ертелі-кеш қаланған тас.  
Ішінде осы отряд Ернар да бар,  
Толассыз жұмыс қызған.  
Шак қарбалас.

Көңілі Қырмызының алабұртқан,  
Шыққандай өзі де дәл ала бүлттан.  
Сағыныш куанышпен қанағтасып,  
Жүргегі күрылышқа алып ушқан....

Шабдар ат ойға қарай алып ұшты.  
Ернарга жеткізбекке қуанышты.  
Оқуға түсті сырттай...

Алматыға,  
Құттықтаң жайма шуақ самал құшты!!!  
1968-1975 жж.



## МАЗМҰНЫ

### Өлеңдер

Абайға табыну .....	5
«Абай арман...» .....	6
«Жеміт көздің...» .....	7
«Абайым!» .....	8
«Егемен дүрлігіп жұрт» .....	8
«Абайым, тыңда сырымды» .....	9
Өсірер өсіет .....	10
Тылсым сыр .....	12
Каркаралы .....	13
Бір бейне .....	14
Алғашқы «дамский вальс» .....	15
Дала жаңбыры .....	15
Боран .....	16
«Балуса қыз...» .....	16
Әкеме .....	17
Бақыты болма басқаның .....	18
Тобылдың бойында .....	19
Балалық .....	20
Кей аруға .....	21
Қыын сәт .....	21
Оқырман көптің тілегі .....	22
Сен неге жымиясың .....	26
Медеу сайында .....	26
Жаман тас .....	27
Қасымның арманы .....	28
Қағазды жырттым .....	32
Шалғайда жүріп .....	33
Кой қайырган күн .....	33
Кең даладай кең шейіл .....	35
Мазасыз сәт .....	35
Кейде бір кейіп, ойга алыш .....	36
Алғашқы қадам .....	36

---

Қос шокы .....	37
Арқа белі – алтын белдік .....	37
Сағындым .....	38
Қадама көзінді .....	39
Жібек шокы .....	39
Жапалақ қар .....	40
Кей, кей... лерге .....	40
«Туганнан кек күмбезге...» .....	41
Өлеңім – ертеңім .....	42
«Алтайбайдың қайнарлы...» .....	42
«Аллаға аян...» .....	43
Мен – домбыра .....	43
Қызыл інір .....	44
Қыскы бір түнде .....	45
Сағыну .....	45
Алтын дән .....	46
Мәди .....	46
Жоспарлы іс .....	47
Мен – инженермін .....	48
Қыска да, нұсқа уайым жыр .....	48
«Арақ ішсөн – мас дейді» .....	49
Фәни заны .....	49
Жаңа жыл қарсаңында .....	50
Қарайды, ар-ағым .....	51
Көздерім .....	51
Адамзаттың тірлігі .....	52
Өзіме талап .....	52
Желетке .....	53
Айлы түн жұлдыздары .....	54
Өзім жайлы .....	54
Алқызыл ту .....	57
Күйіну мен кіжіну .....	59
Алғашқы жаңбыр .....	60
Тау сайында .....	60
Селдің алды .....	61

Махаббат – мәңгілік .....	61
Жас қайың .....	62
Ой. Ой. Ойлар .....	63
Жас шырша .....	64
Ой ұшқыны .....	65
Қоңыр каз .....	66
Жас қыран – хас батыр .....	67
Моншакты аршалар .....	68
«Күн нұры тамғанда» .....	69
Ойлар .....	69
Далада .....	70
Тарт қолынды шүріппеден .....	71
Арқа бағы .....	72
Егінжайда .....	73
Жарқырай түсер ак алмас .....	73
Аманат .....	75
Жайлаудың жөні бір бөлек .....	76
«Саралап дәп баспадық...» .....	77
Күз келбеті .....	77
Қаладағы алғашқы ой .....	78
Ауыл – ел бесігі .....	79
Шоқпар тас .....	80
Өлеңім – күнделігім .....	81
Мен туған күн .....	82
Жамантас .....	83
Өз ойымды айтамын .....	84
Күз белгісінен туған ой .....	85
Бір ғана тілек .....	86
Қаһарман партизан .....	88
Құмырска ұжым .....	89
Жұмысы жок жалқауға .....	90
Махаббат өмір шырағы .....	91
Жеке ой-толғаулар .....	92
Қазына .....	93
Ашудың арты – өкініш .....	93



Әлі де айтарым бар .....	94
Ой-толғау .....	95
Қайырлы Құн мен Тұн .....	97
Сұлулық, әм сұлулық .....	98
Жеке шумақтар .....	99
«Ғашық ессіз...» .....	100
Мен – адаммын .....	101
Қайымдар .....	101
Сорлы бет .....	102
Қыздарымның есімі .....	102
«Жүректе қыл бар ма...» .....	103
Ұлы дала қыраны – Нұркен батыр .....	104
Өмір өтпелі .....	105
Мәди ағам қайтқан күн .....	106
Шыбын жан .....	107
Алақай-ау, алақай .....	108
Жол тосқан күн .....	109
Періштем, Айару .....	109
Ауыл жайы осындаі .....	110
Он жас сандығы .....	111
Сәлем .....	113
Қарқаралы қазылық .....	114
Шайтанкөл .....	115
Нұра өзені – ермін ғой .....	116
Ол ғажайып дәрігер .....	117
Шешейдің қайым әндерінен .....	119
Әз халқымен қоштасу .....	120

### Ән өлеңдері

Ана үміті .....	123
Нұрадай мәлдірім .....	124
Қызығалдағым .....	125
Қарқаралы жыр бағым .....	126
Арай сенсің сәулелі .....	127
Жас қыршын – тас мүсін .....	128

---

Біз қазақпыз – алышпыш .....	128
Қарқаралыға сағыныш .....	129
Қарағандым сымбаттым .....	131
Немерем-ай, періштем .....	132
Көктемде .....	133
<b>Поэма</b>	
Дүлей мен үрей .....	134



**Ерғазы ЖАЗЫҚБАЕВ**

# **ҚАРҚАРАЛЫ – ЖЫР БАҒЫМ**

*(Өлеңдер мен поэма)*

Кітапты баспаға әзірлекен  
Қазақстан Жазушылар  
одағының мүшесі  
**Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ.**

Басуға 22.09.2022 ж. қол қойылды  
Пішімі 60x84 1/16  
Каріп түрі Taims New Roman  
Қағазы оффсеттік. Көлемі ... баспа табак.  
Тапсырыс №26952  
Таралымы 200 дана.

«TENGRI Ltd» ЖШС, баспаханасында басылды.  
100022, Караганды қ., Бұқар жырау д-ы, 84  
Тел.: 8(7212)434954  
Ұялы : 8 702 222 30 22, 8 700 222 30 22  
E-mail: [tootengri@mail.ru](mailto:tootengri@mail.ru)

*Тапсырыс берушінің электрондық файлдарынан басылды.*

